



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖУРНАЛЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ЖУРНАЛ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА
KAZAKHSTAN JOURNAL OF INTERNATIONAL LAW

Научно-теоретический и информационно-практический журнал

№2
(71)

Журнал издается с 03.02.2000г., выходит ежеквартально.

*Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации, выданное
Министерством культуры и информации Республики Казахстан
№ 15701-Ж от 24 ноября 2015 г.
(свидетельство первичной постановки на учет № 1073-Ж, 03.02.2000г.)*

Редакционный совет:

*Председатель – доктор юридических наук, профессор **Жалаири О.Ш.** (Алматы)*

Члены Редакционного совета:

*доктор юридических наук, профессор **Айтхожин К.К.**; доктор юридических наук,
профессор **Сарсембаев М.А.** (Астана); доктор юридических наук, профессор
Мауленов К.С.; (Алматы); доктор юридических наук, профессор **Мацкевич И.М.**
(Москва); доктор юридических наук, профессор **Шумилов В.М.** (Москва)*

Редакционная коллегия:

*Главный редактор – доктор юридических наук **Алибаева Г.А.***

Члены Редакционной коллегии:

*доктор юридических наук, доцент **Сабитова А.А.**; кандидат юридических наук
Толкумбекова Н.О.; кандидат юридических наук **Кудайбергенов М.Б.**, кандидат
юридических наук, доцент **Әбділда Д.Ә.***

СОБСТВЕННИК:

*Учреждение «Евразийская юридическая академия им.Д.А.Кунаева»
(город Алматы)*

Адрес редакции:

*Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Курмангазы, 107
Телефон: 8 (727) 292-98-77, 350-78-88*

e-mail: nauka_kunaev@mail.ru



СОДЕРЖАНИЕ

Абдирай А.С. Жазбаша дәлелдемелер	5
Абдуллин А.Н. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының теориялық негізі	8
Адильчин К.Б. Азаматтық істердің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылуының кейбір проблемалары	14
Аманбаев Д.А. Общая характеристика законодательных новелл в сфере борьбы с незаконным оборотом наркотиков в Республике Казахстан	19
Аманкулов А. Основания привлечения к уголовной ответственности физических лиц за совершение международных преступлений	24
Базар Е.Ә. Международные стандарты и принципы в деятельности адвоката-защитника	26
Бейсембаева М.М. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарын дамытудың негізгі үрдістері	32
Бейсенов М. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық режимі	38
Бейсеналиұлы Е. Мемлекеттік билікті бөлу қағидасының тарихы және түсінігі	43
Бекбол Ш. Ответственность и наказание за экологические уголовные правонарушения	46
Болат Д. Зайырлы мемлекеттің түсінігі және табиғаты	51
Жангирова А.М. История развития института назначения наказания в отечественном уголовном законодательстве	55
Жолдыбек Ж.Ж. Адам мен азамат құқықтарының халықаралық құжаттарда орын табу сауалдары	60
Жумабаева А. Демографиялық үрдістердің мемлекет функциясының объектісі ретіндегі рөлі	64
Жумагулова Ә.О. Парламенттік бақылаудың заңи және саяси сипатта көрініс табуы	72
Журсиналиев О. Шетелдік заңнамалар бойынша дәлелдемелерге жол беру институты	78
Жылқыбеков С. Мұраның ашылуы уақыты және ашылу орны	81
Исапов Р.А. Общее положение методики криминалистического исследования следов человека, орудий и механизмов	86
Искаков А.Қ. Объект незаконного распространения наркотических средств или психотропных веществ	92
Исмагулова А.Е. Талап қою өндірісінің құқықтық табиғатын анықтаудың кейбір мәселелері	98
Касымхан Т. Характеристика субъективной стороны торговли людьми	100
Кенесбаев Е.Т. Опыт и практика зарубежных стран по обеспечению безопасности лиц, участвующих в уголовном процессе	102
Көпбаев Н.Н. Материалдық жауаптылық кезінде келтірілген зиянды анықтау және оны төлеудің тәртібі	108
Мәлік А. Авторлық және сабақтас құқықтар мәселелері	112

Мусина А.К. Сущность обеспечения исков и применение в судебной практике	114
Мукашева Г.М. Сот шешімдерін орындаудың балама түрі ретінде атқарушылық іс жүргізудің жүйесі	118
Мухаметов А.Е. Криминологические аспекты организованной преступности	122
Мұхаметжан Е.Е. Кәмелетке толмаған қылмыскердің тұлғасы және кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресудің криминологиялық мәселелері	134
Нурғалиев А. Қазақ әдет құқығындағы некеге тұрудың тәртіптері	140
Нурмагамбетов С.С. Соотношение моральной и юридической ответственности государственных служащих	145
Садыхан А.Б. Ежелгі түркі өркениеті мен дәстүрлі қазақ қоғамының құқық жүйесінің қалыптасуының тарихи кезендері мен сабақтастығы мәселелері	150
Самсыбаева А. Халықаралық нормалар мен қағидаттарды бекіту нысаны туралы мәселелер	159
Сарсебай Р.Н. Ұйымдасқан қылмыстылық ұғымы-теория мен тәжірибедегі пайда болуы мен даму тарихы	162
Сейбеков С.Н. Организация расследования преступлений: правовые, управленческие и криминалистические аспекты	170
Серик А.С. Шет мемлекеттердің заңнамалары бойынша ұйымдасқан қылмыстың анықтамасы	176
Толен Е.Т. Сотталғандардың жеке құқықтарын шектеуді реттейтін кейбір халықаралық құқықтық актілердің сипаттамасы	179
Тулегенов Б.М. Обстоятельства, подлежащие установлению по делам о мошенничестве в сфере жилищных отношений	181
Шегемов Ж.Ш. Правовой статус представителей работодателей и работников	186

Абдирай А.С.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты

ЖАЗБАША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

Бұл мақалада автор азаматтық іс жүргізудегі жазбаша дәлелдемелерді қолданудың кейбір проблемаларын қарастырған.

Кілт сөздер: жазбаша дәлелдеме, құжаттар, түпнұсқа, көшірме.

Жазбаша дәлелдемелерге: құжаттар, жеке сипаттағы хаттар жатады. Бұлардың іс үшін маңызы бар. Жазбаша дәлелдемелер – адамның ойын, деректі мәліметтерді кез келген затқа белгімен жазу (қағазға, ағашқа, тасқа, металға, әйнеке және т.б.). Осылардың ішіндегі жазбаша дәлелдемеге ең жақыны талап деректері туралы мәліметтердің қағазға түсірілуі. Мәліметті затта жазылған мәтінді оқу арқылы алады. Ақпарат әртүрлі тәсілмен жазылуы мүмкін (қарындашпен, бояумен, күйдіру, ойып жазу және т.б.), белгілер, әріптер, ноталар, суреттер, карталар, символдар, иероглифтер.

Жазбаша дәлелдемелерді тараптардың және үшінші тұлғаның және сарапшы қорытындысының жазбаша түрде баяндауынан ажырата білу керек.

Жазбаша дәлелдемелер белгілері бойынша былай жіктеледі:

- мазмұны бойынша;
- құрылған субъекті бойынша;
- нысаны бойынша;
- пайда болу түрі бойынша.

Жазбаша дәлелдемелер мазмұны бойынша екі түрге бөлінеді:

- реттеуші;
- мәлімет беруші.

Реттеуші жазбаша дәлелдемелер – бұл дәлелдемелердің еркін билік түрі. Оларға:

- А) нормативтік түрге жатпайтын мемлекеттік органдарының актілері;
- Ә) заңды тұлғалардың актілері (өздері шығарған);
- Б) мәміле, тараптармен жазбаша түрде рәсімделген келісім-шарт.

Құрылған субъекті бойынша жазбаша дәлелдемелер екіге бөлінеді:

- ресми;
- ресми емес [1, 35б.].

Ресми жазбаша дәлелдемелер – бұл мемлекеттік органдармен құрылған, қабылданған құқықтар, сонымен қатар билік түрде құқықтық ұйымдастырушылық әр түрлі заңды тұлғалармен шығарған және қабылданған құжаттар. Оларға, мысалы, азаматтық хал жағдайлардың актілері, органдардың куәлігі, органдарды тіркеу, ішкі еңбек тәртібінің жарғылары жатады.

Ресми емес жазбаша дәлелдемелер – бұл дәлелдемеге азаматтардың өздері дайындаған, өздері құрған құжаттары жатады (мысалы, хаттар, күнделіктер, қолжазбалар, техникалық құралдарды пайдалану).

Нысаны бойынша жазбаша дәлелдемелер екіге бөлінеді:

- жай;

-білікті, тәжірибелі, арнаулы.

Жай жазбаша дәлелдемелер – арнай ресімдеуді талап етпейтін дәлелдемелер (ресми түрге жатпайтын жолдаулар, жеке хаттар).

Арнаулы жазбаша дәлелдемелер белгілі бір заң түрінде құралған дәлелдемелер (нотариуспен куәландырған, органға сәйкес жазбаша құжаттар).

Пайда болу түрі бойынша жазбаша дәлелдемелер екіге бөлінеді:

-түпнұсқа;

-көшірме.

Жазбаша дәлелдемелердің көшірмелері әр түрлі тәсілдермен жасалады: көшірмені көшіру, суретке түсіру, түпнұсқаны қолмен көшіру [2].

Жазбаша дәлелдемелерді іске қатысушы тараптар мен басқа тұлғалардың, сонымен бірге соттың талап өтінішімен ұсынылуы мүмкін. Жазбаша дәлелдемелерді азаматтардан немесе заңды тұлғалардан сот талап етсе, бұл жазбаша дәлелдемелер сотқа ұсынылады.

Жазбаша дәлелдемелер әдетте түпнұсқа күйінде беріледі, егер құжаттың көшірмесі берілсе, сот қажет болған жағдайда сот түпнұсқаны талап етуге құқылы.

Жазбаша дәлелдемелерді сотқа беру қиын болған ретте сот тиісінше куәландырылған көшірмелерді және үзінділерді беруді талап ете алады. Сонымен қатар жазбаша дәлелдемелерді сақталып қойған жерде қарай алады және зерттей алады.

Түпнұсқа жазба дәлелдемелер, сондай-ақ істегі жеке хаттар оларды табыс еткен тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оларға қайтарылуы мүмкін. Бұл орайда істе жазбаша дәлелдемелердің судья куәландырған көшірмесі қалады. Жазбаша дәлелдемелер соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін, егер сот мүмкін деп тапса, оларды табыс еткен тұлғаларға қайтарылуы мүмкін.

Сот жазбаша дәлелдемелерді бағалудың жалпы ережелері бойынша бағалайды. Осылайша жазбаша дәлелдемелерді ресми бағалау барысында құжаттың білікті органнан шыққанын өкілетті, лауазымды тұлғалардың қолдарының қойылғанына көзі жетуі керек және тексеруге міндетті.

Сот жазбаша дәлелдемелердің көшірмесін бағалаған жағдайда мынандай жайттарды ескеру керек: көшірмені көшіргенде түпнұсқаны бұрмалау, қандай жағдайда көшірменің көшірілгені, көшірмені көшіру процесінің кепілдігі және бастапқы ақпарат көздерімен салыстыру.

Жазбаша дәлелдемелерді тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар тапсыруы, сондай-ақ олардың өтініші бойынша, сот талап етуі мүмкін. Егер құжаттарда ұйымдар, лауазымды адамдар баяндаған немесе куәландырған мәліметтер азаматтық іс үшін маңызы болса дәлелдемелер болып табылады. Құжаттарға соның ішінде осы Кодекстің 66 бабында көзделген тәртіппен алынған, талап етілген немесе табыс етілген компьютерлік хабарламаны қамтитын материалдар фото және кино түсірілімдер, дыбыс және бейне жазбалар да жатады.

Соттың алдында іске қатысатын немесе қатыспайтын тұлғалардан жазбаша дәлелдемелер талап ету туралы өтініш жасайтын тұлға осы дәлелдемені көрсетуге, оларды өз бетінше алуға кедергі болатын себептерді, осы дәлелдемелерді сол тұлғаларда деп санайтын негіздерін көрсетуге тиіс.

ҚР АПК-нің 100-бабына сәйкес іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар жазбаша дәлелдемелер болып табылады [3].

Жазбаша дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да адамдар ұсынуы, сондай-ақ олардың өтініші бойынша сот талап етіп алдыруы мүмкін.

Сот талап еткен жазбаша дәлелдемелерді беруге немесе оны сот белгілеген мерзімде беруге мүмкіндігі жоқ тұлғалар, бұл туралы сот талабының орындалмау себептерін көрсете отырып, сотқа хабарлауға міндетті.

Соттың азаматтардан және заңды тұлғалардан талап ететін жазбаша дәлелдемелері тікелей сотқа жіберіледі. Сот жазбаша дәлелдемені талап ету туралы өтінішхат берген тұлғаға одан кейін сотқа ұсынуы үшін оны алу құқығын беретін сұрау салуды бере алады.

Жазбаша дәлелдемелер, әдетте, төлнұсқада ұсынылады. Егер құжаттың көшірмесі ұсынылған болса, сот қажет болған жағдайда заң нормасына сәйкес төлнұсқаны ұсынуды талап етуге құқылы.

Жазбаша дәлелдеменің төлнұсқасын сотқа ұсыну қиын болған кезде сот осы құжаттың тиісті түрде куәландырылған көшірмелері мен үзінділерін ұсынуды талап етуі немесе басқа да жазбаша дәлелдемелерді олардың сақталатын жерінде қарап-тексеру мен зерттеу жүргізуі мүмкін.

Электрондық құжаттар немесе олардың көшірмелері нысанындағы дәлелдемелер «электрондық құжаттың көшірмесі» деген міндетті белгісі бар және оның электрондық цифрлық қолтаңбасын тексеру рәсімінің нәтижелері көрсетілген, оларды ұсынған адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады. Көрсетілген дәлелдемелер, Қазақстан Республикасының заңнамасы электрондық құжатты ғана пайдалануға жол бермейтін жағдайларды қоспағанда, төлнұсқадағы жазаша құжаттарға тең болады.

Жоғарыда аталған Кодекстің 101-бабы жазбаша дәлелдемелерді қайтару мәселесін реттейді, яғни жазбаша дәлелдемелердің төлнұсқалары, сондай-ақ істе бар жеке хаттар оларды ұсынған адамдардың өтініші бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оларға қайтарылады.

Жазбаша дәлелдемелер шешім заңды күшіне енгенге дейін, егер сот оны мүмкін деп тапса, оларды ұсынған адамдарға қайтарылуы мүмкін.

Жазбаша дәлелдеменің төлнұсқасы қайтарылған кезде жазбаша дәлелдеменің судья куәландырған көшірмесі (ксерокөшірмесі) істе қалады.

Материалдық жеткізгіштердегі дәлелдемелер істе сақталады. Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін осы дәлелдемелерді сот өтінішхаты бойынша оларды ұсынған адамға қайтаруы мүмкін. Жазбаның көшірмесі барлық жағдайларда істе қалады.

Іске қатысатын адамның өтінішхаты бойынша оған оның есебінен жасалған жазбаның көшірмесі берілуі мүмкін. Жазбаның көшірмесі алғандығы туралы қолхат алынады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Баймолдина З.Х. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан: проблемы применения и совершенствования. –Алматы, 2006. - 87 с.
- 2 Интернет жүйесі: w.w.w. google.kz
- 3 ҚР Азаматтық процестік кодексі. Жаңа. 01.01.2016. // «Параграф» ақпараттық жүйесі.

Резюме

В данной статье автор рассматривает некоторые проблемы применения письменных доказательств в гражданском судопроизводстве.

Summary

In this article the author considers some problems of application of written proofs in civil proceedings.

УДК № 342.384.052(574)

Абдуллин А.Н.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., аға оқытушы Ш.А.Сұлтанхан

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН
ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

Бұл мақалада құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы, теориялық маңызы мен қағидалары жан-жақты қарастырылып, талқыланады.

Кілт сөздер: мемлекет, құқық, конституционализм, билік, демократия, қоғам, заң, әділдік, гуманизм, заң үстемдігі, теңсіздік

Басбұзарлыққа қарсы тұру, күштеуді шектеу, қоғамдық өмірді барынша тиімді ұйымдастыру құралдарын іздестіру, құқықты биліктік қатынастар нысаны ретінде бекіту барысында ежелгі дәуірден бастап жаңа дәуірге дейінгі ойшылдар құқықтық мемлекет, конституционализм, заң жоғарлығы, азаматтар теңдігі, адам құқықтары мен бостандықтары, демократия, азаматтық қоғам, билікті жіктеу туралы көзқарастар жүйесін қалыптастырады. Құқыққа негізделген, әділдікті жақтайтын мемлекет мәселесі адамзат қауымының саяси қауымдасуы кезеңінен бастап, қазіргі кезеңге дейін алдыңғы қатарлы ойшылдардың, қоғам қайраткерлерінің көкейкесті ойының өзегіне айналды. Құқықтық мемлекет теориясының даму кезеңін үшке бөліп қарастыруға болады: заң үстемдігі мемлекеті, әділ мемлекет туралы ойдың,

идеялардың қалыптасуы; құқықтық мемлекет теориясының тұжырымдалуы: оның мемлекеттік - құқықтық құрылымдарда іске асырылуы.

Гуманизм, демократизм қағидалары, бостандықты, құқық пен заңды бекіту және сақтау түріндегі құқықтық мемлекет теориясының бастаулары Ежелгі Греция, Рим, Үндістан, Қытай мемлекеттері ойшылдары құқықтанушыларының еңбектерінде орын алған. Ежелгі грек ойшылы Сократ әділеттілік әрекеттегі заңдарға бағынудан көрінеді деп санаған. Әділеттілік пен заңдылықтың егіз ұғымдар екендігін дәлелдейді. Қандай да болмасын заң қанша жерден кемшілігі болса да, заңсыздық пен бассыздыққа қарағанда жақсы. Егер азаматтар заңдарды сақтайтын болса өмір сүретін мемлекет күшті де жасампаз болатындығын жариялайды.

Платонның «Мемлекет», «Заңдар» диалогтарында «заңдардың күші болмайтын және біреудің билігінің астында болатын» жерлерде мемлекеттің жойылу қаупі болатындығы көрсетіледі. Оның ойынша «заңдар -билеушілердің билеушісі - ал олар оның құлы болғанда, мемлекет пен оған құдай сыйлайтын барлық құндылықтар құтқарылады» [1, 280 б.].

Платон мемлекетті біртұтас құбылыс ретінде қарастырады, ол философтар мен билеушілерден, әскерилер мен жұмыскерлерден құралады деп санайды. Олардың әрқайсысы өзіне берілген салада полистің қажеттігін қамтамасыз ету үшін бір-біріне кедергі келтірмей қызмет етуі қажет, яғни еңбек бөлінісі танылады. Қоғамның осындай дәрежесі мемлекеттегі үйлесімдікке әкеледі, қоғамдағы еңбектің бөлінуі иделды мемлекет қалыптастырудың негізі болады деп санайды.

Ұлы ойшылдың негізгі көзқарастарына тоқталсақ: олар басым түрде мемлекеттің біртұтастығын негіздеуге арналады. Заң міндеті бір әлеуметтік топқа емес, тұтас мемлекеттің игілігіне қызмет ету. Бостандық жеке адамдарға емес, қоғамға қажет, сондықтан жаппай бостандықты негіздеу керек. Қоғам топқа бөлінуінің себебі – адамдардың табиғи теңсіздігі. Идеалды мемлекетте топтар арасында еңбектің бөлінуі олардың арасында биліктің бөлінуін білдірмейді. Мемлекеттік билік арнайы дайындалған, мемлекетті басқаруда даналыққа қол жеткізген, аристократия табынан шыққан бір қолда болуы қажет. Мемлекеттік әділ заңдар үстемдік еткен жерде ғана болуы мүмкін. Заң қорғаушысы – соттар. Кез - келген мемлекетте соттар тиісті орында болмаса, ондай мемлекет өз билігін жоғалтады.

Құқықтық мемлекет теориясының негізін қалаған ойлар Аристотель еңбектерінде де дамытылады. Аристотель мемлекет діни емес, өзінің өмір сүруінің табиғи негіздеріне сүйінеді деп санайды. Ол жеке тұлғаны, жеке меншікті қорғаушы ретінде танылған. Мемлекетті табиғи дамудың жемісі, адамзат қауымдастығының жоғарғы нысаны ретінде қарастырады. Мемлекеттік билікке, құқыққа және заңға өз көзқарасын білдіре отырып, Аристотель «заң билігі» жоқ жерде қандайда болмасын мемлекеттік құрылым нысанының болмайтындығын таниды [2, 481б.]. Құқық әділеттікке сай деп таниды, заңды мен әділдіктің сәйкестігін уағыздайды. Құқық пен заңның бір еместігін, әділ заңның ғана құқыққа сәйкес келетіндігін бекітеді. Заң шығару саясаттың бөлігі ретінде қарастырылады, заң шығарушы мемлекетке қажетті заңдарды қалыптастыруға тиісті деп санайды. Мемлекетте адамдар емес құқық үстем тұруға тиісті.

Аристотель ойы бойынша саяси құрылымның алуандылығы мемлекеттің ерекшеленген бөліктерден тұратын күрделі организм екендігін көрсетеді. Аристотель

◆ мемлекет құрылымның үш элементін жіктейді: ерікті азаматтардың барлығы қатысуға тиісті «заңдық кеңесу» билігі, үкімет билігі және сот билігі. «Заңды кеңесу» билігі әрекетінің бір саласы жалпыға міндетті акт ретіндегі заңдарды қабылдау деп санады. Әрбір заң, өз негізінде құқықты қарастырады әрі жүйелі құрылған мемлекетте құқық басымдылығы болуы қажет. Заң қабылдаудан басқа биліктің бұл тармағы соғыс жариялау, бітім жасасу, өлім жазасын беру, мүлікті тәркілеу, қуып жіберу туралы мәселелерді шешеді. Мемлекетті ұйымдастыруда заң қабылдайтын ерекше элементті ажырату билік көріністерін әрі қарай жіктеуге негіз болады. Аристотель «кеңесу» билігі ретінде ежелгі грек халық жиналысын қарастырады, бұл қазіргі мемлекеттердің заң шығару органдарын демократиялық дәстүрлерді жалғастырушы ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Римнің қоғамдық қайраткері Цицерон мемлекет «құқық мәселесінде өзара келісім мен мүдде бірлігімен байланысқан көптеген адамдардың жиынтығы» - деп қарастырған. Мемлекет құқықпен өзара қатынаста «жалпы құқық тәртіп» ретінде көрінеді. Құқық негізінде сана мен әділеттілік болады, ол адамдарға табиғатынан тән. Цицерон кейіннен құқықтық мемлекет теориясының негізін қалаған «заң әрекеті кейбір таңдаулы азаматтарға ғана емес, барлық адамдарға таралуы қажет» деген ойдың негізін қалаған.

Құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізін И. Кант қалыптастырып дамытты. Ол мемлекеттің құқыққа сүйенуге қажеттігін негіздеді. Мемлекет құқықтық заңдарға бағынатын көптеген адамдардың бірігіп, онда халық өзі үшін шеше алмаған мәселені заң шығарушының шешуі мүмкін еместігі қағидасы әрекет етеді. Егер мемлекет осы қағидадан, Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтаудан бас тартатын болса, заңдарды қорғауды қамтамасыз етпесе өз азаматтарының құрметі мен сенімінен айрылады. Иммануэл Кант билікті жіктеуді мемлекеттік билік идеясынан логикалық қажеттілікпен шығатын сананың қатаң талабы ретінде қарастырған. Заң шығару, атқару және сот биліктері дербес субъект болса да, жиынтығында бір тұлға – мемлекет құрады. Құқықтық мемлекет қағидасы ретіндегі билікті жіктеу сананың талабы және өмірді практикалық ұйымдастыру мақсаты деп білді. Жақсылықтың және мемлекеттің тағайынды болуы жетілген құқыққа байланысты, мемлекеттің қызметі құқық принциптеріне сай болуы керек – деген ой, И. Кантқа жатады. Халық суверенитетінің принциптеріне сай, негізгі маңыздылықты атқарушы биліктің, заң шығарушыдан айырылғандығына берді және оның қызметін тежейтін принципті белгіледі: халық өзі туралы өзі шешім қабылдай алмайды, заң шығарушы халық жөнінде шешім қабылдай алды. И. Канттың мына ойына құлақ салуға болады: заңның құқыққа сай келуіне байланысты, мемлекет құқыққа мәжбүрлеуге мүмкіндік алады және құқықты өзінің өмір сүруі үшін сақтайды. Р.Фон Моль бірінші рет құқықтық мемлекетке анықтама бере отырып, оны жаңа кейіпті конституцияда бекітілген азаматтарының құқығы және бостандығы бар индивидтердің сот қорғауы қамтамасыз етілген конституциялық мемлекетке жатқызды. Канттың құқықтық мемлекет туралы тұжырымдамасы, саяси-құқықтық ойдың әрі қарай дамуына, өркениетті қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық құрылымның қызметіне маңызды әсер етті.

Феодализмнен капитализмге өту кезеңіндегі өндіргіш күштердің өсуі, қоғамдағы әлеуметтік және саяси қатынастардың өзгеруі мемлекетке жаңа қатынастарды туғызуға мәжбүр етеді және оны қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудағы негізгі ролін көрсетеді. Феодализм ыдырауының алғашқы кезеңдерінегі құқықтық мемлекеттік идеяларды тарихи тұрғысынан сол кездегі прогрессивті оқымыстылар Н.Макиавелли мен Ж.Боден айтқан.

Макиавелли өзінің теориясында, ертедегі және қазіргі көп ғасырлық мемлекеттің өміріндегі тәжірибелердің негізінде, саясаттың принципін түсіндірді, саяси өмірдің дамуындағы қорғаушы күштеді білу арқылы сол уақытқа қажетті идеалды мемлекеттің нұсқасын салуды көздеді [3, 157 б.].

Мемлекеттің мақсаты, заттарды ерікті пайдалануға мүмкіндік жасап әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуінде деп білді. Мемлекеттің нысаны туралы мәселені көтергенде, республика нысанына мейірі түсті. Себебі тек республика нысаны ғана, көп жағдайда теңдік пен бостандықтың талаптарына сай келетін. Бұдан, мемлекетті - көптеген отбасыларды және өзіне қарағандарды құқықтық басқару деп анықтады. Мемлекеттің мақсаты, тек құқық пен бостандықты қамтамасыз ету деп білді.

Буржуазиялық революциялардың кезеңінде құқықтық мемлекет тұжырымдамасының дайындалуына прогрессивті оқымыстылар маңызды үлес қосқан: Г.Гроций, Б.Спиноза, Т.Гоббс, Д.Локк, Ш.Монтескье, Д.Дидро, П.Гольбах, Т.Джефферсон және басқалар. Солардың ішіндегі, құқықтық мемлекет туралы, көбірек маңыздылау, ғылыми теориялық ойлардың мазмұнын талдап көрсетеміз.

Спиноза – демократиялық мемлекеттің теориялық негіздемесін жасауға қатысқан. Оның айтуы бойынша, мемлекеттің күшті болуы әрбір азаматтың өмірін қорғап қана қоймай, мүдделерін де қанағаттандырудың қажет екенін айта келіп, әрбір басқарушылардың жекеменшікті, қауіпсіздікті, ар-ұятты, бостандықты және т.б. жақсы жағдайларды сақтауға міндеттілігін көрсетеді.

Локк – Маркстің айтуы бойынша, буржуазиялық қоғамның құқықтық ойларын, феодалдық қарама-қайшылықтағы классикалық жеткізуші болды.

Мемлекет адамның табиғи құқығын қорғау үшін құрылғандықтан, Локктың ойынша, меншікті құруға және ұйымдастыруға заңдар қабылдайды және ол заңдарды орындауға, сырттан басып кіруді болдырмауға қоғамдық күштерді пайдаланады. Ондай мемлекетте табиғи бөлінбейтін құқықтық меншікті, жеке бостандықты және теңдікті қамтамасыз ететін заң үстемдік етеді.

Құқықтық мемлекеттің жағдайындағы адам бостандығы, Локктың сөзімен: «Заңды өкіметпен белгіленген өзгермейтін бәріне бірдей ережеде, бостандықта, барлық жағдайда заң рұқсат етсе, өзінің тілегенінді жасау және әрдайым белгісіз басқа адамның еркіне тәуелді болмау» [4, 79 б.].

Гессен – құқықтық мемлекетті шығыстың саяси-құқықтық орнықты көзқарасына сүйеніп анықтайды. «Құқықтық мемлекет деп айтатыны – оның ойынша, өз міндеттілігін үкімет ретінде өздері жасаған заңдылық нормаларға, заң шығарушы ретінде мойындамайтынында. Құқықтық мемлекет өзінің қызметінде, өзінің үкіметтік және соттық функцияларын орындау кезінде құқықпен байланысты және тежеледі, құқықтан төмен тұрады, сыртында емес және жоғары да емес».

Сонымен қатар, құқықтық мемлекеттің мазмұндық жағына белгілі түзетулер енгізді. Ол заң шығарудағы тәуелсіздікті жақтаған. Оның ойынша, мемлекет әдет-ғұрыппен және заң шығару құқығымен қатынасы жоқ, себебі «өзгермейтін» әдет-ғұрып және заң жоқ. Шын мәнісінде заң шығарушы өкімет, заңмен тежелмеуі қажет. Бұл идеалда принципалды іс-әрекеттің мәні жатыр: заңдар қоғамның өсу деңгейіне сай болуы міндетті, өзгеру үстіндегі экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да қоғам өмірінің жағдайларын көрсетуі керек, оның дамуындағы объективтік қажеттілікке жауап беруі қажет.

Құқықтық мемлекеттің көпғасырлық тәжірибесін, теориясы мен жұмысын, өктемдікпен жоққа шығару және ғылыми жағынан қабылдамау инерциясы қоғам өмірінде экономикалық-әлеуметтік, мәдени, рухани жеке ұлттық қақтығысуларды туғызды.

Құқықтық мемлекеттің мазмұны: Құқықтық мемлекет деп демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі тең саналатын, жеке адамның құқығы жан-жақты қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылысты атайды. Заң үстемдігінің мызғымастығы елдің Конституциясында бекітіліп, басқа заңдар мен ережелік актілерге таралады. Заң халықтың еркін білдіреді және адамдар, мемлекеттік органдар мен мекемелер орындауға міндетті. Мұнда мемлекет пен азаматтар екі жақты өзара жауаптылықта болады [5, 124 б.].

Құқықтық мемлекеттің мазмұнының негізгі талаптары:

1) Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес ескіріп, жаңарып жататын көп қырлы құбылыс. Бұл мемлекетте адамның толық егеменді болуы қажет, олардың мемлекеттің билік жүргізетін органдарын құруға қатысуы заңды түрде бекітілуі керек.

2) Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі – өндіргіш күш пен өндірістік қатынас және көп меншіктік шаруашылық арқылы дамуы. Құқықтық мемлекетте меншіктіңбасым көпшілігі- өндіргіші мен тұтынушылық билігінде болуы қажет . Бұл билік шаруашылықтың жақсы, сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін оларға толық бостандық беруі керек. Сонда ғана қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайларын көтеруге, нығайтуға болады.

3) Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі – өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғамда адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жақсы еңбектенуіне, дұрыс жұмыс жасауына мүмкіншілік беру. Қоғамның әлеуметтік жағдайының жақсаруы құқықтық мемлекеттің нығаюы. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық мемлекет, сонымен бірге, әлеуметтік мемлекет.

4) Құқықтық мемлекеттің моральдық негізі – гуманизм, әділеттік, бостандық, теңдік, адамдардың қадір-қасиетінің, ар-намысының деңгейі. Осы жоғарғы дәрежедегі принциптер болса, құқықтық мемлекет болады. Өйткені мұндай қоғамда адамдардың рухани сана-сезімі де жоғары дәрежеде болады.

5) Құқықтық мемлекеттің саяси негізі – халықтың ұлттық тәуелсіздігін қалыптастырып, қоғамдық билікті жан-жақты дамытып, адамдардың бостандығын, теңдігін қорғап, әділеттілікті, демократияны орнату, қарым-қатынастарды реттеп-басқару.

Міне, қоғамның осы негіздеріне сүйене отырып, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік қалыптасады.

Құқықтық мемлекеттің белгілері:

- мемлекеттік билікті үш түрге бөлу, олардың ара қатынасын қатаң сақтау;
- азаматтық қоғамның қалыптасуы;
- қоғамда жоғары дәрежеде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, адамдардың рухани сана-сезімінің жақсы дамуы;
- мемлекеттік аппараттың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың, өмірдегі қарым-қатынастарда өзара жауаптылығы;
- қоғамның экономикалық, әлеуметтік бағытында әділеттілікті, теңдікті қамтамасыз ету үшін антимонополиялық органдардың қызметін қатаң бақылау;
- қоғамның ішкі құқық нормалары мен халықаралық құқықтың өзара қатынасын бақылап, жақсартып отыру;
- қоғамда заңның үстемділігін орнату, азаматтық қоғамды қалыптастыру. Адамдар «заңның құлы» болмайынша құқықтық тәртіп те, демократия да жақсы дамуға тиіс емес. Бұл туралы өмір тәжірибесінен қалыптасқан мынадай өсиет сөз бар: Заң – мемлекеттің ақысы. Сот – мемлекеттің жүрегі. Мәдениет – мемлекеттің тәртібі.

Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары (принциптері):

Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары адамзат тарихын мың жылдық дамуы барысында саяси-құқықтық ой-пікірде біртіндеп, эволюциялық жолмен қалыптасты. Олардың пайда болуларының ең негізгі себебі – жалпы адамның табиғатына жат бассыздық пен заңсыздыққа тосқауыл қою және деспотизммен бір адамның мемлекеттегі шексіз билігін тежеу қажеттігі болды. Бұл жалпы адам табиғатының сұранысы, бостандық, теңдік, бақытты өмір сүруге ұмтылудың негізгі талаптарының бірі. Құқықтық мемлекет ғасырлар бойы қалыптасқан гуманистік ой-сананы, прогрессивтік құқықтық идеялардың қортындылаудың нәтижесінде арнайы қағидаларды қалыптастырады. Сол қағидалар үстемдік еткен мемлекетте ғана құқықтық мемлекет орнайды. Қазіргі заң әдебиетінде құқықтық мемлекеттің қағидаларының бөлінуін, олардың қанша екенін әр зерттеуші өздерінің тараптарынан баға беруде. Осы күнге дейін қалыптасқан қағидаларға баға беріп, таладу жасап қарасақ, мынандай түрлерге бөліп қарауға болады:

Құқықтық мемлекеттің негізі – конституциясы. Онда мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық принциптері көрсетілген. Конституция қоғамның жалпы құқықтық моделін көрсетеді, барлық ағымдағы заңдар соған сәйкес келуі міндетті. Мемлекеттің ешқандай құқықтық актілері конституцияға қарсы келмейді. Конституцияның артықшылығы - құқықтық мемлекеттің бөлінбейтін бөлігі. Сондықтан құқықтық мемлекет – конституциялық мемлекет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран.- М.: Юрист, 2009. – 260 с.
- 2 Баглай М.В., Габричидзе Б.Н. «Конституционное право Российской Федерации». Учебник. - М.: «Новый юрист». 2007. - 355 с.
- 3 Платон. Сочинения в 3 томах. Т.1. -М.: 1968. -341 с.

- 4 Аристотель. Политика. Соч. в 4 томах. Т.4.- М.: 1983. -525 с.
- 5 Ғ. Сапарғалиев, А. Ибраева «Мемлекет және құқық теориясы»: оқу құралы.- Алматы, өңделген толық нұсқасы Астана. 2014 ж.- 288 бет.

Резюме

В данной статье рассматриваются и обсуждаются вопросы формирования и развития правового государства, теоретическое значение и принципы.

Summary

This article discusses and discusses the formation and development of the rule of law, theoretical significance and principles.

УДК 347.98

Адильчин К.Б.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ СОТТЫЛЫҒЫНА ЖАТҚЫЗЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Мақалада автор Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер бойынша соттылығын анықтаумен байланысты кейбір мәселелерді анықтауға тырысқан.

Кілт сөздер: соттылық, бірінші инстанция, азаматтық істер, соттар.

Қазіргі уақытта тектік соттылығы бойынша жалпы юрисдикция соттары арасындағы құзыреттерді шектеу соттардың деңгейі бойынша - үш буындағы соттар арасында, сондай-ақ жалпы азаматтық және әскери соттар арасындағы соттар түрі бойынша жүргізіледі. Ол істің өзінің түрі бойынша анықталады және оның материалдық-құқықтық сипаттамасына байланысты болады (істің сипаты қандай, тараптар кім). Кейде ол талап бағасына байланысты болуы мүмкін. Соттылықты тектік белгісі бойынша сипаттау кезінде ҚР Жоғарғы Сотының соттылығына ерекше назар аудару керек.

ҚР Жоғарғы Сотының соттылығын анықтау процесінің өзіндік тарихы бар. Мәселен, 1963 ж. ҚазКСР АІЖК бойынша ҚР Жоғарғы Сотының соттылығы нақты анықталмады [1]. ҚазКСР АІЖК 116-бабында аталған сот ҚазКСР кез келген соттан кез келген істі алуға және бірінші сатыдағы сот ретінде өзінің іс жүргізуіне қабылдауға

құқылы екендігі туралы ереже берілген. Мұндай ереже, алайда, 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлігі 3-тармақшасына [2] қайшы келді, бірақ бұған қарамастан 1999 жылы жаңа ҚР АІЖК-сі [3] қабылданғанға дейін сақталып қалды. Ал облыстық, Алма-ата қалалық сотына қатысты дәл осындай норманы қарастыратын ҚазКСР 115-бабы адам мен азаматтың құқықтарына қысым көрсетуші норма ретінде конституцияға қайшы деп танылды. Бұл туралы «Қазақ КСР-сы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы Маңғыстау облыстық сотының өтініші (ұсынысы) туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2 Қаулысында айтылған болатын [4]. ҚазКСР АІЖК 115-бабының редакциясы 1997 жылғы 24 ақпанда қабылданған заңға өзгертулер енгізу жолымен өзгертілді. Ал ҚР Жоғарғы Сотының соттылығы қатысты мәселе 1999 жылы 13 шілдедегі ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 29-бабының нормаларымен шешілген болатын. ҚР жаңа Конституциясының қолданылуы жағдайында ҚР Жоғарғы Сотының соттылығы бұрынғыдай ҚР Жоғарғы Сотының өз қалауы бойынша кез келген істі қарауына алуын шектей отырып, істердің айрықша маңыздылығына қарай белгілі санаттағы істердің тізімін көрсету арқылы анықталуы заңмен анықталуы тиіс болды.

Сондай-ақ ҚР Жоғарғы Сотының соттылығына белгілі бір санаттағы істерді жатқызу қажеттілігіне соттардың пәндік құзыретінің айтарлықтай кеңеюі себепші болды, соның нәтижесінде жоғарғы сот инстанциясының қарауын қажет ететін қоғамдық және мемлекеттік маңызы айрықша маңыздылыққа ие істер ведомстволық бағыныстылығына жатқызылды.

Бұл процесті реттеу ең алдымен тиісті нормаларды ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне енгізу жолымен жүзеге асырылды, кейнінен барып қана жекелеген заңдарға енгізу арқылы жалғасты «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына [5] және басқа да заңдарда көрсетілді). ҚР АІЖК-нің 29-бабының жаңалығы ҚР Жоғарғы Сотының соттылығын анықтау процесін жалғастырды. Мәселен, жаңа мәтін, біріншіден, ҚР Жоғарғы Сотының ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне дау айту туралы істерді бірінші сатыдағы сот ретінде қарау жөніндегі қалыптасқан тәжірибесін ескерді, енді бұл істер оның соттылығына жатқызылды, екіншіден, ҚР жаңа АІЖК министрліктердің, өзгеде республикалық атқару органдарының және ҚР Президентіне тікелей бағынатын, есеп беретін органдардың нормативтік құқықтық актілеріне дау айту туралы істерді жалпы юрисдикция соттарының ведомстволық бағыныстылығына жатқызу туралы ұсыныстарды ескерді. Бұл ұсыныстар «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның жобасында қамтылған болатын. Аталған істердің маңыздылығын ескере отырып, олар ҚР Жоғарғы Сотының қарауына берілді. Нәтижесінде, ҚР жаңа АІЖК-де ҚР Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылған азаматтық істер нақты анықталды, сонымен қатар, ол тым ауқымды болды. Бұл ҚР Жоғарғы Сотының құзыретіне жататын тектік соттылығы бойынша іс шеңберін шектемейтіндіктен да туындады. Атап айтқанда, 29-баптың 2-бөлігінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес басқа да істер жатқызылуы мүмкін деп айтылған.

Сонымен қатар жаңа ҚР АІЖК-нің 29-бабымен қарастырылған жаңалықтардың бірі Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының республикалық референдумды, Қазақстан Республикасы Президентін және Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын сайлауды дайындау және өткізу бойынша шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы істерді бірінші инстанция соты ретінде қарау құзыреті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылды. Бұрын бұл ереже мұндай істерді аудандық соттардың соттауына жатқызған болатын.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 227-IV Заңына [6] сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен бірінші инстанция ретінде соттылығына жатқызылған істердің барлығы алынып тасталған болатын.

Ал ҚР АІЖК-нің 272-бабында мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, лауазымды адамдардың шешімімен, әрекетімен (немесе әрекетсіздігімен) сайлау немесе сайлану, сайлауға, референдумға қатысу құқығы бұзылды деп санайтын азамат, қоғамдық бірлестік, сайлау комиссиясының мүшесі ҚР АІЖК-нің 3-тарауы мен басқа да заңдарда белгіленген соттылық бойынша сотқа жазбаша нысандағы не электрондық құжат нысанындағы арызбен жүгінуге құқылы деп көрсетілген болатын [3], алайда аталған істердің тектік соттылығы туралы нақты нормалардың Азаматтық іс жүргізу кодексінде қамтылмаған. Сонымен қатар айта кететін жағдай жоғарыда аталған өзгерістерге сәйкес ҚР АІЖК-нің 27-бабында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 59-бабының 8-тармағында және 66-бабының 3-тармағында, сондай-ақ «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 13-бабының 5-тармағында көзделген істерді қоспағанда, азаматтық істер аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарда қаралып, шешіледі» [3] деген ереже пайда болды. Аталған өзгерістер нәтижесінде жоғарыда аталған санаттағы істерді қарайтын бірде бір жалпы юрисдикциялық сот қалмады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасын әзірлеу кезінде ҚР Жоғарғы Сотына істерді бірінші саты бойынша қарау құқығынан айыру ұсынылды. Алайда, көріп отырғанымыздай, аталған Заң ҚР Жоғарғы Соты істерді бірінші сатыдағы сот ретінде қарайтын жағдайларды белгіледі (17-бап) [5].

Алайда, ҚР Конституциясының 81-бабыда оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде жоғарыда аталған ережені сақтап қалды. Аталған баптың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады[2].

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процестік кодексі [7] жоғарыда аталған кемшіліктердің орнын толтырды. Аталған ҚР АПК-нің 28-бабында ҚР Жоғарғы Сотына істерді бірінші саты

бойынша қарау құқығы қайта қалыпына келтірілді, бірақ алдыңғы 1999 жылғы ҚР АЖК-нің бастапқы мәтініне қарағанда, кейбір елеулі өзгерістер енгізе отырып жүргізілді. Атап айтқанда енді ҚР Жоғарғы Сотына бірінші сатыдағы сотта істі қарау тәртібімен екі санаттағы істерді қарау құзыреті берілді:

1) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Референдумның орталық комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істерді;

2) бір тарапы ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді [7].

Осы арқылы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңының 9–тарауында [8] қарастырылған азаматтарының референдумға қатысу құқығы мен сайлау құқықтарының негізгі кепілдіктері қамтамасыз етілді.

Байқап отырғанымыздай, ҚР Жоғарғы Сотына жаңа санаттағы істерді қарау құзыреті берілген. Атап айтқанда бір тарабы ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар қарауға құқылы. Әрине бұл норма енгізу Қазақстан Республикасының аумағына инвестициялар тарту мақсатында, сонымен қатар Қазақстан аумағында жұмыс жасап жатқан, жұмыс жасағысы келетін инвесторларға мемлекет тарапынан берілетін кепілдікті жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан жасалған қадам.

Енді осы жердегі «инвестиция», «ірі инвестор», «инвестициялық даулар» ұғымдарына тоқтала кетсек, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 274-бабына сәйкес [9] лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) инвестициялар болып табылады. Ал ірі инвестор деп Қазақстан Республикасында айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға түсініледі.

Осы аталған ҚР Кәсіпкерлік кодекстің 296-бабында «инвестициялық дау» ұғымы ашылған, сонымен қатар онда осы инвестициялық дауды шешу жолдары қарастырылған. Атап айтқанда инвестициялық дау бұл инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар, оның ішінде ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау [9].

Сонымен ҚР Жоғарғы Сотының соттылығын анықтайтын нормаларды талдау көрсеткендей, ҚР Жоғарғы Сотының соттылығына қоғам мен мемлекет үшін айрықша мәні, қатысушы тұлғалар құрамы ерекше істер санаты жатқызылғандығын байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Гражданский процессуальный кодекс Казахской ССР /Утвержден законом Казахской ССР от 28 декабря 1963 года. Утратил силу - Законом РК от 13 июля 1999 г. № 412 ~Z990412//http://adilet.zan.kz/rus/docs/K630002000_
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы/Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі//Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 411 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексімен//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000411_#z311
- 4 Қазақ КСР-сы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы Маңғыстау облыстық сотының өтініші (ұсынысы) туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2 Қаулысы//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S9700001_2_
- 5 «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы//
- 6 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 227-IV Заңы//
- 7 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі / Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z28>
- 8 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_/z952464_.htm
- 9 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

Резюме

В данной статье автор рассматривает некоторые вопросы подсудности гражданских дел Верховному Суду Республики Казахстан.

Summary

In this article the author considered some questions of jurisdiction of civil cases to the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan.

Аманбаев Д.А.
магистрант Евразийской юридической
академии им.Д.А.Кунаева
научный руководитель
к.ю.н, доцент
Абдрахманов С.Т.

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ НОВЕЛЛ В СФЕРЕ БОРЬБЫ С НЕЗАКОННЫМ ОБОРОТОМ НАРКОТИКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассматриваются вопросы стратегии и тактики противодействия наркопреступности в Казахстане, проблемы совершенствования уголовно-правовых норм об ответственности за незаконный оборот наркотиков: изготовление, переработку, приобретение, хранение, перевозку, пересылку либо сбыт наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров (ст. 296 и 297 УК РК).

Ключевые слова: уголовная политика; незаконный оборот наркотиков; потребители и распространители наркотиков; уголовные проступки; уголовное наказание.

Защита здоровья населения Казахстана от преступных посягательств должна обеспечиваться достаточно эффективными уголовно-правовыми средствами, которые необходимо постоянно совершенствовать с учетом происходящих изменений в социально-политической жизни современного государства и общества. Реформа уголовного законодательства, осуществляемая в соответствии с Концепцией правовой политики государства на период с 2010 до 2020 года, направлена на реализацию основных идей и правовых принципов Конституции Республики Казахстан в сфере обеспечения прав и свобод человека и гражданина. В этом важном документе определены стратегические направления дальнейшего развития уголовного законодательства, которые должны осуществляться с учетом двухвекторности уголовной политики. С одной стороны, это гуманизация законодательства, которая должна касаться главным образом лиц, впервые совершивших преступления небольшой и средней тяжести, а также социально уязвимых групп населения. С другой — это жесткая уголовная политика в отношении лиц, виновных в совершении тяжких и особо тяжких преступлений, скрывающихся от уголовного преследования, а также при рецидиве преступлений. Речь идет не только о декриминализации деяний, но и об обратном процессе — криминализации определенных видов правонарушений [1].

В рамках реализации данного концептуального положения разработаны и приняты в новой редакции Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы, Кодекс об административных правонарушениях, которые вступили в законную силу с 1 января 2015 г. Правовые новеллы, предусмотренные в названных кодифицированных законах, без сомнения, в значительной мере способствуют повышению эффективности правовой политики государства,

◆
дальнейшему укреплению законности и справедливости, защите конституционных прав, свобод и законных интересов граждан.

В новом Уголовном кодексе Республики Казахстан впервые предусмотрена двухзвенная система уголовных правонарушений, состоящая из преступлений и уголовных проступков (последние по степени общественной опасности и наказуемости находятся на «стыке» административного правонарушения и преступления). Под уголовным проступком понимается общественно опасное виновное деяние, совершенное в форме действия либо бездействия, которое не представляет большой общественной опасности и которым причинен незначительный вред либо создана угроза причинения вреда личности, организации, обществу или государству (ч. 3 ст. 10 УК РК). За его совершение предусмотрено наказание в виде привлечения к общественным работам, штрафа, ареста или исправительных работ, установлены минимальные (один год) сроки давности привлечения к уголовной ответственности (п. 1 ч. 1 ст. 71 УК РК), такое деяние не влечет за собой судимости.

Значимость института уголовного проступка в УК заключается в том, что он дает возможность государству существенно уменьшить количество заключенных в местах лишения свободы, сэкономить средства республиканского бюджета на раскрытие и расследование преступлений, не представляющих большой общественной опасности. Кроме того, в связи с усилением профилактики мелких уголовных правонарушений заметно снизится уровень тяжких и особо тяжких преступлений. Наконец, широкое применение наказаний, не связанных с лишением свободы, даст возможность повысить эффективность профилактики незаконного оборота наркотиков, раннего выявления больных наркологическими расстройствами, а также лечения и социальной реабилитации наркозависимых лиц [1, с. 4].

На необходимость гуманизации уголовного права и процесса уже указывалось [2; 3]. Между тем, на наш взгляд, законодатель не вполне последовательно подошел к данному вопросу. Это видно из перечня деяний, отнесенных к уголовным проступкам.

По состоянию на 1 января 2015 г. в Уголовном кодексе Казахстана предусмотрено 154 уголовных проступка, к числу которых было отнесено два преступления небольшой тяжести, остальные — из Кодекса РК об административных правонарушениях [4, с. 127]. Как нам представляется, перевод административных деликтов в уголовные проступки противоречит принципу гуманизации ответственности виновных ввиду различного характера и степени общественной опасности преступлений небольшой тяжести и административных правонарушений, по этой же причине они не могут включаться в одну общую категорию. Такая ситуация на практике приводит к тому, что теперь лицо за совершение деяния, за которое оно прежде привлекалось к административной ответственности, привлекается к уголовной ответственности, т.е. наказывается более строго.

В этой связи в процессе осуществления правовой реформы наиболее приемлемым решением было бы сохранение в уголовном законе трехчленной классификации деяний: преступления средней тяжести, тяжкие и особо тяжкие преступления, а преступления небольшой тяжести следовало бы перевести в разряд уголовных проступков. Анализ института освобождения от уголовной ответственности

и этапов развития уголовного законодательства свидетельствует об обоснованности постановки такого вопроса [5].

В ходе правовой реформы некоторые изменения и дополнения коснулись также гл. 11 Особенной части УК РК «Уголовные правонарушения против здоровья населения и нравственности». В частности, ответственность за незаконные изготовление, переработку, приобретение, хранение, перевозку наркотических средств, психотропных веществ и их аналогов теперь предусмотрена в отдельных уголовно-правовых нормах (ст. 296 и 297 УК РК). В основу дифференциации уголовной ответственности за перечисленные действия положено наличие или отсутствие у виновного цели сбыта наркотиков, что непосредственно влияет на квалификацию деяния, назначение наказания и применение принудительных мер медицинского характера.

Так, в VI-XII вв. на территории древнего Казахстана основным источником права был обычай, кодифицированный и охраняемый силой государства. Обычное право называлось «Торе». Известно, что самыми серьезными преступлениями считались: государственная измена, прелюбодеяние и убийство, которые наказывались смертной казнью [1]. Правовая система Казахстана была основана на обычном праве (адат). Наиболее ранняя из таких попыток относится к началу XVI в. ко времени правления Касым хана (1511-1523 гг.). Так, одним из первых источников законодательства Казахстана, предусматривавшим нормы уголовного права (уголовный закон, в который входили, в том числе такие нормы, как убийство человека, нападение и т. д.) является кодекс, который известен как «Касымханнын каска жолы» (Истинные установления Касым хана) [2].

Во время правления же хана Есима (начало XVII в.) был разработан новый кодекс, известный как «Есимханнын ески жолы» (древние установления Есим хана). Его принятие происходило одновременно с реформами, которые привели к коренному изменению не только политической системы Казахского государства, но и его уголовного законодательства. Суть заключалась в том, что главенство в политике государства, ранее возглавляющее «торе», сменялось элитой биев и старшин, в результате чего полномочия хана были существенно урезаны [3].

При этом в обычном праве различались следующие виды наказаний:

1. Смертная казнь, которая применялась достаточно редко. К ней приговаривались виновные в убийстве и изнасиловании замужней женщины, однако при согласии с потерпевшей стороной смертная казнь могла быть заменена «куном» («выкупом»), то есть возмещением причиненного вреда лицу, уплачиваемого виновным или его близкими родственниками.

2. Телесные и позорящие наказания применялись за преступления против религии и за отдельные преступления против личности.

3. Кун являлся одним из основных видов наказания, применявшимся в случае совершения убийства или нанесения тяжких телесных повреждений.

4. Айып представлял собой штраф и делился на виды непосредственно по сумме выплат, который назначался за большую часть преступлений против собственности и за ряд преступлений против личности.

5. Выдача виновного стороне потерпевшего применялась в случае нежелания родственников виновного выплачивать кун или айып.

6. Изгнание из общины сопровождалось конфискацией имущества и применялось в случае принятия другой веры или за рецидив преступлений.

Конфискация имущества в обычном праве казахов выступала в качестве дополнительного вида наказания. При этом, как ни странно, конфискация применялась к преступлениям против религии, а не за преступления против собственности [1, с.59].

Обычное право казахов устанавливалось и санкционировалось ханами, султанами, биями и другими представителями феодально-родовой знати для охраны патриархально-феодальных отношений. При этом обычное право не было официально закреплено и кодифицировано в Казахском ханстве. При всем этом оно имело гуманистическое начало и было ярко заметно в применении к правонарушителям мер уголовного наказания. Такой вывод непосредственно вытекает из сравнительного теоретического анализа права казахов с феодальным правом европейских народов и правовой системой азиатского региона. Тем более в то время нормы обычного права, существовавшие у казахов, не содержали санкций, направленных на устрашение масс.

Однако в дальнейшем система уголовно-правового наказания свое приоритетное значение и правовое регламентирование получила в своде законов Тауке хана «Жеті Жарғы». Такое наказание как кун (выкуп), т. е. возмещение причиненного вреда лицу, уплачивалось виновным или его близкими родственниками.

Начиная с XVII в., важным моментом в истории развития не только казахского права, но и всей государственно-правовой политики явилось принятие Тауке ханом «Жеті Жарғы» (семь установлений), называвшимся еще «Уложение хана Тауке» или «Законы хана Тауке», который по своему значению был не только сводом норм обычного права, но и первым опытом создания конституции, которая определяла главные принципы государственного устройства и правопорядка в казахском обществе, что представляло собой реформу обычного права [4].

По казахским законам, в качестве основного принципа наказания действовал принцип «талиона», т. е. «за кровь мстить кровью, за увечье таким увечьем». Наказание в данном случае в точности соответствовало совершенному преступлению.

Данный этап характеризует и то обстоятельство, что на территории Казахстана фактически действовали три закона: 1) «Жеті Жарғы»; 2) «Касымханның ескі жолы» (Закон Касым хана); 3) «Есимханның жолы» (Закон Есим – хана), которые регулировали правоотношения в казахском обществе.

При этом основную и главенствующую роль выполнял свод законов «Жеті Жарғы», что представляло собой преемственность традиций законодательства более ранних эпох [5].

Поэтапное вступление Казахстана в состав российской империи (начало XVIII-XIX вв.) не могло не оказать влияния на уголовное законодательство института назначения наказания.

Однако особое внимание необходимо обратить на период времени с 1918 г. по 1959 г., который характеризуется двумя основными моментами. В частности, на территории Казахстана начинает действовать Уголовный кодекс РСФСР 1922 г., а в последующем Уголовный кодекс РСФСР 1926 г.

Согласно ст. 8 УК РСФСР 1922 г. наказание применялось с целью общего предупреждения новых нарушений, как со стороны нарушителя, так и со стороны других неустойчивых элементов общества, приспособления нарушителя к условиям общежития путем исправительно-трудового воздействия и лишения преступника возможности совершения дальнейших преступлений. Законодатель признавал наказание мерой оборонительной, оно должно было быть целесообразным и совершенно лишено признаков мучительства, а также не должно было причинять преступнику бесполезных и лишних страданий (ст. 26 УК РСФСР 1922 г.) [3, с.492].

Основные начала уголовного законодательства СССР и союзных республик 1924 г., а вслед за ними и УК РСФСР 1926 г., исключили всякое упоминание о наказании и ввели термин «меры социальной защиты», которые подразделялись на меры судебно-исправительного, медицинского и медико-педагогического характера (ст. 5 Основных начал 1924 г.). Они имели своими целями предупреждение преступлений, лишение общественно опасных элементов возможности совершать новые преступления и исправительно-трудовое воздействие на осужденных. Наряду с этим было провозглашено, что «задача возмездия и кары уголовное законодательство Союза ССР и союзных республик себе не ставит» [5, с.307]. Все меры социальной защиты должны были быть целесообразными и не должны были иметь цели причинения физического страдания и унижения человеческого достоинства (ст. 4 Основных начал 1924 г.). Отказ законодателя от термина «наказание» и замена его термином «меры социальной защиты» в дальнейшем были признаны необоснованными: это было не только неудачным в терминологическом аспекте, но и «...не создавало необходимой правовой базы для применения уголовной репрессии» [5, с.308].

Вопрос об эффективности уголовного права в значительной мере сводится к вопросу об эффективности уголовного наказания и зависит от правильного определения целей наказания.

До принятия «Основ уголовного законодательства» вопрос об отличии понятий «уголовная ответственность» и «уголовное наказание» не был предметом специального рассмотрения. Понятие «уголовная ответственность» как отличное от понятия «наказание» появилось впервые лишь в «Основах уголовного законодательства» в 1958 г.

В Уголовном кодексе Казахской ССР 1959 г. наказание было предусмотрено в разделе III.В соответствии со ст. 20 УК КазССР 1959 г., наказание являлось не только карой за совершенное преступление, но и имело целью исправление и перевоспитание осужденных в духе честного отношения к труду, точного исполнения законов, уважения к правилам социалистического общежития, а также предупреждение совершения новых преступлений как осужденными, так и иными лицами. Наказание не имело целью причинение физических страданий или унижение человеческого достоинства.

В соответствии со ст. 21 УК КазССР 1959 г. к лицам, совершившим преступления, могли быть применены следующие основные виды наказания: 1) лишение свободы; 2) ссылка; 3) высылка; 4) исправительные работы без лишения свободы; 5) лишение права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью; 6) увольнение от должности; 7) штраф; 8) общественное

порицание; 9) возложение обязанности загладить причиненный вред. В качестве дополнительных видов наказания УК КазССР 1959 г. закреплял конфискацию имущества; лишение родительских прав; лишение воинского или специального звания [3, с.492].

С обретением суверенитета Республики Казахстан было принято постановление Пленума Верховного суда Республики Казахстан от 24 июня 1993 года, N 2 «О соблюдении судами законности при назначении наказания», где в п. 1 отмечалось, что исходя из положений Конституции Республики Казахстан о том, что все равны перед законом и судом и что никто не может признать лицо виновным в совершении преступления и подвергнуть уголовному наказанию, кроме суда, обратить внимание судов на то, что каждое уголовное дело, независимо от характера и тяжести совершенного преступления, служебного и общественного положения обвиняемого, должно разрешаться в точном соответствии с требованиями норм уголовного и процессуального права. Ничто не может быть признано оправдывающим нарушения законности. Судам следует неукоснительно соблюдать требования закона о строго индивидуальном подходе при назначении наказания с учетом характера и степени общественной опасности совершенного преступления, личности виновного и обстоятельств дела, смягчающих и отягчающих ответственность. Наказание должно быть законным, обоснованным и справедливым и свидетельствовать о неотвратимости ответственности за совершенное преступление [6].

16 июля 1997 г. был принят Уголовный кодекс РК, где законодатель в ст. 39 УК РК закрепил положение, в соответствии с которым к лицам, признанным виновными в совершении преступления, могли применяться следующие основные наказания: штраф; лишение права занимать определенную должность или заниматься определенной деятельностью; привлечение к общественным работам; исправительные работы; ограничение по воинской службе; ограничение свободы; содержание на гауптвахте; лишение свободы; смертная казнь. Кроме основных наказаний к осужденным могли применяться следующие дополнительные наказания: лишение специального, воинского или почетного звания, классного чина, дипломатического ранга, квалификационного класса и государственных наград; конфискация имущества [7].

В дальнейшем 30 апреля 1999 года было принято нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан «О соблюдении судами законности при назначении уголовного наказания».

В связи с принятием нового Уголовного Кодекса Республики Казахстан, вступившего с действие с 01 января 2015г., 25 июня 2015 года было принято и новое нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от № 4 «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания».

Проведя сравнительный анализ ранее действующего УК РК1997 г. и УК РК 2014г., следует отметить, что в вопросах совершенствования уголовного законодательства усматриваются два вектора: с одной стороны – ужесточение санкций за совершение тяжких и особо тяжких преступлений, а с другой стороны – это гуманизация. В целом, сама структура кодекса осталась прежней.

Список литературы:

- 1 Абиляев Е. История государства и права Казахстана: курс лекций. – Изд. 3-е, перер. и доп. – Караганда, 2005. – 256 с.
- 2 Абиляев Е. История государства и права Республики Казахстан (с древнейших времен до 1992 г.): учебное пособие. – Изд. 2-е. – Астана, 2001. – 188 с.
- 3 Сакенова А.Б. История развития уголовного законодательства института назначения наказания // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева. – 2015. – № 5 (108). – С. 490-494.
- 4 Проблемы казахского обычного права / под ред. С.З. Зиманова. – Алматы, 1989. – 140 с.
- 5 Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. – Караганда, 2004. – 432 с.
- 6 Постановление Пленума Верховного суда Республики Казахстан . О соблюдении судами законности при назначении наказания: утв. 24 июня 1993 года, № 2.
- 7 Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года № 167.

Түйіндеме

Осы мақалада VI-XII ғғ. біздің күнге дейін жазалауды тағайындау институты қалыптасуы мен даму тарихы қарастырылған. Осында кейбір қылмыстарға қандай жазалар тағайындалғандығы көрсетілген. Сонымен қатар қазақ құқығында қандай жазалардың түрлері бар екендігі көрсетілген.

Summary

This article discusses the history of formation and development of Institute of appointment of punishment from the VI-XII centuries to the present day. Here otzyvaetsya what the punishment was used for certain crimes. What types of punishment were in the ordinary law of the Kazakhs.

УДК 341.123

**Жолдыбек Ж.Ж.
Д.А.Қонаев атындағы ЕЗА магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., доцент Әбділда Д.Ә.**

**АДАМ МЕН АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰЖАТТАРДА ОРЫН ТАБУ САУАЛДАРЫ**

Мемлекеттік құрылымның теориясы мен тәжірибесінің маңызды сұрақтарының бірі – жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының болуы немесе болмауы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің даму деңгейі мен жағдайының айқын көрсеткіші. Адам құқықтарын қорғаудың қазіргі жүйесі үш деңгейге бөлінеді: халықаралық,

аймақтық және ұлттық. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдері мен халықаралық құқықтық базасының құрылуын Біріккен Ұлттар Ұйымымен және Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясымен байланыстырады.

Кілт сөздер: мемлекет, Қазақстан Республикасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы, адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, халықаралық құқық, азаматтық және саяси құқықтар.

Қазіргі заманғы қоғамдық құбылыстар, экономикалық өзара ынтымақтастықтар, саяси әрекеттер адам өміріне зор ықпал жасауда. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1]. Осыған байланысты мемлекет тарапынан адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік беріледі. Адам құқықтары саласындағы жаңа құқықтық актілер, адам құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктері пайда болып, және осы саладағы халықаралық ынтымақтастық кеңейіп келеді.

БҰҰ Бас Хатшысы ООН Антониу Гутерриш Женевада өткен Адам құқықтары бойынша Кеңестің 34-й сессиясында, адам құқықтарын сақтамау — бұл, солтүстікке, оңтүстікке, шығыс және батысқа таралатынын мәлемет еткен. БҰҰ басшысының ойынша, БҰҰ және оның мамандырылған мекемелері бұл мәселені шешуге ұмтылу қажет [2].

Қазіргі халықаралық құқық азаматтығына, жынысына, тіліне, т.б. белгілерге тәуелсіз адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын анықтайтын жалпыға танылған, яғни барлық мемлекеттерге міндетті нормаларды құрайды. Осы негізгі нормалармен қатар, адам құқықтарының арнайы мәселелері бойынша көптеген жалпы келісімдер бар. Мысалы: әйелдердің саяси құқықтары туралы Конвенция, босқындардың мәртебесі туралы Конвенция, Халықаралық еңбек ұйымының көптеген конвенциялары мен адам құқықтары туралы аймақтық келісімдер.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактіге және Азаптауға қарсы конвенцияға арналған факультативті хаттамаларға ҚР Президентінің қол қойғандығын зор қанағат сезіммен атап өткен жөн. Қазақстан іс жүзінде адам құқықтары саласында халықаралық құжаттардың бүкіл әмбебап пакетіне, атап айтқанда, 43 пакті мен конвенцияға қосылған.

Халықаралық қауымдастықта танылған адам құқықтары мен бостандықтарының толық кешені бекітілген алғашқы негіз саушы халықаралық құжат болып есептелетін Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы 1948 жылы 10-желтоқсанда БҰҰ БА-ның 217 А/III/ резолюциясына сәйкес бекітілген. Декларацияда көрініс тапқан нормалар адам адам құқығына қатысты ұлттық заңдарды даярлау үшін де қағидалық сипатта болатынын айта кету керек. Құжаттың преамбуласында БҰҰ БА-сы аталған Декларацияны «міндет ретінде барлық халықтар мен мемлекеттер, әрбір адам, қоғамның әрбір мүшесі орындауға тырысуы керек» деп атап өткен. Жалпы Декларацияның 1-бабында «барлық адам құқықтары мен бостандықтары тең болып туылады» [3,с.30] деп аталып өтсе, 2-бабында Декларацияда көрсетілген құқықтар мен бостандықтар қандай да бір айырмашылықтар болса да ешқандай ерекшеліксіз барлығына қатыстылығы айтылған. Декларацияда басқа нормалармен қоса міндетті жазасын өтеуші және қылмыс жасағаны үшін кінә тағылған қылмыстық

жауапкершілікке тартылған тұлғалардың құқығы да бекітілген. Жекелеп айтсақ, 3,5,7-12 және 14-баптарда өз бетінше ұстау мен тұтқындаудан әр адамның қорғалу құқығына қатысты, сондай-ақ адами құндылықтарды жоя отырып айналысу немесе жазалауға, азаптауға қарсы нормалар көрініс тапқан. Декларацияда әрбір адамның тұрғылықты жеріне, құқықсубъектілігіне еш қатыссыз құқықтары танылады (6-бап), сондай-ақ индивидке құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға шектеу болуы мүмкін адамның қоғам алдындағы міндеттері мен негіздерінің болуы жағайын бекітеді (29-бап). Соңғысында адамның жасаған құқық бұзушылығына жауапкершілігі қосылмайтындығы туралы сөз болып отыр. Бұл туралы 29-баптың өзінде «әрбір адам өзіндік толық және еркін дамуында тек қоғам алдында ғана міндетті болуы мүмкін» [3, с.33] – деп айтылған. Сонымен қоса осы бапта азамат тек заңда көзделген шектеулерге ғана ұшырауы мүмкін екендігі анықталады. Адам құқықтары жөніндегі Декларацияда көрсетілген адамның құқықтары мен бостандықтарының,оның ішінде бас бостандығынан айырылғандардың құқықтары мен бостандықтарының одан әрі дамуы мен заңи бекітілуі мақсатында 1966 жылы 16-желтоқсанда БҰҰ БА 2200 А/Х резолюциясымен қабылданған және ратификациялауға ашық Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Халықаралық Пакт қабылданды.

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық Пакттің 7-бабына сәйкес ешкімді азаптауға немесе қатаң, адамгершілікке сай емес немесе адами құндылықтарын жоя отырып қамауға алу және жазалауға болмайды. Пакттің сол 7-бабында адамның келісімінсіз оны медициналық немесе ғылыми тәжірибеге пайдалануға тыйым салынады. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық Пакт әрбір адамның еркіндік пен жеке басына қолсұғылмаушылыққа құқығын бекіте отырып, «заңда көзделгеннен басқа жағдайда ешкімнің бостандығы шектелмеуі тиіс» (бап. 9) [4,с.12] екендігін анықтайды.

Мемлекеттік қылмыстық заңнамалары үшін қағидалық белгілер мен оның тәжірибеде қолданылуы Пакттің 10-бабында айтылады, жекелеп айтқанда «бас бостандығынан айырылғандардың барлығы адами (гумандық) қарау және құндылықтарын құрметтеу, адамдық тұлғасын құрметтеу құқығына ие» [4, с.12] - деп айтылады. Пактте сот шешіміне сәйкес бостандығынан айырылған және тұтқындалған тұлғалардың құқықтық статусына зор мән беріледі. Қамауға алынғандар құқық субъектісі ретінде қаралуы тиістігі - мұндағы негізгі норма. Осыған орай 16-бапта әрбір адам ол қайда болса да құқық субъектілігі танылуға құқылы екендігі айтылады. Тұлғаның құқықтық мәртебесінің жалпы формасын дамыта отырып («құқық субъектілікке құқығы»), Пактте азаматтардың заң алдындағы теңдігі, туған тілін еркін қолдану бостандығы және тағы басқаларға ерекше назар аударылады. Бұл қағидалар әрбір адамға адамға қатысты.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт өлім жазасын шектемейтіндігіне қарамастан, өлім жазасының қолданылуын қатаң шектейді. Әлемде өлім жазасынан түпкілікті бас тартушылар жақтастарының көбеюін ескере отырып, 1989 жылғы БҰҰ БА мүше-мемлекеттерде өлім жазасынан бас тарту және оның қолданылуына тыйым салуға бағытталған Пактке Екінші факультативті хаттама қабылданды. Қазіргі кезде Пактке 100-ден аса мемлекеттер мүше және Пакттің

факультативті Хаттамалары мүше-мемлекеттер үшін міндетті заңды күші болады. Адамдардың құқығын қорғаудың халықаралық-құқықтық стандарттарына қатысты көптеген зерттеулер мен публикациялар азаматтық және саяси құқықтар бекітілген құжаттарға негізгі назарын аударады.

Азаптауға және басқа да қатал, адамгершіліксіздікпен және қамауға алынғандармен айналысудың тиісті түрлерін жоя отырып айналысу немесе жазалауға қарсы Конвенцияның 2002жыл 18-желтоқсанда БҰҰ БА қабылдаған факультативті хаттамасының мақсаты халықаралық және ұлттық сарапшы органдарға, бас бостандығынан айыру орнына тәуелсіз азаптауды және басқа да қатал қарау формаларының алдын алу мақсатымен реттелген жүйесін бекітеді (1-бап). Азаптауға қарсы ассоциация аталған хаттаманы жүзеге асыруда басты рөл атқарады деп есептеледі, бұл жаңашыл екіжақты тәсіл азаптауға қарсы Комитеттің Подкомитеті - жаңа халықаралық орган және ұллық дәрежедегі превентивті механизмдерге сәйкес мүше-мемлекеттер жауапкершілікте болады, азаптауды жою үшін жаңа құралдар ұсына алады.

Азаптауға тыйым салу туралы қағидалық нормалар аймақтық халықаралық-құқықтық құжаттарда да көрініс тапқан. Олар соңғы кезде Еуропада Еуропалық Кеңес ықпалымен жасалып қабылдануда. Бұл келесі зерттеудің өзінде көрініс тапқан: 1950жыл 4-қарашада адам құқықтары мен негізі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция (хаттамаларымен), Азаптау және адамгершіліксіздікпен немесе ұзданын таптай отырып айналысу немесе жазалаудың алдын алу туралы 1987 жылғы Конвенция (хаттамаларымен). Мұны адам құқықтары жөніндегі Жалпы Декларацияға негізделетін адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуразиялық Конвенцияның 3-бабы «ешкім азаптау және адамгершіліксіздік немесе адамның ұзданын жоя отырып айналысу және жазалауға душар болмауы керек» [3,с.35] деп айқындайды. Азаптаудың алдын алу Комитетін қамауға алу орындарында азаптаудың алдын алу төңірегіндегі қадағалаудың соттық емес арнайы механизмін құруы – олардың ұқсастығы. Конвенцияға мүше-мемлекеттердің барлығы қамауға алу орнына,соның ішінде түрмеге де, сол жерде орын алған құқық бұзушылықтарды анықтап, жою мақсатымен бару құқығын Комитетке беруге келіседі. Мемлекет пен индивид арасындағы қалыптасатын күрделі байланыстар және адамдардың бір бірімен пайда болатын қарым қатынастары- адам мен азаматтың құқықтық мәртебесін тудыратын құқық, бостандық және міндеттері түрінде, яғни заңи түрде мемлекет арқылы қалыптасады. Бұл қоғамның әлеуметтік құрылымымен, заңдылық жағдайымен және демократия деңгейімен байланысты ең маңызды саяси заңи категориялардың бірі. Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі конституция мен өзге нормативтік құқықтық актілерде мемлекетпен заңи бекітілетін құқықтар мен міндеттердің жүйесі ретінде сипатталуы мүмкін. Құқықтыр мен міндеттер құқықтың негізгі бастама элементі. Г.В. Мальцевтің айтуы бойынша «Құқықтар мен міндеттер жүйесі құқықтық сфераның орталығы, негізгі заңи мәселелердің шешімі» [5, б.50].

Қорыта келе, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары халықаралық нормативтік құқықтық актілер негізінде топталады. Адам құқықтары мен бостандықтары халықаралық қауымдастықтың зерттелу объектісі болғандықтан, БҰҰ, Еуропа Кеңесі және ТМД тәрізді халықаралық ұйымдар осы салада қызмет етуде. Адамның құқықтары

мен бостандықтары – бұл жеке тұлғаның құқықтарын қорғау саласында бірыңғай халықаралық құқықтық стандарттарды орнату сипаты бар әмбебап құқықтық құндылықтар. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары мемлекеттердің ішкі ісінің шегінен шықты. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жеке мемлекеттің ісі емес, барлық әлемдік қауымдастықтың мақсаты екендігі жалпыға танылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 Тамыз 1995ж) // ЮРИСТ - справочная правовая система». – www.zakon.kz от 25.01.2019 г.
- 2 Глава ООН призывает бороться за права человека. <https://plainnews.ru/video-channel-96311.html>
- 3 Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы 1948 жылы 10-желтоқсанда БҰҰ БА-ның 217 А/III/ резолюциясымен бекітілген // Сборник важнейших документов по международному праву. Ч. I. - М.: 2006. - С. 30-35.
- 4 Права человека. Сборник международных документов. Том I (часть первая). Универсальные договоры. – Организация Объединенных наций. – Нью-Йорк и Женева, 2004. - С.12.
- 5 Мальцев Г.В. Права личности юридическая норма и социальная действительность. - М., 1997. – 50 б.

Резюме

В данной статье автором рассматриваются проблемы соблюдения прав человека. В частности, анализируются международные документы по правам человека и гражданина.

Summary

In this article, the author discusses the problem of respecting human rights. In particular, are analyzed international documents of human and citizen rights.

УДК 340.12 (574)

Жумабаева А
Д.А. Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының магистранты
Ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., доцент Ильясова Б. К.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Автор мақалада қазіргі кездегі демографиялық үрдістер мемлекеттік реттеуді талап етіп отырғандығын нақты көрсетіп кетен. Бүгінгі таңда демографиялық саясатты

мемлекеттік реттеудің арнайы объектісі ретінде қарастырудың қажеттілігі айқындалуда. Осыған байланысты демография саласындағы мемлекеттік функцияларын жеке функция түрінде бөліп шығаруды және қарастыруды қажет деп есептейтіндігін айтқан.

Кілт сөздер: демография, халық, мемлекет, жаһандану, халықаралық ұйымдар.

Демографияның ғылым ретінде пайда болуы мен даму заңдылықтары зерттеуші ғалымдардың пікірінше қазіргі кездегі халық санының пайда болуы мен қалыптасу тарихын зерттеу ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. Б.э.д. V ғасырда ежелгі Қытай философы Конфуций алғаш рет жердің саны мен халық санының ұтымдылығы мәселесі туралы айтқан. Ежелгі дүниенің философтары Платон мен Аристотель өз еңбектерінде халықтың санын реттеумен байланысты мәселелерді зерттеген. Платонның ойы бойынша мемлекеттердегі тұрғындар санының өсуін колониялар құру арқылы ғана реттеуге болады деген, ал Аристотель болса өзінің «Саясат» деген еңбегінде халықтың белгілі бір деңгейін ұстап тұру үшін әр түрлі қатал шараларды қолдану керектігін айтады.

Платон өзінің «идеалды мемлекет» ілімінде азаматтардың шектеулі санын көрсеткен және ол 5040 адамнан аспауы тиіс деген. Ол өзінің «Мемлекет» деген еңбегінде басқарушылардың нұсқауы бойынша неке қатынастарын белгілеуді ұсынады. Платон еркектердің 30-55 жас аралығында ғана балалы болу керектігін айтады. Ол өз еңбектерінде былай деп жазады: «Басқарушылар азаматтардың санын әрқашанда аз болатындай неке санын алдын – ала анықтау қажет, ал жаңа тұған сәбилер ауруға шалдыққан, соғыс, төтенше оқиғалардың нәтижесінде мерт болған азаматтардың орнын басатын еді. Осындай шаралар халық санының тіптен асып не кеміп қалғанының алдын алар еді... Құбыжықтар, заңсыз туылған балалар, қарт адамдардың жас балалары өлтірілуі керек; олар республикаға ауыртпашылық түсірмеуі қажет» [1, 18 б]. Дәл осындай ойда Аристотель да болды. Ол халық санын реттеп отыруды қажет деп тапты, оның асып кетпеуіне жол бермеуді ұсынды, жаңа туылған сәбилерді өлтіру туралы заң арқылы халық санын мемлекет пен құқық пен реттеп отырды. Ол былай деген: «Заң жаңа тұған сәбилердің қайсысын сақтап қалу керек және қайсысын өлтіру керектігін анықтауы қажет; мемлекет құбыжық немесе белгілі бір мүшесі жоқ балаларды тәрбиелемеуі қажет. Егер халықтың ұдайы өсуін тоқтату қажеттілігі туындаса, онда басқарушылар әр отбасыда бала болудың белгілі бір санын көрсетуі керек, егер адам саны көбейіп, өз шегінен асып кетсе жүкті әйел өз құрсағындағы баланы оған жан келмей тұрып өлтіруі қажет». Аристотель еркектердің неке жасын – 37 жас деп белгілейді [1, 19 б].

Біздің эрамыздың I ғасырында Страбонның және II ғасырда Птоломейдің «Жағрафиялары» пайда болды. Бұл еңбектер тек жағрафиялық ғана емес, сонымен қатар, этнографиялық қайнар көз болды. Аталған кешенді еңбектерде авторлар бірқатар демографиялық мәселелерді қамтыған.

Н. Макиавеллидің (1469-1527) «Күн қаласы» еңбегінде «идеалды мемлекетті» құру мәселесін қозғап, онда халықтың жалпылама еңбек етуі бірінші орында тұру керектігін айтады. Оның ойынша некеге тұру жасы еркектер үшін – 21 жас болуы қажет, ал әйелдер үшін – 18 жас болуы керек.

«Демография» ғылымының атасы болып ағылшын ғалымы Джон Граунт (1620-1674) табылады. Ол 1662 жылы «Өлім туралы бюллетендерді табиғи және саяси бақылау» атты еңбегінде демография саласының барлық бөліктері қарастырылған. Д. Граунт халықтың санын, оның жыныстық, жастық құрамын, отбасылық жағдайын, туылым мен өлімді, халықтың өсуін, әйелдердің тууға бейімділігін, жыныстық-жастық өлімді, оның салдарларын, сонымен қатар, қоршаған ортамен өзара байланысын, өлім кестелерін, көші-қон мәселелерін талдаған. Соның нәтижесінде ол келесідей қорытындыға келеді: еркектердің саны әйелдердің санына теңестіре отырып, ер балалар мен қыз балалардың сандарын теңестіреді. Мысалы, 14:13 Лондонда туылымнан өлімнің деңгейі жоғары; қалалардағы өлім ауылдарға қарағанда жоғары болып табылады. Оның өлім туралы жазбалары халық саны көрсеткіштері мен халықтың ұдайы өндірісі қарым қатынасын, өзара әрекет етуі заңдылықтарын, қоғам және экономикалық тіршілік салаларындағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Оның жұмысы өз заманында құнды болды. Оның жұмыс бойынша шығарған нәтижелері тәжірибелік мәңге ие бола бастады.

Джон Граунттың тұжырымдамасына сәйкес демографиялық мәліметтерді талдаумен айналысқан ғалымдардың бірі Вильям Петти болды және 1693 жылы өлім кестесін құрастырған Эдмунд Галлей болды [1, 20 б]. Халық пен оның пайдаланатын ресурстарының арақатынастары феодалдық кезең ойшылдарының жұмыстарында ең басты мәселелердің бірі болды. Ерте орта ғасыр өкілдері Т. Мор, Т. Кампанелла, Ф. Аквинский халық саны өсуінің қоғамдық пайдасы туралы пікірлер айтқан. Олар халық саны өсуінен ешқандай қауіптілік көрмеген. Т. Мор өзінің «Мемлекеттің ең жақсы құрылымы», «Утопия» еңбектерінде халық санының өсуін қолдап, мадақтау керек екендігін және оның азайып кетпеуіне жол бермеу туралы пікір айтады. Сонымен қатар, балалардың саны ешқандай есепке алынбауы керек. Егер қалалар толып кетсе, яғни отбасы саны 6000 адамнан асып кетсе, онда «утопиялықтар» халық саны аз қалаларға көшеді. Егерде «утопияда» қалаларға сыймаса, онда көрші континентке ерікті көшіп қонуға болады [1, 19-20 бб].

Экономикалық үрдістер мен демографиялық өсудің қарама-қайшылығы Т.Р. Мальтустің көзқарасында қалыптасты. Оның теориясы негізінде ағылшын философы М. Хейл мен Италия ғалымы Д. Ж. Ортестің халық санының геометриялық жетістігі туралы және тағы басқа бірқатар экономикалық идеялар мен теориялары туралы көзқарастары қалыптаса бастады. Т.Р. Мальтустің ойы бойынша «халық санының шексіз өсуі әлеуметтік апаттың, саяси ахуалдың, экологиялық апаттардың негізгі себебі болып табылады»- дейді. Атақты орыстың ғалымы Д.И. Менделеев демографиялық үрдістер туралы өзінің «Учение о промышленности» еңбегінде былай дейді: «Мальтус ... требует воздержания от деторождения. Возмутительность такого учения тем явственнее, что все главные послышки его не верны... Одним из лучших стимулов всех успехов человечества служит... стремление обеспечить своих детей и... облегчить их жизнь» [1, 21 б].

Демография XVIII ғасыр бойы дамыды. Осы кезеңде оның атақты өкілдері мыналар: Виллем Керсебум, Иоганн Петер Зюссмильх, Антуан Депарсье, Кристофер Бернулли, Леонард Эйлер, Томас Шорт, Пер Варгентин және т.б. Олар өз еңбектерінде демографиялық ақпараттарды кеңейтіп, оларды талдап, XIX ғасырда демографияның

ғылымдар жүйесінде жеке ғылым ретінде қалыптасуына алғышарт болуына әкеп соқтырды.

XVIII ғасырда Ресейде демографиялық мәселемен айналысқан ғалымдар Л. Эйллер, Д. Бернулли, С.Г. Забелин, Л.Ю. Крафт, И.Ф. Герман және т.б. болды [1, с 14]. Халық теориясы мәселесімен айналысқан ғалымдардың бірі М.В. Ломоносов болған. Ол өзінің графтардың бірі И.И. Шуваловқа «ресей халқын сақтап қалу және көбейту туралы» жазған хатында (1761ж). Ресей үшін халық санының және оның көбеюінің үлкен маңызы бар екендігін айтады, сонымен қатар, ол мемлекеттің барлық құдыреті, күші және байлығы болып халық екенін ескерткен.

XIX ғасырда демографияның ары қарай зерттелінуі А. Кетленің (Бельгия), У. Фарраның (Англия), Г. Майрдың (Германия) еңбектерінде көрініс тапты. Осы кездері 1855 жылы алғаш рет баспа бетінде «демография» термині пайда болды. Ол француз ғалымы А. Гийярдің «Адам статистикасы элементтері немесе салыстырмалы демография» атты еңбегінде алғаш рет пайдаланылды. А. Гийяр демографияны адамның табиғи және әлеуметтік тарихы ретінде қарастырған. Бұл термин ғылыми айналымға 1877 жылы келді. Алғаш рет «демография» туралы мақала белгілі француз ғалымы П. Ларустың энциклопедиясында жарық көрді. Бұл терминнің ресми танылуы 1882 жылы гигиена және демография халықаралық конгресі атауында пайдаланылды [1, 15-16 бб]. Демография термині әр түрлі мағынада қолданылады. Сөздіктерде демографияны бір жағынан халықтың құрамы және оның өзгеруі туралы ғылым деп түсінік берілсе, екінші жағынан демография халықтың саны, құрамы, орналасуы мен өзгеру көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Келесі бір сөздіктерде демографияны халықтың құрамын, санын және өсуін зерттейтін статистиканың саласы деп түсіндіріледі.

Белгілі қазақстандық ғалым, демограф М.Т. Тәтімов «демография халық туралы ғылым деген мағынаны білдіреді» - деп көрсетеді [2, 11 б]. Біздің ойымызша демография халық санын зерттейтін ғылым болып табылады. Ол халық саны мен құрамы көрсеткіштерін бақылау, бағалау және талдау арқылы зерттейді. Демография ғылымының зерттеу пәні ол халық, халық саны. Халықтың табиғи өсімі, ұрпақтардың ауысуы, халықтың өсімі сипаты, туылым мен өлім деңгейінің өзгеруі, некелік, отбасылық, жыныстық-жастық құрылымдар, урбанизация, көші-қоны демографиялық үрдістер болып табылады. Демографиялық үрдістер қоғам дамуының барлық жақтарымен өзара байланыста болады. Бұл үрдістер қоғам өміріне тәуелді әрі оған ықпал етеді. Осы себептен де демографиялық даму мәселелері тек ғылыми зерттеу объектісі ғана болмай, сонымен қатар, әр түрлі бағдарламаларда көрініс табуы қажет. Сонымен, халық саны мен қоғамның дамуы өзара тығыз байланысты. Халық өндіріс пен қоғамдық қатынастардың субъектісі, мемлекеттік биліктің қайнар-көзі болып келеді. Қоғамның негізгі өндіріс күші болатын адам, барлық қоғамдық байлықты құрушы болып табылады. Халық қоғамның дамуына әсер ететін фактор болып табылады. Ол дегеніміз халық қоғам дамуының субъектісі және объектісі болып табылады.

Әрбір мемлекет өз халқының саны мен құрамы туралы мәліметтерге мұқтаж. Қазақстан мемлекеті халықтың, әрбір адамның және әрбір отбасының тіршілік сапасын көтеру барысында, әл-ауқатын жақсартуды көздейтін және оның белгілейтін

демографиялық үрдістерге қатысты атқарушы және заң шығарушы биліктердің әрекет етуіне байланысты әлеуметтік мемлекетті құру жолында.

XXI ғасырдың басында елдің демографиялық жағдайы нашарлап, яғни өлімнің туылымнан басымды болып, көші-қоны азайып және халықтың өмір сүру ұзақтығы төмендей бастады. Бұл мәселенің өзектілігі жаһандану барысында депопуляциялық үрдістердің туындауымен байланысты болып отыр.

Қазіргі адамзат ауқымды әрі көлемді мәселелердің алдында тұр. Адамзаттың басынан көшіріп жатқан бұл кезең жаһандану кезеңі деп аталады. Бұл кезеңнің ерекшелігі ол қоғамның барлық салаларын қамтиды. Жаһандану үрдісі барлық халықтардың әлемдік нарыққа, саудаға, ынтымақтастыққа көшуімен пайда болды. Көптеген еңбектерде жаһанданудың пайда болуын экономикамен тығыз байланыстырады. Біздің ойымызша ол тек экономика саласын қамтып қоймай, сонымен қатар, саясатты, экологияны, әлеуметтік салаларды да қамтиды.

Жаһанданудың жақсы жақтарына адамдардың еркін жүріп-тұруы, әлемдік сауданың дамуы, ғылыми – техникалық жетістіктерге қол жеткізу, ақпараттық коммуникациялық желістердің дамуы жатады. Бұл әрине мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайтады.

Жаһанданудың теріс жақтары әлемдегі мемлекеттердің өзара ықпалдасуы, мемлекеттердің бірі-біріне экономикалық жағынан тәуелді болуы нәтижесінде, ұлттық, аймақтық деңгейде әр түрлі саяси қақтығыстар пайда болады. Жаһандану барысында адамзаттың ғылыми - техникалық жетістіктерге жетуі біріншіден, адамның денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекеттің қауіпсіздігіне, егеменділігіне, ең аяғы ұлттың жойылуына ықпал етеді [3, с 70].

Елдің қазіргі және болашақтағы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты өзіне тән белгілері бар:

- депопуляция жалпы мемлекеттік сипатта болады, себебі халық санының ұдайы өнімі көрсеткіштерінің түбегейлі өзгеруіне негізделген;
- депопуляция – ұзақ уақыттағы құбылыс және одан тез арада шығу үшін әлеуметтік – экономикалық жақсарту шаралары негізделмеген;
- депопуляция дамыған әлем елдеріне тән халықтың тіршілік ету санының өсуімен емес, төмендеуіне негізделіп отыр;
- депопуляция елдегі демографиялық жағдайдың дағдарыстық екендігін көрсететін туылым көрсеткішінің төмен болуымен және өлім көрсеткіштерінің жоғары болуына негізделіп отыр [4, с 409].

Мемлекеттің демографиялық функциясы өз дамуында бірнеше кезеңді басынан өткізді:

1) демографиялық функцияның мемлекеттің ішкі функциясының құрамдас бір бөлігі ретінде өмір сүруі және іске асуы. Бұл кезеңде мемлекеттің демографиялық функциясы туылымды, өлімді, көші-қонды, халықтың араласуын есептеуші, тіркеуші, бақылаушы ролін ғана атқарады. Бұл кезең демографиялық функцияның бәсең, әлі күш ала қоймаған сырттан бақылау, араласпау, үнсіз таңбалау іс-әрекеттері арқылы іске асқан кезең еді;

2) өз дамуының екінші кезеңінде бұл функция демографиялық үрдістерге тікелей араласып, оған мемлекеттің жалпы мәні мен саясатына сай іс-қимылдар жасауға

тырысты. Айталық көші- қонды реттеуге, адам жасын ұлғайтуға және адам санын көбейтуге арналған шараларды іске асыруға тырысты;

3) бұл кезеңнің ерекшелігі мемлекет демографиялық үрдістерді толығымен бақылауға алуға және басқаруға әрекет жасайды. Бұл кезеңде демографиялық хал-ахуал мемлекеттің демографиялық саясатының және оның демографиялық заңдарының іске асуының нәтижесі ретінде көрініс табады.

Заманның талабына сәйкес демографиялық проблемалар алдыңғы қатарға шығып, мемлекеттің басты проблемасына айнала бастады. Адами ресурстар (еңбек, көші-қоны), туылым көрсеткіштері мен өлім деңгейі қазіргі мемлекеттердің дамуына ықпал ете бастады. Мемлекеттің демографиялық үрдістерді реттеудегі ролі күшейді. Ендігі ретте мемлекеттің әлеуметтік функциясының көлеңкесінде қалған демографиялық мәселелерді жеке мемлекеттің функциясы етіп қарастыратын кез келді. Біздің ойымызша, халық саны процесін басқару және тиімді демографиялық саясат жасау мемлекеттің міндеті.

Мемлекеттің бұл функциясы елдің демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар, мемлекет демографиялық сараптамалар жүргізу арқылы туылымды, өлімді, көші-қонды қатаң бақылауға алуы қажет, сонымен бірге аталған функция неке мен отбасы, ана мен баланың жағдайын көтермелеуге бағытталған қызметтерді қамтуы тиіс. Аталған мәселе елімізде мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында бұрын соңды болмаған демографиялық қауіпсіздік ұғымын енгізуге мүмкіншілік жасайды.

Жалпылама анықтамаларға сәйкес демографиялық қауіпсіздік деп сыртқы факторлардың әсерінсіз халықтың ұдайы өсуімен мемлекеттік геосаясаттық мүдделерін адами ресурстармен қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын демографиялық үрдістердің жағдайын айтамыз. Демографиялық қауіпсіздік - ол жастық - жыныстық, этникалық көрсеткіштеріне сәйкес мемлекеттің ұлттық мүдделеріне сай келетін мемлекеттің біртұтастығын, тәуелсіздігін, егеменділігін сақтауды қамтамасыз ететін популяциялық қызмет етуі мен дамуы болып табылады.

Демографиялық үрдістердің мемлекет қауіпсіздігіне әсері өте күшті. XXI ғасырда Қазақстанның мемлекеттілігін сақтап қалу үшін демографиялық фактор шешуші болып отыр. Оның маңыздылығының үш бағыты бар:

- Қазақстанның мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- елдің аумақтық біртұтастығын және егеменділігі мен тәуелсіздігін сақтау;
- Қазақстан Республикасының геосаясаттын нығайту.

Демография саласындағы мемлекеттің функциясы келесідей қызметтердің атқарылуын қамтуы қажет:

- елде әрбір он жыл сайын халық санағы өтеді. Ол мемлекеттің барлық қызметтерін атқаруда негізгі мәселе болып табылады;

- мемлекет өзінің демографиялық мәселелерін реттеуде алдыңғы өткен тарихи демографиялық үрдістерді реттеудің нәтижелерін қазіргі таңдағы демографиялық үрдістерді мемлекеттік құқықтық реттеу әдістерін салыстыруы қажет, соның нәтижесінде қандай құқықтық олқылықтар мен қандай құқықтық жетістіктерге жеткендігін саралауы тиіс;

• халық санының өсіп-өнуі мемлекетіміздің заңнамаларының жетілдірілуі арқылы қамтамасыз етіледі. Мемлекет әлеуметтік, демографиялық үрдістерді реттейтін заңдарды жинақтауы қажет. Мысалы, демографиялық сараптама жүргізу туралы заңнамалар қабылдануы тиіс. Мемлекетіміз әлемдік стандарттарға сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалуы туралы әр түрлі бағдарламаларды қабылдау қажет. Аталған бағдарламалар ұзақ уақытты қамтуы керек. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық шарттарды да негізге алу қажет;

• мемлекет өзінің әлеуметтік – демографиялық үрдістерді реттеуде нақты функцияларын анықтауы қажет. Соның нәтижесінде нақты демографиялық үрдістерді жүзеге асыруда мемлекеттік билік органдарының құрылымдары мен қызметтерін жетілдіруі керек. Мемлекеттік билік органдарында еліміздің демографиялық мәселелерімен айналысатын білікті мамандар кадрларын жетілдіру керек.

Халық санының өсуі мен дамуын зерттеу қоғам өмірінің барлық салаларын мемлекеттік басқару үшін маңызы бар. Демографиялық үрдістердің өзгеруімен, мемлекеттің де маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік жақтары өзгереді.

Демографиялық үрдістерді біртекті қарастыру тек ғылыми қызығушылықты ғана қамтымай, ол сонымен қатар, тиімді демографиялық саясат шараларының жүйесін жасау үшін де маңызды болып табылады. Мысалы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін келесі әлеуметтік – экономикалық және демографиялық үрдістердің өсу динамикасы маңызды болып келеді. Туылым және өлім деңгейі, жыныстық-жастық құрылымы, еңбекке қабілетті жастағы халықтың білімі және кәсіптік-біліктілік деңгейі, еңбекке қабілетті жастағы халықтың салмағы мен оның еңбекпен қамтылу дәрежесі, аумақтық көші – қоны және халықтың орналасуы және т.б.

Елдің экономикасы қалай дамиды, әлеуметтік салада соған қарап қалыптасады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміздің демографиялық даму проблемаларына үлкен назар аударыла бастады. XX ғасырдың аяғында мемлекеттік билік органдары мен басқару жүйесінде демографиялық жағдайға және оның дамуына бақылау жасау, демографиялық саясат шаралары кешенін өңдеу және жүзеге асыру жауаптылығы жүктеле бастады.

Мемлекеттік демографиялық саясаттың дамуына үлес қосқан 17 тамыз 2000 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік демографиялық саясаттың даму тұжырымдамасы туралы» қаулысын [5], сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2015 жылдарына арналған көші-қоны саясаты тұжырымдамасы туралы қаулылары болып табылады [6]. Көші-қоны саясаты тұжырымдамасы екі кезеңді қамтиды. Бірінші кезең 2007-2010 жылдарға, ал екінші кезең 2010-2015 жылдарға арналған.

Қазіргі кездегі мемлекеттік билік күннен күнге халық санының өсіп-өнуіне үлкен назар аударуда. Адам санын есептеу мемлекетке өзінің әлеуметтік функцияларын атқару үшін қажет. Ол өз кезегінде барлық еңбек ресурстарын анықтайды, сонымен қатар, әлеуметтік даму саласында белгілі бір шешім қабылдау үшін және басқа мемлекеттің функцияларын орындау үшін негіз болып табылады.

Халықтың туылым мен өлім көрсеткіштерінің жақсы жаққа өзгеруіне, көші-қон мәселелерін шешуде мемлекет функциясының ролі зор. Демографиялық үрдістер

адамның еркінен пайда болмайды. Мемлекет пен құқықтың өзара әрекет етуі өте күрделі үрдіс. Демографиялық үрдістерді жүйелі және жан-жақты талдау үшін мемлекеттік билік қажет. Мемлекеттің әлеуметтік және басқа да функцияларын атқаруда демография өте ауқымды фактор болып табылады. Қазіргі кезде мемлекет функциясы ішінде демография функциясы өте күрделі болып отыр. Себебі қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жаңа, бұрын соңды болмаған функциялар қалыптасуда.

Қазіргі жаһандану кезеңінде демографиялық мәселелердің дамуы көп ғалымдарды қызықтыруда. Демографиялық үрдістерді зерттеуші ғалымдар көбінесе оның тек экономикалық қырын зерттеумен айналысуда. Демографиялық үрдістерді құқықтық және саяси құралдар арқылы басқаруға болады. Мемлекеттің демографиялық үрдістерін елдегі туылым, өлім және көші-қоны мәселелері құрайды.

Қазіргі Қазақстан жағдайында заңи тұрғыда аталған демографиялық үрдістерді нақты түрде реттеу қажет. Туылым, өлім, көші-қоны мәселелері бүгінгі таңда көлемі жағынан да, дәрежесі жағынан да үлкен проблемалардың бірі болып табылады. Заманның ағымы осы мәселелерді құқықтық реттеуді талап етті. Соның нәтижесінде осы үрдістерді реттейтін бірқатар нормативтік – құқықтық актілер қабылданды. Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан үшін бұрын соңды құқықтық реттеу аясынан тыс болған қатынастарды реттеуге бағытталған жаңа заңдарды қабылдау қажеттілігі байқалып отыр. Мемлекетіміз демографиялық үрдістерді шешуге бағытталған нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауда басқа шетел мемлекеттерінің тәжірибесін пайдаланса жақсы болар еді.

Демографиялық жағдайдың ұшығуы және халық саны саласындағы мәселенің болуы, жақсы ғылыми негізделген демографиялық саясатты бекітетін, оның жүзеге асырылуын мақсат еткен құқықтық актінің қабылдануын талап етеді. Демографиялық саясаттың басты бағыттары мен мақсаттары бойынша, мұндай актіні жасау мен қабылдауда демографтардың, экономистердің, әлеуметтанушылардың, медицина қызметкерлерінің, психологтардың нақты ұсыныстары жоқ екендігі байқалды. Бұл мәселені шешуге ең біріншіден солар атсалысуы қажет. Ал заңгерлер олардың шешімдеріне құқықтық нысан беріп, оның тиімділігін арттыратын заңи кепілдіктерді жасау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Бреева Е.Б. Основы демографии: Учебное пособие / Е.Б. Бреева 4-е изд.- М.: Дашков и К, 2009. - 388 с.
- 2 Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз - демографияда. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 264 б.
- 3 Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ. - Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. - 363 с.
- 4 Бутов В.И. Демография: Учебное пособие / Под ред. В.Г. Игнатова.- М.: ИКЦ «МарТ», 2008. - 576 с.

- 5 Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік демографиялық саясат тұжырымдамасы / 17 тамызда 2000 жылғы қабылданған Үкіметтің Қаулысы // «Юрист» Электрондық жүйесі.
- 6 Қазақстан Республикасы. 2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасы / 2007 жылғы 28 тамызда қабылданған Президенттің Жарлығы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 29 тамыз.

Резюме

Автор, в статье анализирует, что в настоящее время демографические процессы требуют государственного вмешательства путем правового регулирования. Демографическую политику необходимо рассматривать как специальный объект государственного регулирования, в связи с этим, функцию государства в области регулирования демографическими проблемами необходимо рассматривать как самостоятельную функцию.

Summary

The author, in article analyzes that now demographic processes demand the state intervention by legal regulation, the population policy needs to be considered as special object of state regulation, in this regard function of the state in the field of regulation by demographic problems it is necessary to consider as independent function.

УДК№ 342.56(574)

Жумагулова Ә.О.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., аға оқытушы Ш.А.Сұлтанхан

ПАРЛАМЕНТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЗАҢИ ЖӘНЕ САЯСИ СИПАТТА КӨРІНІС ТАБУЫ

Бұл мақалада парламенттік бақылаудың заңи және саяси сипатта көрініс табуы ерекше мәнге ие. Сол себепті тақырып теориялық тұрғыда жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: Республика, Конституция, Үкімет, мемлекет, мемлекеттік билік, парламенттік бақылау, билік тармақтары, бақылау формалары, саяси жауаптылық, механизм.

Парламенттік бақылау заңи және саяси сипатта көрініс табуымен ерекше. Әсіресе саяси жауаптылыққа әкеліп соқтыратын парламенттің бақылау функциясы – мемлекеттік билік органдарының тепе-тең және тежемелік сипатта жұмыс істеуіне септігін тигізуімен қатар, тәжірибеде мемлекеттік билік тармақтарының дағдарысына

да әкеліп жатады. Саяси жауаптылық негізінен үкіметке сенімсіздік білдіру және сенім білдіру сияқты парламенттік бақылаудың формаларынан тұрады. Бүгінде Батыс Европа елдерінің ішінде Швейцариядан басқа барлық мемлекеттердің үкіметтері парламент алдында саяси жауапты. Саяси жауаптылықтың басты әрі жағымды көрсеткіші болып жекелеген министрліктер не тұтастай Үкіметтің билікте қалуы табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына 21 мамыр 2007 жылы енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес Парламент Мәжілісі (төменгі палата) ғана Үкіметті қалыптастыруға және оны таратуға құзыретті. Мұның басты себебі – Парламент палаталарының құрылу тәртібінің ерекшеліктерінде жатыр. Парламенттің төменгі палатасы – сайлаушылардың саяси ұстанымын тікелей және толықтай беретін өкілді орган болып табылады. Ал парламенттің жоғарғы палатасы – саяси сипаттан көрі, әкімшілік-аумақтық қағидаға негізделіп құрылады және саяси өмірдің толық бейнесін қамти алмайды (құрамы үш жыл сайын ішінара ауысып тұрады). Сондай-ақ Бельгия, Италия, Норвегия, Швеция парламенттерінің депутаттары қай палата екеніне қарамастан саяси жауаптылыққа тарту мәселесін шешуге өкілетті. Себебі, аталған елдерде парламент палаталары бірдей (төте) сайлау құқығы негізінде қалыптасады. Жалпы төменгі палата негізінен халық билігінің таза әрі тікелей көрінісін береді. Сондықтан да көп жағдайда жоғарғы палата негізінен төменгі палатаның саяси сипаттағы еркін шектеуші, сабаға түсіруші міндетті атқарады.

Саяси жауаптылыққа жеке (үкімет мүшелері, министрлер, жоғары лауазымды тұлғалар) немесе алқалы (үкімет) түрде тартылады. Үкімет мүшелерінің парламент алдындағы саяси жауаптылығы Австрия, Бельгия, Швеция, Греция және Дания мемлекеттерінде қолданылады. Саяси жауаптылықтағы және бір тәртіп, Үкімет басшысының орнынан кетуі – тұтастай Үкіметтің орнынан кетуін білдіреді. Бұл Ұлыбритания, Италия, Португалия, Франция, ГФР және т.б. мемлекеттерде қолданылатын конституциялық рәсім. Бұл тәртіп Қазақстанда да қолданылады. Алайда, Қазақстан Республикасының Конституциясында осы сұрақтың шешілуіне қатысты талас тудыратын норма орын алған деген пікірдеміз. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Үкімет орнынан кетеді екі жағдайда: 1) Үкіметке сенімсіздік білдірілгенде (56-б., 2-т.), 2) Үкіметке сенім білдірілмегенде (61-б., 7-т., 70-б., 1-т.). Біз бұған үшінші негізді қосамыз, ол – Премьер-Министрдің үкімет мүшесі ретіндегі есебін тындау қорытындысы бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасау құқығы арқылы іске асады (57-б., 6-т.). Алайда заңбекітуші осы тұсқа мән бермегенін байқаймыз. Тарқатамыз: «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 18-желтоқсан 1995ж. № 2688 конституциялық заңының 3-бап, 4-тармағына сәйкес «Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және де Республиканың өзге де лауазымды адамдары» Үкімет мүшесі ретінде танылады. Демек, Премьер-Министрдің Үкімет мүшесі ретіндегі есептілігі және жауаптылығы Конституцияның 57-б., 6-т. көзделген тәртіпке сәйкес анықталады. Ал Премьер-Министердің қызметінен босатылуы Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бап, 7-тармағына сәйкес Үкіметтің өкілеттілігі тоқтатылғанын білдіреді. Демек Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғарғы және төменгі палаталары болып табылатын Сенат пен Мәжіліс заңи тұрғыдан алғанда (de jure) Үкіметті орнынан кетіре алады. Бірақ Конституция

жобасын әзірлеушілер «Үкімет мүшесінің есебін тыңдау арқылы» Үкіметті бүтіндей орнынан кетіру мәселесін көтермеген әрі аңдамаған тәрізді. Тіпті саяси салдарға алып келетін мұндай өкілеттіліктің жоғарғы палата болып табылатын – Сенатқа берілуі әрекет етіп жатқан Конституцияның мәніне қайшы келеді деп топшылаймыз. Себебі, 21 мамыр 2007 жылы Конституцияға енгізілген толықтырулар мен өзгертулердің нәтижесінде тек Парламенттің төменгі палатасы ғана Үкіметті қалыптастыру мен орнынан кетіру құзыретіне ие бола алады. Бұл араға Мәжіліс тарқап кеткен жағдайдағы, Сенаттың тұтас Парламент атынан өкілдік ететін жәйтті қоспаймыз. Тіпті, осы тұстың өзінде Сенат, тарқап кеткен Мәжілістің заңшығарушылық қызметінен басқа саясиленген функцияларын іске асыра алуға құзыретті болмауы керек деп топшылаймыз. Әлемдік тәжірибеде үкіметті құру мен тарқатуға саяси күштерді ескеру мақсатында тек парламенттің төменгі палатасын ғана тартады. Сондықтан да алдағы уақытта осы олқылықтарды жою немесе ұтымды пайдалану сұрақтарын заңи не дәстүр (конституциялық) тұрғысынан реттестіру қажет деп білеміз [1].

Әлем мемлекеттеріне зер салар болсақ ХХ ғасырдың 20-60жж. мемлекеттік билік механизмінде парламент рөлінің күрт төмендегенін байқауға болады. Осы кезеңде күшті тоталитарлық жүйеге негізделген партия не көсем билігінің құрсауынан шыға алмайтын формальды сипаттағы парламенттер өмір сүрді (СССР-де, Солтүстік Корея, социалистік бағытты ұстанушы Шығыс Европа елдері және т.б.). Тіпті Франция, Ұлыбритания сияқты демократиялық мемлекеттердің өзінде парламент билігі атқарушы биліктің қол шоқпарына айналып «рационалды парламент» ролін ойнауына тура келді. ХХ ғасырдың 60-жж. соңына қарай парламент өкілеттілігінің көлемі біртіндеп кеңейіп, бүгінде осы үрдіс қалыпты түрде дамып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясына 21 мамыр 2007 жылы енгізілген өзгертулер мен толықтырулар да өз кезегінде осындай әлемдік үрдіске өз үлесін қосып, парламенттің үкіметті қалыптастыруға қатысты саяси мәртебесі мен өкілеттілігін күшейтіп отыр. Сәйкесінше Конституция мәтініне енген жаңалықтар саяси жүйеге де жағымды әсер етеді деп күтілуде. Бұл өзгерістерге дейін берілген Мәскеудің жария құқықты зерттеу орталығының президенті А.А.Куртовтың пікірін келтірелік. ТМД елдерінің бірде біреуі реформалар нәтижесінде шынайы демократияға қол жеткізіп отырған жоқ дей келіп автор: «Парламентаризмнің қазақстандық нұсқасы тек биліктің авторитарлық және заң шығарушылық компонентін нығайтады», - деп жазады [2].

Сенімсіздік білдіру немесе сенімсіздік вотумы – үкіметтің саяси солидарлы жауаптылығын көздейтін парламенттегі саяси күштердің (оппозициялық-азшылық және парламенттік көпшілік) бастамашылығымен парламент (палата) отырысына енгізілетін және көпшілік дауыспен қабылдануды қажет ететін бақылау функциясының белсенді формасы (процедурасы). Сенімсіздік білдіру негізінен тікелей демократия жолымен сайланатын төменгі палатаның өкілеттілігіне жатқызылады және әдетте саяси жүйесі дамыған елдерде оппозициялық азшылықтың бастамасымен саяси күштерді құқықтық теңестіру және тежеу тетігі ретінде көтеріледі. Сенімсіздік білдіру бастамашылығы депутаттармен, депутаттық бірлестіктермен (фракция, топтар) көтеріліп жатады. Италия, Испания, Франция, Швеция мемлекеттерінде палата мүшелерінің кемінде 1/10-нің бастамашылығымен көтеріледі. Кей мемлекеттерде бұл көрсеткіш төмендеу, Грецияда – палата мүшелерінің 1/6-нің (84-б., 2-т.), ал

Португалияда депутаттардың 1/4-нің және сондай-ақ депутаттық топтармен де (194-б., 1-т.) бастамашылық көтеруге болатындығы Конституцияда бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Мәжіліс депутаттары жалпы санының кемінде 1/5-нің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы (56-б., 2-т.). Депутаттар бастамашылығының 1/10, 1/6, 1/5 және 1/4 қатынасы – Парламенттегі депутаттардың санына тәуелді. Мәселен 1/10 бастамашылық, бұл: Испания Парламенті үшін (Депутаттар Конгресінде 300-ден кем, 400-ден артық емес депутат) – 35 депутат, Италия Парламенті үшін (Депутаттар Палатасында 630, Сенатта 315 депутат) – сәйкесінше 63 және 31 депутат, Франция Парламенті үшін (Ұлттық Жиналыста 577 депутат) – 57 депутат, Швеция Парламенті үшін (Риксдагта 349) – 34 депутат болады. Демек, Италияда 63, Францияда – 57, Испанияда – 35, Швецияда – 34 депутат сенімсіздік білдіру туралы бастамашылық көтере алады. Ал Португалия Парламенті депутаттары (180-нен кем емес, 230-дан артық емес) үшін шамамен 1/4-і – 51 депутатты, Греция Парламенті депутаттары (жалпы саны 200 ден кем, 300 ден артық болмауы тиіс) үшін 1/6 – шамамен 42 депутатты құрайды. Қазақстанда бұл көрсеткіш Мәжіліс депутаттары (107 депутат) үшін 1/5 болғанда – 21 депутатқа тең. Демек салыстырмалы түрде алғанда, сенімсіздік білдіру институтының мәні мен мақсатына қазақстандық үлгі толықтай жауап бере алады деп тұжырым жасаймыз. Алайда, еліміздегі саяси жүйенің пісіп-жетілмеуі мен саяси партиялар дамуындағы дағдарыс жақын аралықта сенімсіздік білдіру бастамашылығының көтерілмейтіндігін әрі «өлі» процедура күйінде ұзақ уақыт сақталатындығын бекіте түседі. Сондықтан да конституционализм мен конституциялық басқарудың және конституциялық рәсімдердің толыққанды іске асуы үшін олардың қозғаушы күштері болып табылатын саяси жүйе мен институттар жетілуі керек. «Парламенттің бақылау функциясын іске асыру Конституцияда жария етілген және бекітілген өкілеттіліктерге байланысты емес, ол нақтылы партиялық-саяси құрылымға тәуелді» деп көрсетеді белгілі ғалым Б.А. Майлыбаев [3, 367 б.]. Демек, осы орайда мемлекет тарапынан әкімшілік тәртіпте қолдау көрсетіліп, нақты мүмкіндіктер жүйесі қалыптастырылғаны жөн. Себебі қоғамдық-көпшілік сипатқа ие болатын экономикалық және саяси дағдарыс өзара байланысты әрі қашанда мемлекеттік қолдауға зәру. Бүгінде әлемде болып жатқан қаржылық дағдарыс тек мемлекет қолдауы негізінде ғана түзеледі деп күтілуде. Демек мемлекет жоғарғы жария билік иесі ретінде кез-келген жүйедегі дағдарысқа, соның ішінде елімізде тұралап тұрған саяси партиялар мен институттарды қолдауда белсенділік танытуы қажет. Бұл орайдағы шаралар кешенді сипатта құрылып саяси жүйені дамытудың қысқа, орта және ұзақ мерзімді тұжырымдамасын жасау арқылы жүзеге асуы керек деп есептейміз. Сондай-ақ оның басты бағыттарының бірі ретінде «заңнамалық негізді шетелдік конституционализм бекіткен демократиялық тәжірибеге сай қайта қарау және қалыптастыру қызметін» тану қажет. Жекелей алғанда сенімсіздік білдіру институты өз мәніне сай іске асуы үшін ең алдымен сайлау туралы заңдарды «жұмсартудан» басталуы қажет. Көппартиялылық және оппозициялық партияның болуы осы күнгі европалық парламенттердің қалыпты стандарты болып табылады. Осы орайда отандық бұқаралық құралдарда көптен айтылып жүрген ұсынысты кезек күттірместен қабылдау керек деп есептейміз. Қазақстанда саяси партия сайлау қорытындысы бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының кем дегенде 7 пайызын жинау

керек. Жалпы саяси партияның парламенттен орын алуы үшін әлемде қалыптасқан тәртіп бойынша – 5 пайыздық кедергіні бағындыруы керек. Бұл көрсеткіш Ресейде – 7 пайыз, Украинада – 3 пайыз, ал әмбебап көрсеткіш ретінде – 5 пайыз қабылданады. Сондықтан да саяси партияның тізімі үшін Қазақстанда да – 5 пайыздық кедергіні енгізгеніміз жөн болар еді.

Сондай-ақ Қазақстандағы қазіргі жағдайда сенімсіздік білдіру бастамашылығының 1/5 деп бекітілуі саяси жүйені дамытуға кедергі келтіретіндіктен, оны 1/10 деп белгілеуді ұсынамыз.

Сенімсіздік білдіру туралы көтерілген бастама Палата тарапынан қабылданбаса, мұндай бастаманы осы сессия барысында қайталап көтеру құқығынан айырылады (Португалия, Франция) немесе алты ай уақыт өткеннен кейін барып қана көтере алады (Греция). Сенімсіздік білдіру туралы сұрақты Палата отырысына енгізу процедурасымен оны дауысқа салып талқылаудың аралығы саяси тұрғыдан алғанда маңызды мән-жай. Бұл мерзім Франция, Греция және Португалияда 48 сағат деп белгіленсе, Италияда – 72, Испанияда – 120 сағат деп қабылданған. Бұл уақыт аралығының саяси маңыздылығы сонда, үкіметке парламенттің кей мүшелерімен сөз байласып өз жағына шығаруға және оларға ықпал ету мүмкіндіктерін іске асыруға қолайлы жағдай туғызады. Барлық батысевропалық елдерде сенімсіздік білдіру рәсімі қатысып отырған депутаттардың абсолютті көпшілік дауысымен қабылданады. Егер парламенттік көпшілік үкіметті қалыптастырған болса және оппозициялық топтар шашыраңқы әрі әлсіз болса, онда іс жүзінде үкіметке сенімсіздік білдіру қаупі төнбейді. Мәселен, Ұлыбританияда парламенттік көпшілікке ие болған кабинетке сенімсіздік білдіру соңғы уақыттарда мүмкін болмай отыр. Ұлыбритания Қауымдар Палатасы XX ғасыр бойына кабинетке екі мәрте ғана сенімсіздік білдіре алды: 1924 және 1979 жж. Италияда 1947 ж. бастап сенімсіздік білдіру туралы резолюция бар болғаны үш рет қолданылды. Францияда 1959-1987 жж. аралығында 35 рет сенімсіздік білдіру туралы сұрақ көтеріліп, тек бір жағдайда ғана, яғни 1962 ж. 2 желтоқсанда президент де Гольдің жеке билігін күшейтетін конституциялық реформаны әзірлеу үшін Помпидудың үкіметіне білдірілген сенімсіздік сұрағы Ұлттық Жиналыспен қанағаттандырылды. Алайда, бұл сенімсіздік білдірудің нәтижесі не үкіметті орнынан кетірген жоқ, не конституциялық реформадан бас тарттырған жоқ. Керісінше президент парламентті тарату құқығын пайдаланып, жаңа сайлау тағайындады.

Сондай-ақ сенімсіздік білдірумен қатар үкімет қызметіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету және негізсіз саяси дағдарыс туындамас үшін көптеген мемлекеттерде конструктивті вотум рәсімі қабат қолданылады, яғни жұмыс істеп жатқан үкіметті орнынан кетіру үшін алдын-ала жасақталған өз үкіметін ұсынуы тиіс.

Солтүстік Европа мемлекеттеріне келер болсақ, мұнда Скандинав елдерінің парламенттері сенімсіздік білдіру рәсімін тәжірибеде өте сирек қолданатындығын байқаймыз. Скандинав елдеріндегі тағы бір ерекшелік, жекелеген сипаттағы саяси жауаптылық, алқалы жауаптылыққа қарағанда сирек қолданылады. Мәселен, Швецияда 1985 ж. сыртқы істер министрі Леннарт Бюдстрёмге өзге мемлекеттердің суасты сүңгуір кемелерінің швед ішкі суларына енуіне байланысты білдірілген сенімсіздік бойынша: 160 депутат жақтап, 184 депутат қарсы дауыс берді. Ал Данияда жеке сипаттағы саяси жауаптылық институты мүлдем жоқ. Зерттеуші Ракитская И.А.

скандинав елдеріндегі саяси жауаптылыққа тарту сұрақтарының сирек көтерілуін келесідей себептермен түсіндіреді: біріншіден, үкімет сенімсіздік білдірілгенде палатаны тарату және кезектен тыс жаңа сайлау тағайындау туралы мәселені қоя алады. Бұл жағдайда Данияда палатаны – мемлекет басы, Швецияда – тальман (Риксдагтың төрағасы), Финляндия мен Исландияда – республика президенті тарата алады. Мұндай саяси күрестің тәсіліне Финляндия үкіметі 5 рет (1926 ж. Каллио, 1928ж. Сунила, 1957 ж. Сукселейнен, 1958ж. фон Фиендт үкіметі) жүгінсе, Швецияда осы тәртіп бойынша 1957 ж. бір рет парламент тарқатылды. Екіншіден, сенімсіздік білдіру бастамашылығы көтерілгеннен кейін, ол дауысқа салынбай жатып тұтастай үкімет не оның мүшесі орнынан кететіндігін мәлімдеу арқылы парламенттік рәсім аяғына жетпей қалады. Үшіншіден, сенімсіздік білдіру дауысқа салынған күннің өзінде көп реттерде қажетті дауыс санын ала алмай жатады [4, 75-76-бб.]. Деупатттар сенімсіздік білдіру құқығын жүзеге асырудан қорқады. Парламент таратылып кетсе өз мандаттарынан айырылып қалатындығы оларды тәуекелге барғызбайды. Депутатқа жасалатын мұндай саяси қысым парламенттің өкілеттілігін тарылтады деп есептейміз.

Парламенттік бақылау – дербес құқықтық институт. Алайда оның парламенттің қоғамдық институт ретіндегі мәнінен туындайтындығын ескеруіміз қажет. Парламенттің мемлекеттік-биліктік сипаттағы бақылау қызметі құқықтық формада көрініс табады. Сондықтанда парламенттің бақылау функциясын күшейту және кеңейту мәселесі – оның іске асу формалары мен мемлекеттік билік органдарының парламент алдындағы жауаптылығын көздейтін құқықтық реттеу шараларымен қамтамасыз етілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (23.03.2019 № 238-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) (өзгерістер мен толықтырулармен)
- 2 Куртов А. Куда держит путь снежный барс? // Независимая газета. – 2002 г., 27 декабря
- 3 Майлыбаев Б.А. Институт Президента в Казахстане: монография. – 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 592 с.
- 4 Ракитская И.А. Формы парламентского контроля в Скандинавских странах и Финляндии: дисс. ...канд. юрид. наук: 12.00.02. – М., 2001. – 154 с.

Резюме

В этой статье особое значение имеет законный и политический характер парламентского надзора. Именно поэтому тема была теоретически тщательно рассмотрена.

Summary

In this article, the legal and political nature of parliamentary oversight is of particular importance. That is why the topic was theoretically thoroughly reviewed.

**Журсиналиев О.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты**

ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМАЛАР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРГЕ ЖОЛ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Бұл мақалада шет мемлекеттердің заңнамалары бойынша дәлелдемелерге жол беру институтының проблемалары қарастырылған.

Кілт сөздер: дәлелдемелер, дәлелдеу құралдары, дәлелдемелерге жол беру, дәлелдемелердің қатыстылығы.

ФРГ азаматтық процесінде дәлелдемелерге жол беру ережесі азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген дәлелдеу құралдарының көмегімен алынған дәлелдемелердің ғана жол берілетіндігін білдіреді.

ФРГ АПК сәйкес мұндай дәлелдеу құралдары: тексеру, куәнің айғақтары, тараптардан жауап алу, сарапшының қорытындысы, құжаттық дәлелдемелер болып табылады. Дегенмен, заң ерекше жағдайларда сот дәлелдеудің өзге де көздеріне жүгіне алатынын бекітеді (ФРГ АПК 293-бабы) [1, 8756.].

Германдық тәсіл әрбір нақты жағдайдың ерекшелігін түсіндірудегі проблемаларды тудыруы мүмкін, бұл адам ойлауының субъективті сипатына байланысты. Тәжірибеде бұл проблема арнайы техникалық құралдардың көмегімен алынған деректерге қатысты пікірі бар, сарапшының қорытындысын пайдалану жолымен шешілуі мүмкін.

АҚШ азаматтық процесінде дәлелдемелердің жол берілуі дәлелдемелердің қатыстылығымен тығыз байланысты. Дәлелдемелер туралы Федералдық ережелердің 402 ережесіне сәйкес, «егер АҚШ конституциясында, Конгресс актісінде, осы Ережелерде немесе заңда көрсетілген өкілеттіктерге сәйкес Жоғарғы Сот ұйғарған өзге де нормаларда өзгеше көзделмесе, кез келген қатысты дәлелдемеге жол беріледі. Қатыспайтын дәлелге жол берілмейді» [2, 246.]. Дәлелдемелерге жол беру туралы мәселені шешу дәлелдемелер мен жалпы құқық туралы Федералдық ережелерге негізделеді. И.В. Решетникова дәлелдемелердің жол берілуі мен қатыстылығы арасындағы арақатынас заңнаманың жасанды ережелерімен анықталғанын атап өтті. Дәлелдеме сапасы ретінде қатыстылық фактілер арасындағы қисынды байланысты анықтайды (дәлелдеме және оның көмегімен дәлелдеуге тырысатын дәлелдеу затының мән-жайлары арасында). Қатыстылық дәлелдемелерге жол берілетіндігін немесе жол берілмейтіндігін анықтау үшін алғы шарт болып табылады. Жол берушілік тек қатыстылық талаптарымен ғана емес, заңда белгіленген талаптармен де шектеледі [3, 60-61бб.]. Дәлелдемелердің қатыстығы деп тану туралы мәселе дәлелдемелерге рұқсат етілген деп тану туралы мәселеге қатысты бастапқы болып табылады. 402 ереже дәлелдеу ережелерінің барлық жүйесі үшін негізгі болып табылады. Барлық қалған ережелер, мәні бойынша, салыстырмалы дәлелдеме жол берілетін деп танылмайтын жағдайларды сипаттай отырып, тек осы ережеден алып тастауды ғана белгілейді [4, 61б.]. Егер дәлелдеме рұқсат етілген деп танылса, дәлелдеменің маңыздылығы мен

дұрыстығы туралы мәселе шешіледі. Осылайша, дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені түпкілікті шешу сотта талқылау процесінде шешіледі. Әдебиетте, тек алдын ала пайымдауға жатпайтын, даудың пәнін шатастыруға әкеп соқпайтын, жаңылыстырмайтын және өзге де жолмен істі қарауды созбайтын дәлелдемелерді ғана өткізетін судьяны «серіктес» деп атайды. Сондай-ақ, судья құлаққа естуге негізделген дәлелдемелерді жоққа шығарады [5, 116.]. Мұндай дәлелдемелерді алып тастау ережесі (hearsay rule) сондай-ақ, олардың құқығы ағылшынсаксондық жүйенің әсерімен қалыптасқан, Латын Америкасы елдерінде де қолданылады. Мәселен, 1984 жылғы Панама сот кодексінің 964-бабында: «Әңгіме тарихи фактілер мен көпшілік алдында белгілі фактілерді растау туралы болған жағдайларды қоспағанда, басқа адамнан бір нәрсе туралы естіген куәнің айғақтары жоқ» деп көрсетіледі [6, 996.].

Американдық құқықтағы дәлелдемелерге жол беру дәлелдеме ережелерінің бәсекелесетін рөлін бір ережелерге рұқсат беру арқылы келесі себептер бойынша басқалардан бұрын процеске кіруді мойындайды: шындықты іздеуден гөрі маңызды болуы мүмкін танудан, қоғамдық қарым-қатынастардан, мысалы, некелік қатынастардан; ақпараттың үлкен көлемін алу нәтижесінде туындауы мүмкін тәртіпсіздікті болдырмауға ұмтылу; сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға және ақталмаған уақыт шығынын қысқартуға ниет; әділетсіз түсіністікті болдырмау қажеттілігінің болуы [7, 776.].

Американдық азаматтық процесте дәлелдеу кезең-кезеңмен жүзеге асырылатынын атап өткен жөн, рұқсат беру туралы мәселені шешуге көшу қатыстылық туралы мәселені шешкеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Салыстырмалылық критерийі негізгі ретінде айқындалған, ал ұйғарымды анықтау заңнамалық шектеу арқылы өтеді және барлық ұйғарымды дәлелдемелер өз мәні бойынша қатысты болуға тиіс. Бірінші көзқарасқа ұқсас позицияға отандық азаматтық процесс ие, ҚР АПК 64-бабына сәйкес, сот істі қарау және шешу үшін маңызы бар дәлелдемелерді ғана қабылдайды. Алайда, ҚР АПК 65-бабына сәйкес, заңға сәйкес белгілі бір дәлелдеу құралдарымен расталуы тиіс істің мән-жайы ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес. Осылайша, дәлелдемелердің жарамадылығы және қатыстылық өлшемдері заңда тең, бұл ретте отандық азаматтық процесінде қатыстылық белгісін негіз қалаушы ретінде танылмайды. Осы көзқарасты растау үшін, сондай-ақ, ҚР АПК 68-бабына сілтеме жасауға болады, оған сәйкес сот әрбір дәлелдемелердің жарамадылығы және қатыстылығын жеке дара, яғни бір мезгілде және қатарлас бағалайды.

АҚШ-та қолданылатын тәсіл іс жүргізушілік үнемдеудің үлкен дәрежесімен ерекшеленеді, жалпы отандық азаматтық процесс міндеттерінің біріне жауап береді - азаматтық істерді дұрыс және жылдам қарау және шешу (ҚР АПК 4-бабы), бірақ судьяларға үнемі артып келе жатқан жүктеме жағдайында да дәлелдемелерді бағалаудың жеке ережелерін басым ретінде артық қолдану дәлелдерді негізсіз және уақытынан бұрын алып тастауға әкеп соғуы мүмкін, бұл өз кезегінде азаматтық істерді қарау мен шешудің дұрыстығына әсер етеді.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың практикасында бұл проблема іс жүргізу мүмкіндіктерінің теңсіздігі аспектісінде қаралады және сот органында қолданылып жүрген дәлелдемелерді қарау ережелері тараптардың бірінің бас куәні

тыңдауға мүмкіндік бермейтін жағдайда да туындауы мүмкін, бұл қарама-қарсы тарап үшін артықшылықтар туғызады [8].

Дәлелдемелерге жол беру туралы мәселені шешу қажетті дәлелдемелердің проблемасымен тығыз байланысты. Өз бетінше құқықтық түсінік ретінде қажетті дәлелдемелер туралы айтқанда, И.М. Зайцев құқық туралы даулардың кейбір санаттарында рұқсат етілген дәлелдемелердің бір түрі болып табылатындығы туралы қорытындыға келді [9, 83-89бб.]. Дәлелдемелерге жол беру ережесі ҚР АПК-нің 65-бабында көзделген: «Заңға сәйкес белгілі бір дәлелдеу құралдарымен расталуы тиіс істің мән-жайлары ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес». Белгілі бір дәрежеде жол берілетін және қажетті дәлелдемелер ұғымдары бірқатар жағдайларға байланысты істі дұрыс қарау үшін талап етілетініне ұқсас. Жол берілетін және қажетті дәлелдемелердің, әдетте, жазбаша нысаны болады, яғни заңмен немесе өзге де нормативтік құқықтық актімен белгіленген заңды маңызы бар фактіге қатысты формаланған мәліметтер жиынтығы болады. Жол берілетін және қажетті дәлелдемелердің мәні оларда қамтылған мәліметтердің кепілді шынайылығынан көрінеді, бұл көрсетілген дәлелдемелердің жазбаша нысанымен түсіндіріледі, оған нормативтік құқықтық актілермен ресімдеуге, белгілі бір деректемелердің және т.б. болуына қатысты белгілі бір талаптар қойылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Musiclax Hans-Joachim. Kommentar zur Zivilprozessordnung mit Gerichtsverfassungsgesetz. - Muenchen, 2005. - S. 1092.
- 2 Federal Rules of Evidence. - NY, 1999. - P. 24.
- 3 Решетникова И.В. Доказательственное право Англии и США. - Екатеринбург, 1997. - С. 58-59.
- 4 Bronstein Daniel. Law for the expert witness. - Cop., 1999. - P. 61.
- 5 Matson Jack. Effective expert witnessing. - Cop., 1999. - P. 11.
- 6 Ермакова Е.П. Доказательства в гражданском процессе стран Латинской Америки: На примере Колумбии, Панамы, Эквадора: дис. ... канд. юрид. наук. - М., 2003. - С. 58-60.
- 7 Таранова Т. Доказательства в гражданском судопроизводстве в США / Т. Таранова, Б. Тэйлор // Вестник.-2003.-№23.
- 8 Конвенция о защите прав человека и основных свобод ETS N 005 (Рим, 4 ноября 1950 г.) // Собрание законодательства РФ. - 2001. - № 2. - Ст. 163.
- 9 Зайцев И.М. Понятие необходимых доказательств в гражданском судопроизводстве // Актуальные проблемы теории юридических доказательств. - Иркутск, 1984. - С. 83-89.

Резюме

В данной статье рассмотрены проблемы института допустимости доказательств по законодательству иностранных государств.

Summary

This article deals with the problems of the institution of admissibility of evidence under the laws of foreign states.

ОӘЖ:347.65/(075)574

**Жылқыбеков С.
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының
1 курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., профессор Жайлин Г.А.**

МҰРАНЫҢ АШЫЛУЫ УАҚЫТЫ ЖӘНЕ АШЫЛУ ОРНЫ

Бұл мақалада мұранын жалпылама түсінігі және мұранын ашылуы уақыты мен мұраның ашылуы орыны толығымен айтылып өткен. Осы тақырыпқа байланысты тәжірибиеде кездесетін өзекті мәселелері де қаралған.

Кілт сөздер: мұра қабылдау, өсиет, құқық қаблеттілік, нотариат, куәландыру, билік ету.

Рим құқығында өсиет деп жеке тұлғаның тірісінде дүние – мүлкін мұра ретінде жазып кетуін айтқан. Егер өсиетте мұрагер көрсетілмесе, мұндай құжат ешқандай құқықтық нәтиже бермеген.

Өсиет (ағыл. тілінен last will and testament) - азаматтың қайтыс болуына байланысты өзіне тиесілі мүлікті заң тәртібіне сәйкес билік ету.

Өсиетте - бір жақты мәміле саналған. Өсиет пен мұраны қабылдау үшін бөлек құқықтық акт жасалатын. Өсиет қалдыру үшін – жеке тұлғаның бедел өсиеттік қабілеттілігі талап етілетін үшін – жеке тұлғаның бедел өсиеттік қабілеттілігі талап етілетін (бұған әрекет қабілеттілігі жақ, қылмыс үшін сотталған, жеке тұлғалардың кейбір топтары кірмеген).

Өсиет нысаны әр кезеңде әр түрлі болған, мәселен өсиет 7 куәнің қатысуымен жасалатын, жазбаша нысанды сақтау міндет болып табылмаған. Ежелгі Римде мемлекет органдарының қатысуымен жасалатын жария өсиеттерді сот хаттамасымен немесе белгілі магистрат хаттамасымен жасауға болатын.

Қазақ арасындағы әке мұрасы мен мұрагерлік құқық [1, 28 – 33 бб.] өз алдына бөлек сөз етуді қажет ететін қызық мәселенің бірі. Бұл мәселеге ежелден бері көңіл бөлінуде, тіпті Тауке ханның «Жеті жарғысында» да ол көрнекті орын алған.

Әке – шеше бірдей өліп, артында ылғи жас қыздар қалған жағдайда әкеден қалған мал – мүлік оның аға – іңілеріне ауысады, онымен бірге қыздар да солардың тәрбиесінде болады. Халық дәстүрі бойынша олар жетім қалған қыздарды өсіріп, бой жеткізіп, кейін той – томалағын жасап, жасауымен ұзатуға міндетті. Қыздарға

жұмсалатын қаржыдан артылатындай мал мен мүлік қалған жағдайда бірге туысқан мұрагерлер өзара бөлісетін. Өлген адамның бірге туысқан аға – інісі болмаса, жанашар ағайыны жиналып шөбере туыстарының біріне қалған жас жетім балаларды тәрбиелеу міндеттеледі де, мал – мүлік те сол қамқоршының қолына көшеді.

Өзінен туған ер баласы болмаған жағдайда ағасының не інісінің баласын асырап алу қазақ арасында ежелден келе жатқан дәстүр. Баланы мүмкіндігінше ең жақын туыстарынан алатын. Мұндай мүмкіндік болмаған күнде басқа ел, басқа рудан да тамыр – таныстарының баласын алып асырайтын.

Мұра және мұрагерлік мәселесіне тікелей қатынасы бар тағы бір жай, - жасауымен келген әйел жастай баласыз өлсе, жасаудың негізгі бөлігі төркініне қайтарылады. Мұндай жағдайда А.И. Добросмысловтың айтуынша, отау, төсек – орын, сәукеле, ер – тұрманымен бір ат және бір түйе қайтарылады. Ал өлген әйелден бір ғана қыз қалса, жоғарыда айтылған мал – мүліктің жартысы қайтарылады, ал ұл қалса, ешнәрсе қайтарылмайды.

Ал, архив қоймаларына көз салғанда, баласыз өлген жас әйелдердің жасауын даулаған деректерге кездестік. Бұған қарағанда, күйеуі мен құдасына бір нәрседен көңілі қалып өкпелеген жағдайда жасауды дау болған сияқты. Сөйтіп ертеректе жасаудың қайтарылуы міндетті болғанымен, кейін бұл салт ұмытылған болу керек.

Ел аузынан жиналған соңғы деректерге қарағанда, жоғарыдағыдай, мал мен мүлікті міндетті түрде қайтару шарт емес. Қалыңмалы толық алынып ұзатылған қызға берілген жасауды даулау әдетке айналмаған. Қарттардың айтуынша, өлген қыздарының белгісі ретінде төркініне сәукелені қайтару әдеті болған көрінеді. Өйткені сәукеле әуелде қызға арналып жасалған қуаныш белгісі болғандықтан, төркіндері оны «пәлен данның сәукелесі» деп, оның көзіндей көретін ескерткіш ретінде қалдырады.

Сонымен қазақ халқы әдеттік құқ негізіне сүйене отырып, әкем мұрасына иелік етіп, оны мұрагерлер арасында дұрыс бөлісуге көп мән берген. Әкеден қалған мал мен мүлікті орын – орынымен бөлісу үстінде адамгершілікке жатпайтын дүниеқорлық, озбырлық қылықтарды істеп, алауыздықтың тууына, көбінесе жол берілмейді. Мұны жоғарыда баяндалған мұрагерлік құқығының сан алуан түрлері қазақтың әдеттік ережелерінде өте орынды ескертілгендігінен де байқауға болады. Марқұмның өлердегі өсиеті, артында қалған жас баларының, жесірінің, қара шаңырағының, тіпті енші алып бөлек кеткен балалары мен ұзатылмаған қыздарының мүддесі және өліктің жетісін, қырқын, жүзін және асын беру шығындары түгелдей ескеріледі. Кейде мұндай дәстүрлі бұзушылар да табылатын. Ондай озбырларда есесі кеткен мұрагерлер билер алдында барса да теңдік алатын. Ондай озбырларда есесі кеткен мұрагерлер билер алдында барса да теңдік алатын. Мұндай жағдай сирек кездесетіндіктен, оны бүкіл халық болмысына тән деп қарауға болмайды. Мұра бөлісу дәстүрінің әдеттік ережесінде соншалықты мұқият қаралуының өзі оған біреудің озбырлық жасап, қиянат жасауына жол бермеудің ежелден бергі кепілі тәрізді [2, 80 – 83 бб.].

Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөніндегі өз ықтиярын білдіру өсиет болып табылады. Мәселен, К. азаматтың мүліктік құрамы пәтер, автокөліктен тұрады. К. азамат пәтерді зайыбына, автокөлікті баласына өсиет етіп қалдыруға құқылы.

Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір немесе бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады.

Өсиетті өзі жасауы тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді.

Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды.

Мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы.

Мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.

Мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға, олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір түрде билік ету міндетін жүктеуге құқығы жоқ.

Өсиет - бұл өсиет қалдырушының өлер алдында өз мүлкін билеу мен мұрагерлерді тағайындау арқылы, заңдық тәртіпке сәйкес және заңда көрсетілгендей куәлардың көрсетуімен жүзеге асырылады. Бұл мінездемеге сәйкес өсиет өсиет қалдырушының өлгеннен кейін еркі іс жүзінде асырылады, алайда ол өлімге дейін бірнеше бұрын құрастырылады және ол өлгеннен кейін күшіне енеді [3, 127 б.].

Өсиет термит екі мағына береді:

Өсиет - бұл құжат, яғни онда өсиет қалдырушының өз еркінен қалыптасып айтуынған сөзі.

Өсиет - бұл келісім, өсиет қалдырушының тікелей өзімен байланысты. Бұл өкіл арқылы немесе сенімді адам арқылы жүзегеаспайды. Мұны өсиет қалдырушы тікелей өзі құруы қажет және бұл аса тікелей жеке құқық болып табылады.

Өсиет бойынша және заңды мұрагерлік бойынша танылған мұрагерлердің мұрагерлік құқықтарын нотариат куәландырумен жүзеге асатындықтан, оның әрекеттерін толық білген жөн. Өсиетті өсиет қалдырушы белгілі бір талаптарымен жасауға құқылы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1044-ші бабына сәйкес мұрагер бола алатын кез келген адам қосымша тағайындалған мұрагер болуы мүмкін [4, 692 б.].

Өсиет бойынша мұрагердің қосымша тағайындалған мұрагерге пайдасы тимейтін бас тартуына жол берілмейді.

Егер өсиет қалдырушының өсиеттегі мұрагерлері қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1044 - ші бабына сәйкес мұрагер бола алатын кез келген тұлғаны тағайындай алады.

Егер өсиет қалдырушы өзіне тиесілі мүліктің жартысын бір немесе бірнеше тұлғаларға өсиет етсе, қалған мүлік бөлігі айтылмаса (өсиетте көрсетілмесе) мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1061-1064 баптарына сәйкес мұра қалдырушының баласына, зайыбына, ата-анасына, егер заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған, не

оларды мұрадан шеттеткен және олар мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1074-ші бабының 5-ші бөлігінде аталған жағдайларды қоспағанда, мұрагерлік құқығына ие бола алады.

Өсиет бойынша танылған мұрагерлер де мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігі бойынша мұрагерлікке шақырылады.

Өсиеттің нысаны туралы жалпы ережелер мына жағдайларда реттеледі.

Өсиет оның жасалған жері мен уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс.

Мыналар:

1. нотариатта куәландырылған өсиеттер;
2. нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер тиісінше ресімделген болып танылады.

Өсиетке өсиет қалдырушының өзі қол қоюы қажет.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсетіле отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін.

Сонымен қорыта айтқанда, өсиет - бұл өсиет қалдырушының заңдық тәртіпке сәйкес жасалатын еркімен, оған қоса нотариус өз кезегінде өсиет қалдырушының өсиетін куәландыра отырып, өсиет қалдырушыға еңбекке жарамсыз және кәмелет жасқа толмаған және асырауындағылардың мұрагерлерінің құқықтарының қорғау мүмкіншілігін ескеруі керек [45, 225 б.].

Нотариатта куәландырған өсиетті өсиет қалдырушы жазу керек не өсиет қалдырушының айтуымен куәнің қатысуы арқылы нотариус жазуға тиіс. Өсиет қалдырушының айтуымен өсиет жазылған кезде нотариус жалпы жұрт қабылдаған техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т.б.) пайдалануы мүмкін.

Өсиет қалдырушының айтуы бойынша нотариус жазған өсиетті өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәнің қатысуы арқылы өсиет қалдырушы толық оқып шығуы тиіс.

Өсиетті өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуы керек, құрастырған орны, күні, уақыты көрсетілуі тиіс. Өсиет қалдырушының сөзінен нотариус өсиет жазуы керек және өсиет қалдырушының өзі өсиетке қол қоюы керек [5, 25 б.].

Нотариус өсиет қалдырушының сөзінен өсиетті жазып алған және оған қолы қойылған кезде өсиетке қол қоятын куәгерде қатысуға тиіс.

Нотариатта куәландырған өсиеттерге:

- 1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу - алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай - ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу - алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай - ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;
- 2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери - емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпиталдардың,

санаторийлердің және басқа әскери - емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігері куәландырған өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің әскери - оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай - ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің де әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;

6) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996. -140 б.
- 2 Арғынбаев Х. Әке мұрасы және мұрагерлік құқы. // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Өзгертіліп, толықтырылған 2 – басылым. Қазақша, орысша, ағылшынша. - Алматы: «Жеті жарғы», 2004. - II Том.-2004.-672 б.
- 3 Диденко А.Г. Приобретение наследства. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып.24.-Алматы: Юрист, 2006.-320 с.
- 4 Ильясова К.М. гл 58. Наследование по завещанию. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: «Жеті жарғы», 2006. – 702 с.
- 5 Ильясова К.М. гл 58. Наследование по завещанию. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: «Жеті жарғы», 2006. – 702 с.
- 6 Баянова А.Е. Изменения понятия завещания по законодательству Республики Казахстан. // Актуальные проблемы современного гражданского права. Том 2. Материалы Международной научно–теоретической конференции аспирантов и соискателей, посвященной 10-летию Независимости Республики Казахстан. Алматы, 2001. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: КазГЮА.2001.- 320 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются понятие наследования, а также открытие наследования и место открытия наследования. Рассматриваются актуальные проблемы открытия наследования которые встречаются на практике.

Summary

In this article concepts were examined inheritance also of opening of inheritance and place opening of inheritance a theme is fully exposed. The issues of the day of opening of inheritance are examined that meet in practice.

УДК 343.982.347

Исапов Р.А.
магистрант Евразийской юридической
академии им.Д.А.Кунаева
научный руководитель
к.ю.н, доцент
Абдрахманов С.Т.

**ОБЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ МЕТОДИКИ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОГО
ИССЛЕДОВАНИЯ СЛЕДОВ ЧЕЛОВЕКА, ОРУДИЙ И МЕХАНИЗМОВ**

В данной статье автором рассматривается понятие криминалистических следов, дается классификация следов. А также изучены мнения ученых криминалистов по данному проблематике.

Ключевые слова: трассология, криминалистические исследования, криминалистика, понятие криминалистических следов, виды следов.

Большой объем информации, которую можно получить, проведя на месте происшествия предварительные криминалистические исследования, а также оперативность получения этой информации давно привлекли внимание специалистов. Практически невозможно, на наш взгляд, разграничить возникновение этой науки вообще и того, что мы сейчас называем предварительным криминалистическим исследованием, в частности. Уже основоположники в данной области, говоря об осмотре места происшествия (и не пользуясь, разумеется, современной терминологией), фактически говорят и о подобных исследованиях. Ганс Гросс, например, в своей книге «Руководство для судебных следователей как система криминалистики» говорит о подобных исследованиях, проводимых непосредственно на месте происшествия с целью выяснения обстоятельств производства выстрела, а также о проводимых на месте происшествия криминалистических исследованиях документов [1, с.564-571].

Большое внимание этому в своих трудах уделял и Эдмонд Локар. Его, по видимому, следует признать создателем информационных систем «след – информация о человеке». В его работе содержатся рекомендации по определению по следу руки пола, возраста, патологических признаков и профессиональной принадлежности лица, его оставившего. [2, с. 100-109]

Исследование Э.Локара в этой области были настолько успешны, что предложенные им в начале тридцатых годов [3] типовые разработки по схеме: признаки, выявленные следы, - характеристики лица, его оставившего, до сих пор используются в различных пособиях по данной проблематике для практических работников.[4,с. 5-7]. С.Н.Трегубов рассматривает формулу определения роста человека по размерам его ног, а говоря о криминалистическом исследовании документов, он прямо указывает, что «судебной экспертизе документа всегда должна предшествовать особое предварительное исследование его, которое может произведено через следующее лицо или судебным следователем непосредственно.[5. с. 176].

Эти и другие основания в известной мере, можно сказать, послужили для создания специальных методик, однако фундаментальных исследований в этой области долгие годы не проводилось. И лишь в 1952г. М.П.Шаламов выступил с инициативой проведения на местах происшествий предварительных криминалистических исследований. Им же и был предложен термин «предварительные» криминалистические исследования. [6. с. 3].

Теперь давайте попытаемся дать определение предварительному криминалистическому исследованию.

Так, Коломацкий В.Г., определяет предварительное криминалистическое исследование как – одну из форм криминалистического исследования, осуществляемого в трех формах:

-экспертное криминалистическое исследование, осуществляемое по постановлению органов дознания и предварительного следствия или определению суда;

-следственное (оперативное) исследование материальных следов преступления следователем или оперативным работником, осуществляемое в рамках производства следственного действия или ОРМ;

-предварительное, осуществляемое специалистом-криминалистом, следователем или оперативным работником вне рамок процессуальных действий с целью оперативного получения информации, необходимой для раскрытия преступления. Прежде всего – по горячим следам.[6,с. 3].

Другой виднейший ученый наших дней Ю.Г.Плесовских под предварительным криминалистическим исследованием понимает – одну из форм реализации специальных криминалистических знаний, осуществляемая на месте происшествия с использованием технико-криминалистических средств с целью получения не имеющих доказательственного значения, существенных для раскрытия и расследования преступления, данных путем выявления, исследования и оценки материальных следов преступления [7, с. 9].

Применительно к методике проведения предварительного криминалистического исследования материальных следов человека на месте происшествия, можно сказать, что она представляет собой систему методов, приемов и технических средств, предназначенных для исследования объектов, на которых могут сохраниться следы человека с целью получения информации, которую можно использовать для идентификации лица, оставившего эти следы.

Методика проведения предварительного криминалистического исследования названных следов включает в себя общую методику проведения таких исследований, частные методики проведения отдельных видов предварительных криминалистических исследований и методику решения отдельных задач этого исследования.

В настоящей дипломной работе рассматривается общая методика предварительного криминалистического исследования на месте происшествия и некоторые частные методики проведения названных исследований.

Любое предварительное криминалистическое исследование на месте происшествия осуществляется в определенном порядке, состоящем из следующих стадий:

1) подготовка к исследованию;

2) детальное исследование объектов, в процессе которого проводится раздельное, а затем сравнительное исследование, а также необходимые эксперименты;

3) оценка результатов исследования, формирование и фиксация выводов.

Предложенное деление в известной степени является условным, поскольку эти стадии (этапы) взаимосвязаны между собой и четких границ между ними не существует.

Возникает вопрос о том, на каком именно этапе (стадии) целесообразно проведения предварительных криминалистических исследований? Мы полагаем, что провести эти исследования более эффективно на рабочем этапе, разумеется за исключением тех случаев, когда признано целесообразным проведения исследований после завершения следственного осмотра места происшествия.

Итак, по прибытии на место происшествия осуществляются необходимые подготовительные действия, такие как - выяснение у очевидцев и других присутствующих лиц мест, где могут сохраниться следы преступления и преступника, выяснение возможных изменений, произошедших на этом месте, подготовка необходимых технико-криминалистических средств и т.д. производится подготовка к непосредственному предварительному криминалистическому исследованию [8,с.5].

В этих целях:

1) отбираются объекты исследования;

2) определяются способы и условия обращения с отобранными объектами;

3) выбираются места проведения исследований;

4) определяется очередность исследования различных объектов;

5) подготавливаются технико-криминалистические и другие средства для исследования [8,с.6].

Приведенный порядок исследования тоже является условным и определяется в зависимости от конкретной обстановки на месте происшествия. Например, при осмотре места происшествия по делу о краже из киоска возле входной двери в киоск на влажной почве был обнаружен четкий след обуви с характерным рисунком металлической набойки на каблуке. Других пригодных для исследования следов выявлено не было. В этом случае говорить об отборе объектов и очередности их исследования не приходилось. Исследование, фиксация, а затем трасологическая экспертиза обнаруженного следа позволили изобличить преступника.

На месте происшествия могут быть выявлены несколько объектов, на которых обнаружены или могут быть обнаружены следы человека. Последовательность их исследования может неоднократно меняться в зависимости от объективных условий, свидетельствующих о необходимости немедленного исследования одного из этих объектов в полном объеме, а затем уже перехода к отбору других объектов. И этому положению ярко свидетельствует нижеприведенный пример:

В своем доме был убит пенсионер М., при осмотре места происшествия на столе были обнаружены две бутылки из-под водки, три пустых стакана и посуда с остатками пищи. Возле дома на песке был обнаружен след обуви, пригодный для идентификации. Судя по размеру следа и наличию обуви в доме М, он был оставлен не М. Исследование началось с осмотра стаканов. В это время начал накрапывать мелкий дождь и было принято решение немедленно перейти к исследованию и фиксации следа обуви. Трасологическая экспертиза в последующем способствовала, наряду с другими доказательствами, изобличению виновного.

При отборе объектов для исследования следует учитывать, что предварительному криминалистическому исследованию могут подвергаться только те объекты, которые уже изучены в процессе следственного осмотра.

Кроме этого, необходимо учитывать:

1) квалификацию лица, производящего исследование. Это значит, что отбирать следует только те объекты, для изучения которых это лицо имеет специальные познания в области криминалистики;

2) наличие необходимых технико-криминалистических средств, позволяющих качественно произвести исследование, а также наличие других условий, при отсутствии которых выполнить поставленную задачу будет нельзя (наличие помещения, освещения и т.д.);

3) необходимость сохранения объекта в его первоначальном виде в случае, если этот объект должен быть признан вещественным доказательством;

4) наличие на объекте следов крови, частиц волос, волокон одежды, являющихся предметом других видов исследования (биологического, судебно - медицинского и т.д.). Если возникает опасность уничтожения или изменения этих следов, то нужно отказаться от предварительного исследования этих объектов;

5) важность исследуемого объекта для раскрытия преступления. В тех случаях, когда носимая объектом информация не требуется для принятия неотложных мер, которые должны осуществляться немедленно, целесообразно назначить криминалистическую экспертизу и в процессе ее проведения получить указанную информацию [8, с. 7].

Итак, после того, как объекты, предварительное криминалистическое исследование которых необходимо и возможно, отобраны, осуществляется первоначальный их осмотр. На его основании определяются способы и условия обращения с ними. При этом по мере возможности учитываются физическое их состояние, химический состав, оптимальный температурный и влажностный режим хранения. Например, при работе с микрообъектами используются резиновые перчатки, спецодежда, стерильные инструменты и материалы; при исследовании следов зубов на

пищевых продуктах необходимо соблюдать соответствующую температуру их хранения, либо (при невозможности) поместить продукты в холодную воду.

Семейное положение и его изменение у лиц, совершивших преступления, воздействует на формирование личностных качеств; определенным образом оно влияет и на направленность и устойчивость преступного поведения. В целом распространенность преступности среди лиц, имеющих семью, ниже, чем среди холостяков и одиноких. «В большинстве случаев семья стимулирует положительное поведение, осуществляет социальный контроль». Но главное, наличие семьи позволяет утверждать, что человек не отчужден от общества или его отчуждение не очень значительно.

Анализ данных о семейном положении лиц, совершивших преступления в составе преступных групп, свидетельствует о том, что 58% осужденных на момент совершения преступления были женаты (замужем) и имели детей, соответственно, 42% – не женаты (не замужем).

Другим свойством личности преступника является его уровень образования. Многочисленные криминологические исследования показывают, что культурно-образовательный уровень служит существенной характеристикой личности индивидуума вообще и преступника, в частности, поскольку связан с формированием чувства ответственности за свои поступки, чувства долга, уважительного отношения к закону и другому человеку. Характеристика образования лиц, совершивших преступления, имеет криминогенное значение, так как связана с культурой личности, ее социальным статусом, кругом интересов, жизненными планами и возможностями их реализации.

По утверждениям криминологов, в целом культурно-образовательная составляющая препятствует формированию преступных установок, способствует расширению выбора вариантов легитимного поведения, помогает избежать неоправданных, принятых под воздействием сложившихся обстоятельств, решений, однако далеко не всегда высокому уровню образованности соответствует высокая нравственность.

Из обследованных нами лиц, совершивших преступления в составе преступных групп, 14% имели среднее образование, 25% – среднее специальное, примерно 40% – высшее образование.

Большинство обследованных лиц, совершивших преступления в составе преступных групп, – трудоспособные (85%); значительная часть (80%) имели постоянное место жительства до ареста.

В большинстве случаев наиболее значимые отрицательные качества, характеризующие изучаемых нами лиц, в концентрированном виде проявляются через совершаемые ими преступления. Важность данной характеристики определяется тем,

что «она дает представление о тех чертах личности... существование которых привело... к совершению преступления».

В целом осуществление комплекса предупредительно-профилактических мероприятий, должно обязательно строиться с учетом специфики преступлений, совершаемых организованными группами. Анализ материалов уголовных дел свидетельствует, что в основном данными группами совершается незаконный оборот наркотических средств и психотропных веществ. «Популярна» в деятельности организованных преступных групп и организация каналов незаконной миграции, торговля людьми. Не последнее место занимает контрабанда, которая является традиционной сферой деятельности организованной преступности для пограничных районов.

Наряду с названными видами преступной деятельности набирает оборот использование экономики и финансовой сферы для легализации капитала. Кроме того, стремясь получить дополнительные доходы, преступные сообщества активно распространяют свое влияние за рамками национальных границ. Наряду с этим интенсивно происходит процесс проникновения иностранных мафиозных организаций в нашу страну.

По мнению магистранта, все это более чем наглядно подтверждает вывод о том, что организованные преступные формирования продолжают консолидироваться.

Для полноты анализа личностных характеристик преступной группы необходимо выделить следующих ее участников:

- 1) организатор группы;
- 2) руководитель структурной подгруппы (второй лидер);
- 3) активный участник, он же «ответственный исполнитель»;
- 4) обычный исполнитель («боец»);
- 5) второстепенный исполнитель, он же «временный исполнитель»;

6) оппозиционер, «слабое звено» группы – лицо, внутренне частично или полностью не согласное с совершением преступления, в котором он, тем не менее, принимает участие. Оппозиционер относится по выполняемым им поручениям к обычным исполнителям («бойцам»), либо временным, второстепенным исполнителям.

Преступник начинает свое криминальное становление в малой негативной социальной группе. Эта группа является связующим звеном между личностью и обществом. Именно в процессе этого взаимодействия и проявляются такие черты его характера, как жестокость и агрессивность.

Итак, в отношении категорий преступников – участников преступных групп, способных правильно оценить характер своих поступков и руководить ими, возникает вопрос: почему же ими избран криминальный вариант поведения? Ответ, видимо, лежит не столько в личностных качествах индивида, сколько в его социальных характеристиках и влиянии «микросреды» на их формирование.

Действия участников организованных преступных формирований и организованных преступных сообществ обычно совершаются в рамках малых групп и коллективов. Такие группы чрезвычайно подозрительно и настороженно относятся к вхождению в их состав ранее не знакомых и не проверенных в «деле» лиц. Это

затрудняет работу правоохранительных органов при применении оперативно-розыскных мероприятий и особенно такого сложного, как оперативное внедрение.

Данные минигруппы – относительно самостоятельный механизм, в котором устанавливается своя система ролей и своя система ценностей, то есть то, что характерно для элементов уголовной субкультуры. Такие группы внутри организованных преступных групп возникают не только по воле их лидера, но и на основе совпадения личных интересов, дружеских связей и предпочтений. И только потом происходит их организационное объединение вокруг «второго лидера» – руководителя исходной структуры минигруппы. Не считаться с такими группами внутри организованного преступного сообщества невозможно. Степень и характер поведения участников организованных преступных сообществ зависит от особенностей более мелких структурных криминальных групп, входящих в их состав.

Если проводить аналогию с социальной группой, то по своему перечню характеристики легальных и криминальных групп во многом совпадают. Лидер преступного сообщества, умело воздействуя на активное большинство группы, руководит им непосредственно сам или через «второго лидера».

Лидер – это член преступной группы, который по своим личностным данным, с согласия и по воле группы, а иногда и вопреки выдвигается на роль руководителя для того, чтобы в условиях определенной специфической и, как правило, достаточно значимой криминальной ситуации обеспечить организацию и проведение организованной преступной деятельности для достижения общей антиобщественной цели.

Представители высших и отчасти – средних звеньев преступной группы обычно имеют значительный криминальный авторитет, основанный на преступном опыте, материальных средствах и личных качествах. Лидерские способности и умение управлять окружающими обеспечиваются также эмоциональной холодностью, блокирующей или существенно ограничивающей субъективные возможности к сопереживанию. В то же время эта черта позволяет сохранить необходимую социально-психологическую дистанцию с окружающими, трезво анализировать складывающиеся ситуации с учетом всех наиболее важных моментов и на основе этого принимать рациональные решения.

Лидер преступной группы чаще не судим, достаточно умен, образован, особенно в организованной преступной группе (сообществе) экономической направленности, властолюбив, обладает организаторскими способностями и психологическим влиянием на подчиненных, а в качестве консультантов имеет опытных профессиональных преступников из числа "авторитетов", которые являются его приближенными людьми и советниками в части организации преступной деятельности.

Лидер в преступной группе нижнего уровня выполняет важные организационные и управленческие функции, без которых невозможно ее нормальное функционирование и развитие. Именно во многом благодаря ему группа становится сплоченной, устойчивой, ее состав стабилизируется, отношения формализуются. В результате расширения исходной группы или объединения нескольких групп создается преступное сообщество более высокого преступного уровня – организованная преступная группа или преступная организация. Нередко лидер «низовой» криминальной группы

(подгруппы) становится руководителем значительно более высокого уровня в результате благоприятного стечения обстоятельств или острого конфликта.

Лидеры преступных групп независимо от их организационно-структурного уровня обладают большой властью над подчиненными, однако, необходимо отметить, что настоящий, умный и опытный лидер стремится создать ситуации добровольного подчинения, или «подчинения с удовольствием». Само возникновение и существование преступной группы в значительной степени базируется на власти лидера.

В процессе расширения преступной деятельности внутри криминальной группы более высокого преступного уровня происходит формирование более усложненной психологической и функциональной структуры. Чем выше организационный уровень группы, тем более отчетливо и рельефно выступает ее внутренняя психологическая структура. Закономерностью развития преступной группы является устойчивая тенденция к постепенной замене эмоциональных отношений между участниками преступной группы на чисто деловые и функциональные, основанные исключительно на совместной коллективной деятельности. Деловые отношения в организованной преступной группе высшего уровня приобретают решающий характер, а значение эмоциональных, личных отношений постепенно утрачивается, и в ряде случаев при возникновении некоторых условий они могут и полностью отсутствовать.

Значение личностных качеств преступника, представляющих органический синтез психологических, криминалистических и криминологических качеств, трудно переоценить в процессе преодоления проблемных ситуаций, когда у следователя и взаимодействующих с ним оперативных работников отсутствуют достаточные исходные данные для выдвижения перспективных версий и принятия других тактических решений. Так, Т.Н. Тихонова и С.И. Журин «анализ психологических особенностей личности преступника, его действий считают одним из важнейших элементов предупреждения и раскрытия преступлений» [9].

Повышение структурно-организационного уровня преступной группы с неизбежностью приводит и к ее организационно-функциональному усложнению. В составе крупного криминального формирования создаются разведывательные и контрразведывательные подразделения, а в ближайшем окружении лидера – своеобразный штаб («мозговой центр») для планирования наиболее значительных преступных акций. Приближенные члены этого «штаба» (или сам лидер) берут на себя выполнение наиболее «осторожных» функций – отмыwania преступных доходов, создания и поддержания коррумпированных связей с представителями государственных, в том числе и правоохранительных органов.

Психологический микроклимат организованной преступной группы, входящей в состав организованной преступной группы, обуславливается следующими основными факторами.

1. Состав организованной группы. По своему составу такая группа может быть однородной по возрасту, полу, профессиональной принадлежности и другим признакам.

2. Направленность организованной группы, которая, главным образом, определяется теми основными целями, для реализации которых она и создавалась.

3. Структура группы и уровень ее криминального развития, которые обуславливают распределение властных полномочий, функций, преступных ролей и определяют распределение власти, степень организованности, уровень дисциплины.

4. Межличностные отношения, которые характеризуются значительным диапазоном – от высокодоверительных до психологически напряженных.

5. Существование групповых норм и условностей, сложившихся под влиянием совместной преступной деятельности, которые в свою очередь влияют на характер поведения и поступки членов группы. Выход за пределы этих норм сурово карается.

6. Связь с другими организованными преступными группами внутри криминального сообщества, основанными как на общих интересах (фактически на соучастии в преступной деятельности), так и на конкуренции, как внутри сообщества, так и с другими организованными преступными сообществами.

Данные положения подтверждаются проведенными исследованиями уголовных дел, оперативных и наблюдательных производств.

Так, традиционно уголовная среда пополняется за счет категории служащих. Даже в сообществах, занимающихся разбоем, воровством, вымогательством, их доля составляет 26 %, а в сообществах, где группы совершают экономические преступления, этот показатель в два раза выше. Но здесь неверно было бы игнорировать и роль рецидивистов. Доля их в среде организованных преступников составляет 38 %, хотя в последнее время все больше ценится интеллект, бухгалтерские, финансовые и, конечно, юридические знания, особенно в криминальных формированиях экономической и коррупционной направленности.

Создание преступных групп – это не только количественный, но и качественный сдвиг в уровнях организованной преступной деятельности.

Следует отметить, что при совершении многих криминальных акций отдельный преступник не может выполнить весь объем запланированных действий, а группа в состоянии выполнить самое сложное криминальное задание лидера.

Основные личностные свойства участников организованных преступных формирований, по нашему мнению, во многом зависят от уровня организации преступной группы, входящей в организованное преступное сообщество, и личного авторитета лидера.

Как свидетельствуют результаты проведенного нами опроса, авторитет лидера, по мнению 14% респондентов, держится на доле преступных доходов, выделяемых каждому из подчиненных ему членов группы. В то же время 10% опрошенных полагают, что основа авторитета лидера зиждется на уголовных традициях, а 24% – на его личностных качествах (воля, преступный профессионализм, справедливость и т.д.).

Другой характерной особенностью личного поведения является то, что большинство участников организованных преступных групп ведут малоприметный образ жизни, стараясь не вызывать интереса правоохранительных органов.

Как справедливо отмечает В.П. Васильева, при анализе преступных групп имеют значение следующие факторы.

1. Необходимость объединения в данную группу толкает на невозможность совершения преступления в одиночку.

2. Общность преступных интересов, личных симпатий, общие нормы поведения, общие убеждения, аналогичные дефекты правосознания.

3. На распределение ролей в группе влияют волевые качества, организаторские способности, авторитетность и инициатива, конформизм, безволие, склонность членов группы к наркотикам и алкоголю.

4. Внутригрупповые конфликты и противоречия.

Однако при анализе преступной группы необходимо, на наш взгляд, учитывать и некоторые дополнительные факторы, а именно:

- характер и степень связи с другими криминальными структурами или отсутствие этих связей, что типично для бандитских формирований;

- характер деятельности и возможность собственных разведывательных и контрразведывательных преступных подразделений;

- финансовые возможности преступного «общака» и использование аккумулированных в нем средств всеми членами организованной преступной группы.

Для правоохранительных органов данные факторы имеют особенно большое значение, поскольку их незнание существенно снижает возможность оперативного внедрения в преступную группу, проведения других оперативно-розыскных мероприятий, а в процессе расследования создают конфликтные ситуации и обуславливают активное противодействие со стороны руководителей (лидеров) преступных групп, криминальных авторитетов и наиболее активных участников.

Важная особенность, характерная для деятельности организованных преступных сообществ, – активное противодействие расследованию в отношении своих членов путем запугивания или даже физического уничтожения свидетелей, прямого подкупа или шантажа государственных служащих. Особую угрозу представляет расширяющаяся тенденция террора работников правоохранительных органов.

Существенным аспектом нравственно-психологического компонента личности преступника является индивидуальный мотив совершения уголовно наказуемого деяния. Иметь корректное представление о мотивах исследуемых преступлений необходимо, прежде всего, потому, что они дают криминологический значимую информацию о том, насколько восприняты и присвоены личностью нравственные и правовые нормы, охраняющие государственное, общественное и личное имущество, как оценивается ею соответствующая социальная практика. Следовательно, мотивы в этом смысле представляют собой одну из форм бытия нравственных и правовых норм, способ реализации их как регуляторов человеческого поведения, а также метод самоуправления личности через систему устойчивых побуждений. Мотивы свою устойчивость проявляют именно в корыстном преступном поведении, которое очень часто продолжается длительное время, невзирая на наказание или угрозу его применения. Иначе говоря, устойчивость мотивов порождает повторные посягательства, их рецидив.

Для современной психологии уже давно стало основным положение о том, что не всегда реальные мотивы осознаются субъектом актуально, т. е. при подготовке и выполнении действий; нередко они обнаруживают себя лишь после того, как соответствующее действие уже совершено. Более того, зачастую мотивы остаются не осознанными виновным и после окончания преступного деяния. Особенно часто

ускользает от человека личностный смысл планируемых, совершаемых или уже совершенных действий. Дело в том, что для самого субъекта осознание и достижение им конкретных целей, овладение средствами и операциями действия есть способ утверждения его в жизни, удовлетворения и развития его материальных и духовных потребностей, опредмеченных и трансформированных в мотивах его деятельности.

Таким образом, в результате проведенного исследования следует отметить, что криминологический портрет члена преступной группы существенно отличается от личности «традиционного преступника». Это проявляется в том, что участники преступных групп, а в первую очередь – их руководители обладают способностью воздействовать на других людей, координировать их действия, применять приемы психологического воздействия, свои знания и умения, т.е. их личностные качества играют преобладающую роль в функционировании криминальных структур, что необходимо учитывать оперативным работникам и следователям в выявлении, предупреждении и раскрытии преступных проявлений, относящихся к категории организованной преступности. Это один из основных путей повышения эффективности работы подразделений, в компетенции которых находятся вопросы борьбы с организованными преступными объединениями.

Список литературы:

- 1 Nurgaliev B.M., Lakbayev K.S., Boretsky A.Y. Organized Crime in Kazakhstan: The Past, the Present, Development Tendencies and Social Consequences. Journal of Applied Sciences, Volume NQ 14, P. 3436 - 3445. // <http://scialert.net/fulltextJ?doi=jas.2014.3436.3445&org=11>.
- 2 Антонян Ю.М. Изучение личности преступника. – М.: ВНИИ МВД СССР, 1982. – С. 39.
- 3 Сахаров А.Б. Учение о личности преступника и его значение в профилактической деятельности органов внутренних дел: Лекция. – М.: МВШМ МВД СССР, 1984. – С. 4.
- 4 Аванесов Г.А. Криминология. Прогностика. Управление. – Горький: ГВШ МВД СССР, 1975. – С. 83.
- 5 Пастушеня А.Н. Криминогенная сущность личности преступника: методология дознания и психологическая концепция. – Минск, 1998. – С. 7.
- 6 Антонян Ю. М. Системный подход к изучению личности преступника // Советское государство и право. – 1974. – № 4.
- 7 Дагель П. С. Учение о личности преступника в советском уголовном праве. – Владивосток, 1979. С. 61-68.
- 8 Криминология: Учебн. / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, В.В. Лунеева. 2-е изд., перераб. и доп. – М., 2004. – С. 125.
- 9 Тихонова Т. Н., Журин С. И. В преступники не записываются, но... // Мир безопасности. – 1999. – № 9. – С.52–56.

Түйіндеме

Мақалада ұйымдасқан қылмыс саласындағы зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Ұйымдасқан қылмыстың жай-күйін, құрылымын және динамикасын

талдау, сондай-ақ практикалық құқық қорғау органдарының қызметкерлерін зерттеуді талдау. Қылмыскердің жеке қасиеттерінің сипаттамасы берілген.

Summary

The article presents the results of research in the field of organized crime. Analyzed the state, structure and dynamics of organized crime, as well as an analysis of the survey of practical law enforcement officers. The characteristic of the personal qualities of the criminal is given.

УДК:343.121.5(574)

Мұхаметжан Е.Е.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 1-курс
магистранты
Ғылыми жетекші: З.г.д. профессор
Балашов Т. Т.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫМЕН КҮРЕСУДІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кәмелет жасына толмағандар мен олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды зерттеу. Болашақта қоғамның беделді азаматы болуы үшін, олардың құқық табалдырығын «сүрінбей» аттауы үшін құқықтық сананы үнемі жетілдіріп отыру керек. Немесе сол құқықтық сананы үнемі жетілдіріп отыру болашақты терең ойлайтын кез-келген жас үшін өмір заңдылығы ретінде қалыптасу керек сияқты.

Кілт сөздер: қылмыстық, криминология, жасөспірімдер, қылмыс, қылмыстылық жауаптылық, аяқталмаған қылмыс.

Жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеу ерекшеліктері – арнайы сауалдар шеңберінде өте кең дискуссиялы мәселені қозғайтын тақырыптың бірі. Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеу – криминалистика пәнінің жүйелік институты және маңызды саласы болып табылады.

Жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылық мәселесі әрқашанда, қандай қиын қыстау заман болмасын кез келген халықты алаңдататын мәселе. Оның себебі бүгінгі жасөспірімдер елдің, ұлттың ертеңгі болашағы болып табылатындығында.

Бірақ бұл мәселе қандай маңызды болмасын, ол әлі де жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ. Әрине біздің елімізде осы бағыттаарнаулы зерттеулер жүргізілмеген десек, ол шындыққасыймас. Бұл саладағы аз да болса монографиялар мен ғылыми еңбектерден құралақан емеспіз.

Жалпы жасөспірімдер жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминалистикалық сипаттамасы өзінің белгілі өзгешелігімен ажыратылады. Аталмыш тұлғалардың қылмыс жасау тәсілдері әдебиеттерден, кинодан, теледидардан белгілі ересек қылмыскерлердің іс-қимылдарына еліктеу арқылы сипатталады. Үлкен арандатушы бар жасөспірімдер тобымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды санамағанда, басқалардың қылмыстық іс-қимылдары бей-берекет, тұрақсыз болады, қылмысқа мұқият дайындық болмайды, қылмыс іздерін жасыруға әрекет жасалынбайды.

Өмірлік тәжірибенің жеткіліксіздігінен кәмелетке жасы толмағандар нақтылы жағдайда дұрыс баға бере алмайды, соның нәтижесінде әлеуметтік емес мінез-құлықтарды таңдауға бейім келеді.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлер тұлғасын және жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеуді теориялық тұрғыдан анықтау, оның ерекшелік қасиеттерін біліп, оларды қылмыстық құқық бұзушылықтың алдынаалудағы жұмыста ерекше ескеру қажеттілігінің ең басты көрсеткіші болып танылады. Жасөспірімдер жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды зерттеудің өзектілігі жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік заңдарында орын алып отырған өзгерістерге байланысты болғандықтан магистрлік жұмысымның осы тақырыбын таңдап алдым.

«Адам» деген түсінік адами индивидке қатысты топтық белгілерді білдіреді, оның адамдық топқа жататындығын көрсетеді десек, бұл түсінік индивидтің шын көрінісінен айырылған жалпы, абстрактылы сипаттамасын берген болар еді. Сондықтан «адам» түсінігі «индивид», «индивидуалды», «дара тұлға» деген түсініктер тұрғысынан толықтыруды қажет етеді дейді И.Н. Резвицкий [1, 30б.].

«Адам тұлғасы қоғам ішінде, өзге адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу барысында қоғам тарапынан жасалатын ықпалдардың, өмірлік тәжірибенің, сондай-ақ оған берілетін тәлім-тәрбиенің негізінде қалыптасады. Ендеше, тұлға – бұл әлеуметтік қатынастардың дамуы барысында дүние тану, қоршаған ортаны жетілдіру әрекетінің иесі,» - дейді Ерінбетова Л.Қ. [2, 18-19б.].

Тұлға әлеуметтік (әлеуметтіксана кешенінен тұратын) және биологиялық (сезімталдық кешеннен тұратын) өнім, яғни, бірі қатал ережелер, екіншісі ырық беруші екі фактордың тығыз байланысынан тұрады. Сыртқы ережелер мен ішкі ырықтың келісімінен мінез-құлықтың позитивті немесе негативті мотивациялық типі қалыптасады. Аталған мотивациялық екі типтің жүзеге асырылуы индивидтің нақты өмірсүру ортасына байланысты, орта аталған мотивациялық типті бекітеді немесе босатады, яғни, кері әсерін тигізеді, - дейді М.С. Нәрікбаев [3, 4-7б.].

Сотқа дейінгі өндірістің басталуына дара тұлғаның арызы немесе лауазымды адамның хабарламасы, кінәсін мойындап келу, қылмыстық қудалау органының лауазымды адамның мәлімдемесі, БАҚ хабарламасы себеп болады.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы ҚР ҚПК-нің 179-бабында көрсетілгендей:

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі.

Жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы қылмыстық істерді тергеу педагогика, психология салаларындағы арнайы білімдер мен жасөспірімдермен жұмыс тәжірибесінің болуын қажет ететін бірқатар өзіндік мәселелерді шешумен тығыз байланысты. Осыған орай, істі жүргізу аталған ғылым салаларынан арнайы білімі, балалармен жұмыс тәжірибесі бар тергеушілерге тапсырылуы қажет [4].

Ғылыми-техникалық тіркеу құралдары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер тартылады. Әрекеттердің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды [5].

Біздің қоғамымыздағы өміріміздің мемлекеттік-құқықтық аясындареформалау жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеу туралы сұрақтар, олардың өнегелі және денсаулығын қорғау мен нығайту бойынша тиімді шаралар қабылдау, жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарын детерминациялайтын әлеуметтік-жағымсыз құбылыстарға қарсы әрекеттер жүргізу ерекше назараударатын тақырып болып табылуда [6].

Күдіктінің немесе оның қорғаушысының өтінуі бойынша қылмыстық іс материалдармен танысу бір уақытта жүргізілуі мүмкін, ол туралы біртұтас хаттама жасалады [7].

Күдікті қылмыстық іс материалдарымен танысудан бас тартқан жағдайда, ол туралы хаттамада белгі жасалады.

Егер күдіктінің қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілдері белгіленген уақытта танысуға дәлелді себептер бойынша келе алмаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам танысуды бес тәуліктен аспайтын мерзімге кейінге қалдырады.

Сот мәжілісінің бас кезінде жасөспірімнің тұрмыс жағдайын, білімі, туған жері мен тұрғылықты орнын және т.б. анықтау қажет. Ол туралы бастапқы деректердің болуы сот тергеуін дара басының, жас-психологиялық ерекшеліктерін, істі ашық немесе жабық сот мәжілісінде тыңдау туралы мәселенің шешімін, педагогтың қатысуы туралы және т.б. есепке ала отырып, неғұрлым онтайлы құрудың алғышарттарын жасайды [8].

Жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша қорғаушы кәмелетке толмағаннан – күдікті ретінде алғашқы жауап алынған кезден бастап, ал ұстап алынған жағдайда – ұстап алынған кезден бастап жіберіледі. Егер кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы не оның заңды өкілдері адвокатпен келісім жасаспаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, прокурор, сот іс бойынша қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге тиіс [9].

Кәмелетке толмаған адамның ұстап алынғаны, оған күзетпен ұстау түрінде шара таңдалғаны немесе күзетпен ұстау мерзімінің ұзартылғаны туралы оның ата-анасы немесе оның басқа заңды өкілдері, ал олар болмаған кезде – жақын туыстары және (немесе) қорғаншылық және қамқоршылық органдар дереу хабардар етіледі [10].

Іс жөніндегі дәлелдемелерді, оның ішінде кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпкердің істіалдын ала тергеу барысында берген жауаптарын зерделеген кезде, соттар тергеу әрекеттерін жүргізу үшін жасөспірімдерді оның заңды өкілі арқылы

шақыруға және ұзақтығы үзіліссіз екісағаттан артық емес, ал күніне төрт сағаттан атпайтын жауапты тәуліктің күндізгі уақытындаалу қорғаушының, заңды өкілдің, ал қажет болған жағдайда психологтың, педагогтың міндетті түрде қатысуымен алуға міндеттейтін ҚПК-нің 534 және 535-баптарының талаптарының орындалғанын тексеруге міндетті.

Педагог, психолог ҚПК-ң 538-бабын негізге ала отырып, тергеушінің немесе соттың рұқсатымен кәмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға сұрақтар қоюға, ал процестік әрекет аяқталғаннан кейін – тергеу әрекетінің хаттамасымен (өздерінің сот талқылауына қатысуын көрсететін бөлігінде сот отырысының хаттамасымен) танысуға және онда жасалған жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға құқылы, тергеушінің, соттың қалауы бойынша кәмелетке толмаған адамның дара басын сипаттайтын іс материалдарымен танысуға құқығы бар. Бұл құқықтарды тергеуші, прокурор немесе сот процестік әрекет басталар алдында педагогке, психологке түсіндіреді, ол туралы тергеу әрекетінің хаттамасында, сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Соттарға жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істерді қарауды тәжірбиесі мол біліктісудьяларға тапсыру қажет. Қажетті жағдайларда жасөспірімдерға қатысты істерді дара өндіріске бөлу туралы және сот талқылауының жариялылығын шектеу жөніндегі мәселелерді шешу, шартты соттау және бас бостандығынан айырумен және тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданумен байланысты емес жаза тағайындалған жағдайда бұл туралы мамандандырылған мемлекеттік органдарға хабарлау және оларға сотталушының тәртібін қадағалауды жүзеге асыруды жүктеу ұсынылады.

Жасөспірімдердің істері бойынша кеңесу бөлмесінде сотталушының тұлғасы туралы сұрақтар, тәрбиелік және өмірлік жағдайы, қылмыс жасауға әсер еткен, себеп болған және олардың алдын алу жөніндегі мәселелер толықтай қарастырылады [11].

Бұл жерде үлкен мәселе ретінде жүріс тұрысының себебін дұрыс бағалау болып табылады, себебі қылмысты жасау кезінде кәмелетке толмаған өзінің әрекетін түсінбеуі немесе толықтай түсінбеуі мүмкін. Сот осы жерде ересек арандатушылардың, дем берушінің (пособник), кәмелетке толмағанды қылмысқа итермелеген тұлғалардың болу немесе болмауын ерекше тиянақтылықпен анықтауы қажет.

Кәмелетке толмаған сотталушы сот отырысының залына қайта келгеннен кейін ол болмаған кезде өткен талқылаудың мазмұнын төрағалық етуші қажетті көлемде және нысанда хабарлайды және кәмелетке толмаған адамға өзі болмаған кезінде жауап алынған адамдарғасұрақ қою мүмкіндігін береді [12].

Жалпы сот үкімі өзінің нысаны және мазмұны бойынша дұрыс болуы қажет. Үкімнің нақты, ашық және анық болуы оның құрамы мен қойылатын талаптарды сақтаған кезде ғана қол жеткізуге болады.

Мүлікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі ересектердің қатысуымен (60 пайызға жуық), оның ішінде 30 пайызы - ересектердің басшылығымен жасалған. Жасөспірімдер жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың тағы да бір тобы ол бұзақылық әрекеттер – олар жасөспірімдер жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санының 15 тен 30 пайызға дейін құрайды. Бұзақылық әрекеттердің көпшілігі (90-95 пайыз) мас күйінде және

топпен жасалған. Адам өлтіру қылмысы жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылықтарының жалпы санының 1-2 пайызын құрайды.

Криминологтардың көптеген зерттеулері жасөспірімдердің қылмыстылығы бұл негізінен топтық қылмыс екендігін дәлелдеп отыр. Еліміздегі жасөспірімдердің топтасып қылмыс жасау деңгейі алаңдатарлық деңгейде екендігі статистикалық мәліметтер көрстеуде.

Жасөспірімдердің топтасып қылмыс жасауының ерекше жоғары болуы - бұл олардың жастық психологиялық және басқада ерекшеліктеріне сай нормадан ауытқу емес, қайта оған сай болу. Ересек және боз балалық жасөспірімдік шақта кәмелетке толмаған адам үшін қоршаған ортаға араласу, ой бөлісу, жаңа мәлімет алудың қайнар көзі болып табылады. Құрдастары арасында өзін жоғары көрсету осы жастағылар үшін маңызы өте үлкен. Әдетте құқық бұзуға жақын жасөспірім өзінің проблемаларымен ұқсас, уақыты шектелмеген адамды іздейді, сонымен ой бөліседі. Өмірінің басқа салаларында түснiспеушiлiктер ұлғайған сайын бұндай ортаның қажеттілігі де арта түседі. Сол себепті өзінің көзқарастары мен топтың көзқарастары сәйкес болмаған жағдайда жасөспірімдер топтың мүддесін білдіруге тырысады. Жасөспірімдердің криминогендік топтары олардың негативті әдеттерді, көзқарастарды үйренуінің қайнар көзі болып табылады.

Жасөспірімдерді еңбекке тәрбиелеудегі қателіктер мен кемшіліктер - жасөспірімдерді алдымен әрине өзінің жанұясы, мектебі тәрбиелейді. Осылармен қатар еңбек атты категорияға да көңіл аудару аса маңызды. Жасөспірімнің еңбегі нақты отбасында басталады, ол мектепте бірте-бірте күрделеніп, жұмыс ұжымында оның нақты нысаны пайда бола бастайды. Жасөспірімдерды еңбекке үйретудегі мүлт кетушілік - бұл жасөспірімнің қылмыс жасауына ықпал ететін жағдай болып шыға келеді. Оған дәлел қаланың жасөспірімдерімен салыстырған, ауылдық жерлердегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың аз болуы және оның құрамының өзгеше болуы, бұл жағдай өз кезегінде басқада факторлар мен қосауылдық жерлердегі балалардың еңбекке араласуының ерте болатындығынан орын алады. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің 80% жұмыс орны болған, бірақ басым көпшілігінде еңбек тәртібін бұзып, жалқаулық көрсетіп, өзінің кәсіби деңгейін көтеруге ынта білдірмеген. Жасөспірімдердің қылмыстылығының осы себебімен күресуде еңбек ұжымдарының ролі аса маңызды болып табылады.

Жасөспірімдердің арасында спирт ішімдіктерімен әуестенудің себептері, көп жағдайда жасөспірімдердің үстінен дұрыс қараудың болмауы, алкогольге қарсы насихаттаудың жүргізілмеуі, жасөспірімдерға алкоголь ішімдіктерінің сатылуы, құқық қорғау органдары тарапынан осы мәселеге жеткілікті дәрежедегі бақылаудың болмағандығын және тағы да басқаларды көрсетуге болады. Яғни жасөспірімдердің алкогольге әуестілігімен күресудің жолдары осы себептерді жою болып табылады.

Аса күрделі пролема болып жасөспірімдердің нашақорлығы мен токсикомания дерті болып отыр. Қазіргі күннің өзінде халқымыздың генетикалық болашағы жайлы мәселені көтеру керек, себебі әңгіме ұлтымыздың ең өсіп-өнетін бөлігіретінде болып отыр, себебі тұрақты нашақорлардың үштен екісі отыз жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар. Әрине қазіргі кездегі жүргізіліп жатқан әрекеттер мен шаралар жоқ емес бар,

бірақ нашакорлардың азаймай көбеюі бұл шаралардың нәтижесін көрсетіп отырған жоқ.

Көптеген жағдайларда жасөспірімдердің қылмыстылығының себептері тәрбиелік және ұйымдастырушылық жұмыстарының жетіспеушілігі болып табылады. Оларға бірінші кезекте білім беру мекемелерінің қызметінің, жасөспірімдердің істері бойынша инспекциялардың жұмыстарының, прокурорлық қадағалаудың, сот және тергеу органдарының жұмыстарындағы кемшіліктері болып табылады.

Қорыта келгенде жастардың қылмыстылығының алдын алу мен ескертуде тәрбие жұмыстарының патриоттық бағытымен қоса, жасөспірімдердің қылмыстылығымен күрестің тиімділігі көптеген (оның ішінде ғылыми және құқықтық қолдауды керек ететін) мән-жайларға байланысты, олар мемлекеттің білім беру және жастарды тәрбиелеу саласындағы саясатына бағыт беретін, жастардың отбасындағы және білім беретін мекемелеріндегі құқықтары мен мүдделерін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруді жүзеге асуын көздейді [13].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Резвицкий И.Н. Личность, индивидуальность, общество. –М.: Полит. издат. 1984. –141 с.
- 2 ҚайыржановЕ.І., ЕрінбетоваЛ.Қ. Кәметке толмаған қылмыскер тұлғасы. – Алматы:Компьютерно издательский центр ОО «Добровольное общество инвалидов , войны в Афганистане – Братство», 2003. –171 б.
- 3 Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. –М.: Изд-во АНССР, 1957.–260 С.
- 4 ПарыгинБ.Д. Основысоциально-психологической теории. –М.:Мысль, 1971. – 351 с.
- 5 Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. –М.: АНССР, 1959. – 354 с.
- 6 Нарикбаев М.С. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями несовершеннолетних. – Талдықорған: Жетысуский экономический институт, 1995. –56 с.
- 7 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.
- 8 Парнищев А.Ф. О характере групповых преступлений, совершаемых несовершеннолетними, и вопросы уголовной ответственности соучастников преступления. Преступления и ответственность. - Алма-Ата, 2001-187 б.
- 9 Гилинский Я. И. Преступность несовершеннолетних:криминолог-й анализ. - М., 2006-147 б.
- 10 Нурлин А.Қ. Күндізгі оқу бөлімі 1-2 курсстуденттері үшін Заңтану-мамандығына арналған «Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім)» пәнінен оқу-әдістемелік кешен.-Ақтөбе, 2007 -253б.
- 11 Парнищев А.Ф. О характере групповых преступлений, совершаемых несовершеннолетними, и вопросы уголовной ответственности соучастников преступления. Преступления и ответственность. – 2001-190 б.

12 Нуралиева А.С. Роль судебного следствия во всестороннем, полном, объективном исследовании доказательств по уголовному делу: дисс. канд. юрид. наук. – Алматы, 2009 – 141 б.

13 Ддарабает УС. Об опыте криминологического изучения личности преступника и преступного поведения. - В кн.: Преступление и ответственности.

Резюме

Поощрение уголовных преступлений, совершенных несовершеннолетними и подростками. Для того чтобы стать престижным членом команды, он, вероятно, продолжит совершенствовать правовую базу для признания правового статуса жертвы. Единственное, что мы хотим сделать, - это стать спасательным кругом для всех, кто может думать о будущем законности.

Summary

Encouraging criminal offenses committed by minors and adolescents. In order to be a prestigious member of the team, it is likely to continue to improve the legal framework for acknowledging the legal status of the victim. The only thing we want to do is to become a lifeline for everybody who can think of the future of legality.

УДК 347.23 (574)

**Нурғалиев А.
Д.А. Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының
магистранты
ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., доцент Тағаев А.У**

ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ НЕКЕГЕ ТҰРУДЫҢ ТӘРТІПТЕРІ

Автор мақалада қазақ әдет құқығындағы некеге тұрудың негізгі тәртіптеріне, оның әйел құқығына ықпалына талдау жасай отырып, қазақ әдет құқығындағы әйел құқығының мәртебесін айқындаудың құрылымдық жүйесіне талдау жасаған.

Кілт сөздер: қазақ әдет құқығы институты, қалыңмал, әменгерлік, көп әйел алушылық, құда түсу.

Қазақстанның ұшы-қиыры жоқ байтақ жерінде мекендеген қазақ халқының революцияға дейінгі неке құру түрлері мен үйлену тойын ұйымдастыру тәртібі және оған байланысты қалыптасқан сан алуан әдет-ғұрыптар жайында толып жатқан деректер бар. Қазақстанның әр өңірін жолы түскен саяхатшылар, белгілі ғалымдар, қызмет бабымен келген жергілікті қызметкерлер түрлі ру-ұлыстар арасынан сан алуан құнды деректердің бірқыдыруын жинап, баспа жүзін көрсетсе, кейбір архив

қоймаларынын орын алған. Кезінде ешбір зерттеушінің көзіне түсіп, құлағына шалынбай, ұмытылғаны да болған. Дегенмен, ел арасында қазірге дейін сақталып келе жатқан дәстүрлер жайында, немесе өткенді көзі көріп, естігенін есінде сақталған қарттардан, ауыз-әңгімелерден, ертегі-жырлардан жиналған деректер негізінде белгілі бір тұжырымдар жасауға, пікірлер айтуға болады. XX ғасырдың басында бүкіл қазақ халқына тән болған некелесудің ең негізгі түрі - қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру түрі болды. Некелесудің өзі оны жан-жақты қарап, сан алуан сипаттарын еске ала отырып оның мәнін толық қарауды қажет етеді. Құдалық деген сөздің өзі некелесудің бұұл түрінің тек ата, әке, аға не басқа туыстар еркіне байланысты, тіпті күйеу өз тізгінін өзі алған адам болған күннің өзінде, оның атынан сөйлейтін кісі тарапынан жүргізілетіндігін көрсетеді.

Әр әке өзінің шама-шарқына қарай мүмкіндігінше өзіне теңдес адамды таңдайтын. Бай бастас, батыр білектес, би құлақтас,- деп халық даналығы тегін айтылмаған. Алайда құда болудың бірнеше жолы, яғни тәртібі болды. Кейде тағдырлары ұштасып, достасқан екі адамның әйелдері екі қабат болса, олар босанбай тұрып кімде ұл, кімде қыз боларын білмей-ақ ниет қосып, құда болатын. Мұны „бел құда" дейді. Әдетте бел құдалар қалың алыспайтын. Қазақ арасында кең тараған аңыз „Қозы Көрпеш - Баян сұлу" жырындағы Қарабай мен Сары-байдың тумаған балаларын атастырып сертгесуі осы бел құдалықтың анық айғағы.

Мұндай құдалықтың тәртібі - екеуінің әйелдері босанған уақытта бірі ұл, екіншісі қыз боп туса, екеуін қалыңсыз үйлендіру, ал екеу де бір жыныстан болса, екеуін де дос етіп, әкелерінің достығын әрі жалғастыра берген. Уәдеге екі, жақ та берік болса, көбінесе, мұндай серттер орындала беретін. Дегенмен, іштегі балалар туып, олар ержетіп үйленгенше талай өзгерістер де болуы ықтимал.

Соған қарамастан, іштегі балаларын атастырып, алдын-ала құда болу қазақ арасында онша болмайтын. Бел құдалық жалғыз қазақ емес, сонымен бірге, қырғыз және түркімен арасында да болады. Ол құдалықтың бұл түрі көпке созылып, талай жағдайға душар болатындығын ескертумен бірге, ұл әкесі баласы туысымен уәдеге беріктігін дәлелдеу үшін қыз әкесіне бір жылқы беріп, асықпай қалыңмалын да төлей беретіндігін көрсеткен.

Қазақ арасында ежелден келе жатқан құдалық түрінің бірі — бесікте жатқан нәрестені атастырып қою. Мұндай құдалықты „бесік құда" дейді. Балалары дүниеге келісімен қыз айттыру негізінен ерекше бір мақсатты көздеген әкелердің ісі. Кейбіреулер келешекте ісі түсетін адаммен жақындасуды көздесе, енді біреулері бесіктегі балалары ержеткенше қысылып-қымтырылмай қалыңмалды біртіндеп төлеуді көксейді. Қыз әкесінің де өз есебі өзінде болады. Біреулері қызы үшін ерте алынатын қалың малдың өсімін пайдалану мен ол малды өз тарапынан керегіне ұстауды, тіпті ер баласына айттырған қыз үшін қалыңға беруді ойласа, енді біреулер шағын дәулетін төгіп шашпай, асықпай жасау жинап, уақыты келгенде баласын дұрыстап ұзату камын ойлайтын. Революцияға дейінгі қазақ жұртшылығының басым көпшілігі орта шаруа болғандықтан, қазақ арасында жастай айттыру жиі кездескен.

Қыздарын 12-13 жасқа толысымен күйеуге беру әрине, кедей-жарлылардың ісі. Өйткені көп баланы асырап, бағуға олардың қолы қысқа және құдасы ауқаттырақ болса қалың-малын төлесімен қызды жас болса да өз қолына алып, үй шаруасына үйретіп,

қолқанатқа жарау жағын қарастыратын. Қалыңмал алып қойған жарлының қызын бермеске амалы болмайтын. Мұндай мүмкіндіктен аулақ болған, қалыңмалды қай уақытта болсын онша қысылмай өтеуге мүмкіндігі бар ауқатты адамдар, әсіресе мыңды айдаған белгілі байлар төтенше жағдайға байланысты болмаса, бесіктегі балаларын атастырып, құда болуды құптамайтын. Олар қыздарын 17-18-ге келмей ұзатпаған. Осы уақытта бай қыздары әбден бой жетіп, оңы-солын айырып, болашақ өмірге дайындалатын. Барлық әдет-ғұрыптарын айтарлықтай етіп өткізіп, ырғап-жырғап ұзатуға байлар бір-бірімен бәсекелес болатын. Әсіресе ерке-шора болып өскен жалғыз қызды өте әлпештеп кемеліне келгенше ұзатпай, оң жақта ойнап күлсін деп, күйеу таңдауға да өзіне ерік берген.

Бесік құда тек қазақ халқына ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбінде болған. Қай халықта болмасын бесік құда болудың мәні мен мақсаты жоғарыдағы қазақтар арасында бесік құдалықтың мазмұнымен түгелдей үйлеседі. Мұндай құдалар шамасынша бір-біріне сый-құрмет көрсетіп, кейде балаларының көйлектерінің етегіне ішек салып, олардың бірінің күйеу, екіншісінің қалыңдық болғанын әйгілеген. Мұндай құдалар арасындағы қалыңмал мөлшері де кейде шағындау болған.

Құда түсу арқылы некелесудің бұдан өзгеіпе де түрлері болды. Оған ең алдымен қарсы құда болу әдетін жатқызу керек. Қазақстанның қай жерінде бұрын соңды болып тұратын қарсы құдалық дәстүрінің негізінен тым шағын дәулеттілер мен кедейлер арасында болатындығы және апа-қарындастарымен қалыңсыз айырбас жасалатындықтары да шындық.

Қарсы құдалық үш құданың арасында болады, яғни біріншісі ұлын екіншісінің қызына атастырса, екіншісі ұлын үшіншісінің қызына, ал үшіншісі ұлын біріншінің қызына атастыратын болған. Қарсы құдалықтың жоғарғы келтірілген түрлерінің қайсысы болсын неке құрудың ортодоксалды көне түріне жатады.

Некелесудің көне түрінің бірі - қызды алып қашып үйлену. Қазақ арасында қыз алып қашудың ең көп кездесетін түрі өзінің айттырылған заңды қалыңдығын алып қашу. Күйеу жағын мұндай іске мәжбүр ететін әртүрлі себептер болды.

Кейде қыз әкесі құдасына не күйеу баласына көңілі толмай, өзіне пайдалы басқа адаммен құдандалы болып, оы өз мүддесіне сай пайдаланғысы келеді. Мұндай жағдайда әртүрлі сылтаулармен алғашқы құдасына қыз ұзату ісін ұзарта береді. Тіпті қалыңмалы түгелдей төленіп, немесе оның негізгі бөлімінің берілгендігіне де қарамай, қызын „әлі жас" деген сүйретпемен дәйекті жауап бермей, кешеуілдете береді. Бата бұзуға дейін баратын қыз әкесінің мұндай жат ойын сезген жігіт жағы да бірнеше рет кісі салып, алдынан өткеннен кейін қалыңдықты алып қашу шарасын қарастырады.

Егер қыз әкесі алғашқы құдасының тек кедейлігін менсінбей қызын байлығына, мансабына қызығып жасы үлкен шалға немесе „аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін" дегендей әкесі бай кем-тарға, кейде тіпті тоқалдыққа бергісі келгенде оң-солын танып қалған қыз бұған көнгісі келмейді, шамасынша қарсылығын білдіреді. Мұндай жағдайда алғашқы атастырған қайын жұртының алып қашуына оңайырақ болады.

Егер алғашқы айттырған жеріне қалыңдықтың да барғысы келмесе, күйеу жағының қалыңмалы төленіп немесе жартылай беріліп қойса, осыған байланысты қазақ

қоғамында жесір дауы пайда болды. Жесір дауының пайда болуы жесір болып қалған әйелдің, немесе қыздың ерісіз (күйеуісіз) бос отырғандығына байланысты қойылған атау. Қорытынды мағынада айтар болсақ, қалыңмал беріп атастырып қойған, бірақ ұзатылмаған қыз сол қалыңмал төлеген елдің жесірі болып есептеледі, сонымен қатар ері қайтыс болған әйелде барған ауылдың жесірі болып саналады.

Мұның біріншісі ұзатылған қыз болашақ күйеуін менсінбей, оған әйел болып барудан бас тартса, екі ру, ел арасында дау болып, жанжал міндетті түрде заң жолымен қаралады, шығарған шешім іс жүзіне асады. Бұл жерде талапкер күйеу жағы болады да, жауапкер ретінде қыз жағының ру мүшелері болады. „Жеті Жарғының” талаптары бойынша жауапкер болған жақ барлық дәлелдерді пайдалана отырып, ең алдымен атастырылған қыздың не себептен атастырылған жігітті менсінбейтінін сұрайды, дәлелді жауап беруін талап етеді. Ал билер болса дәлелді себептердің негізінде айттырылған болашақ күйеуінің сыртқы мүшелерінің кемшіліктерін, ақыл-ой санасының, есі дұрыс еместігін ескеріп, дауды шешеді. Күйеу бойындағы кемшіліктер анықталған болса, жауапкер жағы „қыздың басы босасын” деп мәлімдеме жасауға құқы бар. Бірақ мұндай кемшілікке талапкер жағы риза болмай, келісім бермеуі де мүмкін болған. Оның негізі бұрыннан санаға сіңген „ерден кетсе де, елден кетпейді” деген қағида. Байқап қарасақ, „Жеті Жарғының” нормалары тәуелсіздіктен толық босата алмайды, бірақ ру мүшелерінің сапынан басқа күйеуді таңдап алуына мүмкіндік береді. Таңдауға бірінші болып жақын туыстары, бауырлары, ағайындары ұсынылады. Егер қыз оған риза болмаса, бір ру елдің ішінен таңдауға, яғни өзі қалаған бір жігітке „кұрық салуға” құқық беріледі. Құрық салынған адам мейлі кедей, мейлі бай, мейлі бойдақ, мейлі әйелі болсын құрыққа ілінді деп саналып, ниет білдірген қыздың күйеуі болып саналады. Ал егер қызын өз қалауынша құрыққа ілінген адам алудан бас тартса, қыздың басы босатылады да, ол үшін төленген қалыңмал кері қайтарылады [1, 55 б.].

Құда түсу салты бойынша құйрық-бауыр жесіп, ақ бата жасалып, қалыңмал түтелдей немесе жартылай төленіп қойған жағдайда өз қалыңдығын алып қашудың қандайы болсын кешірілмес күнә емес. Дегенмен мұндай жағдайда қалыңдықты алып қашқан күйеуге әртүрлі мөлшерде айып кесіледі. Қалыңдықтың келісуімен әкетсе және де әкету алдында құда алдынан бірнеше рет өтіп, қалыңдықты беру туралы өтініш болса, айып мөлшері мықтағанда ат-тоннан аспайды. Ал, мұндай ескерту болмаса, оған қосымша қыз төркіні әлді жер болса, айып мөлшері бір тоғыздан үш тоғызға дейін барады. Кейде намысқой қыз әкесі қызын қайтарып алып, тез арада тойын жасап, жасауымен қолынан да береді. Көбінесе қалыңдығын алып қашқан күйеу жағы айыбын мойындап, қыз әкесінің алдына келсе болды, әдет-ғұрып бойынша заңдылық пішінге келетін. Сайып келгенде, өз қалыңдығын алып қашу, әсіресе, қалыңмалы төленген соң бата бұзғандық болып табылмайды.

Енді қыз алып қашудың жоғарыда айтылған басқа түріне тоқталайық. Біреудің айттырып қойған, керек десеңіз қалыңмалы да төленіп қойған қалыңдығын алып қашу да қазақ арасында кездесіп тұратын. Мұндай оқиғалар қандай жағдайларға байланысты болатындығына келсек: біріншіден, ержеткен сұлу қыздар әрқашан ел ішіндегі еті тірі өнерлі жастардың назарын аударатындығы заңды. Ал қазақ дәстүріне балаларын жастайынан атастырып қоятындығын еске алсақ, көркімен де, өнерімен де талай жанды тамсандыратын сұлу қыздардың бой жетіп қалған кезінде басы босы некен-саяқ

кездесетіндігіне күмәндануға болмайды. Мұндайда ержеткен қыздар өз бойына тең санаған болашақ күйеуіне бар үмітін артып, сонымен бақыт табуды армандайтын. Ал, енді көрікті болса ше? Тек қалың малын жыға беріп, сұлуды құшпақ болып жүрген жасы келген сасық бай, не өнерсіз ез, яки кем-тар болса не істемек? Міне, осындай жағдайға ақ батаны аттап, сүйгенімен қашып кететін. Ондай жағдайға айыпкер күйеу жігіттің қалауынша ат-шапан айып төлеуге тиіс. Ол күйеу жігітке қыз орнына қыз қайтарады немесе оның қалың малын толығымен төлейді, егер қыздың ұрлануына қыз жағының еш қатысы жоғы анықталып, қыздың әке-шешесі екі адамды айғаққа тартып, ант-су ішсе, онда айыпкер екі қалың мал есебінде айып төлеп, қызды өз үйінде қалдыруға құқылы. Сонда алып қашушы жақ екі қалың беретін боп шығады. Кейде екі қалың орнына екі қыз беріп (бұрынырақта) құтылатын. Ал, қалыңдықты қайтарғысы келсе, бір қыз не оның төлеуі ретінде қалың беретін. Қыз әкесі айыпты болмаған жағдайда, қыз алып қашушы оған да айыбын беретін. Қыз әкесі алып қашушымен қатысы жоғын екі адамды айғаққа тартып дәлелдей алмаса, онда күйеу жігітке қыз әкесі де, қыз ұрлаушы айыпкер де бір-бір қалыңмал мөлшерінде айып төлейді.

Егер қыз ұрлаушы айыпкер қолға түспей қашып кетсе, онда күйеу жігіт қыздың әке-шешесінен айып талап етуге құқылы, егер олар өз руының екі адамын айғаққа тартып, қызының қашып кетуіне қатысы жоғын дәлелдей алмаса, онда өз қызын қашырған айыпкер ретінде алған қалыңмалын екі есе етіп қайырады немесе қыз орнына екі қыз тауып береді, оған жағдайы келмесе бір қалыңмал мөлшерінде айып төлейді иә қыз орнына қыз береді [2, 20 б.].

Қыз алып қашқан жігітке жоғарыда айтылғандай ауыр айып төлету ертеректе болатын, ал XIX ғ. екінші жартысында қазақ арасында Ресей ықпалының күшейуі нәтижесінде қызды қайтарса, 1-3 тоғызға айып берумен бітетін, ал қызды қайтармаса, айыпқа қоса бір қалың беріп құтылатын. Жесір үшін кезек шабысуға тыйым салынды.

Ресей заңы қаншалықты әсер еткенмен XIX ғ. 70-жыл-дарында Жетісу өңірінде әлі де болса заңға бойұсынбай жесір дауына байланысты кезек шатысу, барымталасу болып тұрды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Өзбекұлы С. Тәуке хан Жеті Жарғы. – Алматы, 1994. - 233 б.
- 2 Өсеров Н. Шарифат. - Алматы. - 1996. - 87 б.

Резюме

Автор в статье основываясь на изучении внешних и внутренних условий развития казахского общества раскрывает предпосылки формирования правового статуса женщины в обычном праве.

Summary

The author in article based on studying external and internal conditions of development of the Kazakh society opens prerequisites of formation of legal status of the woman in common law.

УДК: 342.543(574)

Нурмагамбетов С.С.
Магистрант
Евразийской юридической
академии имени Д. А.Кунаева
Научный руководитель
д.ю.н., профессор Алибаева Г.А.

СООТНОШЕНИЕ МОРАЛЬНОЙ И ЮРИДИЧЕСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Ответственность является одним из элементов этики и права, и отражает моральное а так же правовое отношение человека, которое проявляется в выполнении нравственного долга и правовых норм. Основными разновидностями ответственности являются моральная и юридическая ответственность. Данные виды являются традиционными и достаточно распространенными.

Ключевые слова: Моральная ответственность, юридическая ответственность, государственный служащий, норма права, нормативно правовой акт.

Юридическая ответственность представляет собой самый строгий и максимально формализованную разновидность социальной ответственности. Наказание за правонарушения зачастую носит материальный характер либо предусматривает жесткие меры в частности лишение либо ограничение свободы. Юридическая ответственность является одним из способов реагирования государством общественных отношении и поддержания правопорядка в государстве. Юридическая ответственность представляет собой гарантию соблюдения прав и свобод гражданина Республики Казахстан, при помощи юридической ответственности решаются такие задачи как обеспечение социальной стабильности, соблюдение и поддержание правопорядка, а так же защита общества от преступных посягательств. Юридическая ответственность должно быть справедливым воздаянием за совершение правонарушения. Применение юридической ответственности играет немаловажную роль и в системе государственной службы и как правило является сдерживающим фактором от совершения служебных правонарушений.

Понятие юридической ответственности сложно и многогранно, оно позволяет раскрыть сущность юридической ответственности как правового института, которые имеет определенные свои особенности т.е. цели, функции и виды.

В теории государства и права понятие юридической ответственности представляет собой важную меру защиты личности, общества и государства.[1. стр 301]

Юридическая ответственность представляет собой необходимость лица подвергнуться мерам государственного принуждения за совершение правонарушения, обязанность претерпевать те лишения личного или имущественного характера, которое предусмотрено санкцией правовой нормы [2. стр 272]

Юридическая ответственность наступает как правило в силу нарушения предписаний установленных нормативно правовыми актами и проявляется в форме применения к нарушителю мер государственного принуждения. Важнейшим признаком юридической ответственности является то, что она определяется государством и применяется его компетентными органами. [1. стр 301]

Из вышесказанного следует, что основанием наступления юридической ответственности является совершение правонарушения. Стоит отметить, что в случае если действия лица не попадает под признаки правонарушения, то в отношении субъекта правонарушения, юридическая ответственность не применяется. При этом необходимо понять что юридическая ответственность наступает лишь в том случае если в правонарушении присутствуют все элементы состава правонарушения т.е. это как правило субъект, объект, субъективная сторона и объективная сторона правонарушения. У юридической ответственности как правило две стороны с одной стороны выступает государство в лице определенного государственного органа, а с другой стороны непосредственно само лицо совершившее правонарушение.

Моральная ответственность появилась за долго до юридической ответственности. Моральная ответственность является самым распространенным видом ответственности. Мораль представляет собой такое явление, которое развивалось на протяжении долгих лет. Мораль имеет свою определенную структуру и включает в себя поведение личности, всеобщее мнение, совесть человека, долг перед обществом. Общество оказалось в состоянии морального криза, в больше Необходимо отметить, что государственный служащий, должен соблюдать нормы морали и этики, под влиянием мнения общества. Человек как правило несет индивидуальную ответственность за свое поведение и обязан действовать исходя из того, как принято действовать в обществе

Видный специалист в области этики О.Г.Дробницкий писал что категория нравственной деятельности , включает в себя структуру отдельного поступка а так же мотив, побуждение, решения, деяния, цели и последствия; общая линия поведения индивида а так же привычки, навыки, убеждения; нормы поведения установленные в обществе. [3,с.16]

Моральная ответственность представляет собой способность государственных служащих самому определять свои действия и управлять ими, отвечать за свои поступки перед собой, а так же перед обществом. В отличии от юридической ответственности, моральная ответственность не включает в себя применение в отношении государственного служащего каких либо видов наказания(лишения свободы, штрафа и т.д.). Моральная ответственность проявляется в способности государственного служащего собственными силами справляться со своей деятельностью, действиями а так же поступками. Моральная ответственность во все времена имела огромное значение, но в условиях преобразования общества моральная ответственность для каждого индивида начала приобретать особый смысл, но тем не менее сама по себе моральная ответственность имеет важную роль во всех сферах человечества культурной, политической, социальной и т.д. Необходимо отметить тот факт, что ответственность независимо от ее вида влечет за собой понимание моральных норм. Моральная ответственность способствует формированию нравственных качеств

у государственного служащего, формированию качественного профессионального аппарата государственного управления, который будет направлен на служение народу, формирование у государственного служащего понимания что он несет службу во благо народа и должен отвечать перед народом за свои поступки и действия либо бездействия. [6, с 420]

Моральная ответственность отличается от юридической, тем что при юридической ответственности применяются зачастую меры государственного принуждения, а вот при моральной ответственности санкции к государственному служащему за совершение правонарушения, либо действий противоречащих нравственности может предъявлять не только общество, но и сам государственный служащий. Моральная ответственность очень тесно связана с общественным и личным осуждением. [6, с 422]

В правовом государстве моральная ответственность государственных служащих должна быть совершеннее нежели в ином государстве. Моральная ответственность включает в себя отношения возникающие в группе лиц и способствует формированию чувства совести, либо чувства долга и т.д. По мнению видного научного деятеля А.Г. Мясникова ложь несовместима с правовым государством. [5, с 174]

А.Г. Мясников пишет что «логика кантовской философии базируется на преимущественном положении права перед моралью, так как задача права основывается на защите каждого индивида от противозаконных посягательств с помощью применения мер государственного принуждения» [5, с 179]

Из этого следует что государственный служащий должен обладать развитым чувством моральной ответственности а действия государственного служащего должно основываться на высоком уровне правосознания. Данный подход позволил бы формировать профессиональную государственную службу, которая бы отвечала ожиданиям общества и современности.

Моральная ответственность как правило включает в себя анализ своего поведения т.е. анализ поступков, чувств, отношений и соотношение его с требованиями профессиональной этики и служебного этикета государственных служащих.

Необходимо отметить что вся тяжесть моральной ответственности государственных служащих, лежит перед обществом, коллегами, перед самим собой за собственные действия либо бездействия, а так же их последствия, должны проходить красной линией через всю профессиональную деятельность государственного служащего.

В настоящее время на уровень моральной ответственности государственных и муниципальных служащих влияют такие факторы, как специфика их правового статуса, общее падение нравственности в обществе, недостаточная разработанность правовых механизмов ответственности.

Понятие юридической и моральной ответственности, как правило имеют схожие характеристики. Говоря об исторических аспектах стоит отметить тот факт, что самым первым видом ответственности, который существовал еще до создания первых государств, была моральная ответственность. Как правило, моральная ответственность представляла собой внутренние душевные переживания личности касательно совершенного им правонарушения. Данный вид ответственности был эффективным и являлся механизмом который предупреждал или пресекал появление новых правонарушений со стороны конкретного человека. Схожесть юридической и

моральной ответственности заключается в применении лишений для тех категорий лиц, которые совершают правонарушения. С появлением и развитием первых государств моральная ответственность уходит на второй план. В первую очередь снижение роли моральной ответственности связано с возрастанием населения, которое приводит к тому что моральная ответственность становится менее эффективна. Стоит отметить, что понятие моральной ответственности на много шире, чем понятие юридическая ответственность. Моральная ответственность охватывает широкий круг общественных отношений.

Моральная и юридическая ответственность имеют ряд различий например: меры юридической ответственности применяемы к государственным служащим утверждены и установлены законодательными органами в письменной форме, а меры моральной ответственности применяемые к государственным служащим формируются в процессе общественных отношении в процессе взаимного общения людей и не имеют как правило законодательного закрепления. [4,с.18]

Необходимо отметить что отдельные индивиды общества соблюдают нормы морали под исключительным влиянием общественного мнения а нормы права соблюдаются под угрозой применения мер государственного принуждения за нарушение установленных правил поведения. [4,с.19]

Государственная служба изучается как элемент государственного управления, при этом за нарушение установленных норм права государственный служащий несет юридическую ответственность. При юридической ответственности правонарушитель несет ответственность и в отношении него применяются меры государственного принуждения писал С.С.Алексеев. [4,с.74]

Для регулирования общественных отношений и поддержания правопорядка стали использовать меры юридической ответственности. В отличие от моральных санкций, юридические санкции связаны с конкретным человеком, который ответственен за совершение правонарушения. Точнее говоря, после совершения правонарушения, которые запрещены нормативными правовыми актами конкретного государства, данное лицо будет претерпевать лишения, которые выражаются в ограничении его свободы, либо в лишении свободы. В заключении, нужно отметить, что юридическая и моральная ответственность имеют общую цель которая выражается в стимулировании правомерного поведения и наказание тех членов общества, которые проявляют неуважение к нормам правам, традициям а так же правилам поведения. Необходимость в таком способе регулирования общественных отношений обусловлена увеличением населения земного шара и сложность межличностных взаимодействий конкретных индивидов государства. Однако и юридическая, и моральная ответственность имеют общие положения – защита интересов не только общества и конкретной личности, но и государства, где эти люди проживают и взаимодействуют друг с другом. В целом говоря о моральной и юридической ответственности государственных служащих, то можно сказать, что эти два понятия тесно взаимосвязаны и преследуют цель поддержания правопорядка. Возникает необходимость применения не только мер юридической ответственности, но и мер моральной ответственности, что поможет в целом как предупреждать правонарушения, так и поддерживать правопорядок.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1 Теория государства и права: учебник для высших учебных заведений В.Н.Хропанюк под редакцией В.Г.Стрекозова 6-е издание. Издательство «Омега-Л»2012г.
- 2 Биржанова К.С. и Ибраева К.Б. Основы права Республики Казахстан. Справочник.
- 3 Дробницкий О.Г. Проблемы нравственности. Москва 1977 - 290 с
- 4 Алексеев С.С. Право: азбука, теория, философия. Опыт комплексного исследования. Москва 1999г Издательство «Статут»- 250 с
- 5 Мясников А.Г. Кантовский просвещённый персонализм и право на ложь под ред. Р.Г. Апресян. Москва 2011г -450 с
- 6 Малько, А.В. Теория государства и права / Н.И. Матузов,А.В..Юрист,.2003.- 512.с.
- 7 Иванников И.А. Моральная и юридическая ответственность. Г. Ростов-На-Дону.

Түйіндеме

Жауапкершілік этика элементтерінің бірі болып табылады, адамның моральдық және құқықтық қарым қатынасын көрсетеді, ол моральдық борыш пен құқықтық нормалардың орындауында көрініс табады. Жауапкершіліктің негізгі түрлері моральдық және заңдық жауапкершілік болып табылады. Бұл түрлер дәстүрлі және кең таралған.

Summary

Responsibility is one of the elements of ethics and law, and reflects the moral and legal attitude of a person, which is manifested in the performance of moral duty and legal norms. The main types of liability are moral and legal liability. These species are traditional and quite common.

Садыхан А.Б.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты
ғылыми жетекші:
з.ғ.д., профессор Алдибеков Ж.С.

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ МЕН ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала ежелгі түркі өркениеті мен дәстүрлі қазақ қоғамының құқық жүйесінің қалыптасуының тарихи кезеңдері мен сабақтастығы мәселелерін салыстырып, айырмашылығын анықтау.

Кілт сөздер: төре, жасақ, жарғы, құқық, ақиқат.

Осы тақырыпқа байланысты еңбектер мен ғылыми зерттеулер жиі жарияланды. Оны үш бағытқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңіне көшпелілердің құқықтық ескерткіштерін Ресейдің отарлау саясаты мақсатында жазып жинақтаған XIX ғасырдың авторлары. Олардың қатарына орыс чиновниктерінің және зерттеушілерінің еңбектерін жатқызуға болады. Әдеттік- құқық баптарының жинақталуы Ресей империясы тарпынан ұйымдастырылған экспедиция мүшелері мен жеке чиновниктерінің еңбектерінің нәтижесі деп айтуға болады А. И. Левшин, Л.Ф. Балюзек, П.Е. Маковцкий, Н.И. Гродековтың, Д.Я. Самоквасов, Л.А. Словохотов, Г. Спасский, Я.И. Гурлянд еңбектеріндегі келтірілген мағлұматтардың біз үшін ең құндысы деп Г.И. Спасский, А.И. Левшин, Я.И. Гурлянд, Л.Ф.Балюзек, П.Е.Маковецкий еңбектерін атауға болады.

Заң ғылымындағы жұмыстардың қатарынан алдыңғы орындардан заң зерттеушілерінің нәтижесін жатқызуға болады. С.З.Зимановтың бастауының нәтижесінде сапалы жұмысты көрдік. Т.М. Күлтелеев қазақтардың заңдық жүйелерінде қылмыстық баптарымен айналысқан болатын. З.Ж.Кенжалиев Қазақ халқының әдеттегі-құқық жүйелерінің тарихын зерттеген еңбегін өзімнің жұмысымда қолдандым. Н.Өсерұлы «Жеті жарғы» заңына толықтырулар енгізіп және оған шариаттың қатынасын зерттеп енгізулер енгізді. заңдарына С.Өзбекұлы және Н.С. Ахметова сынды зерттеушілер Тәуке ханның заңдарына қызығушылығы туып, зерттеді. [1, 19 б.].

Орталық Азия аймағында біріккен мемлекеттер тарихын зерттеген ғалымдардың мемлекеттің структурасы, саяси ұйымдар туралы, әлеуметтік құрылымы мен құқықтық ескерткіштері туралы айтылған ойлар осы зерттеу жұмысына тіреу болды. Осыған орай тақырып атауына байланысты тура зерттелген жұмыс нәтижесі болып табылатын еңбектің авторы Т.И. Султанов билік басындағы Шыңғыс хан тұқымының билік жүргізу саясаты жайлы өз ойын жазған болатын. Соңғы кездері зерттелген жұмыстың ішінен ерекше болып есептелетін еңбек Қинаятұлы Зардыханның «Қазақ мемлекеті және Жошы хан». Бұл еңбекте дала зыңының бастаулары жайлы жазылған. Соған байланысты, түркі дәуіріндегі көшпелілердің мемлекет мәселесіне қатысты

тайпалардың орналасуынан бастап, мемлекеттік құрылымына қатысты зерттеуга Т.О.Омарбековтың еңбегін жатқызуға болады. Қазақ хандығы дәуірін қамтитын Б.Б.Кәрібаевтың монографиясында мемлекеттің пайда болуын заңды мәселе деп есептеген және қазақтың хандары билігінің заңдық бағытын ұзақ зерттелгенін атап өткен.

Құқық әр мемлекеттің дамуын көрсететін факторлардың бірі болып есептеледі, соған байланысты құқық бастауы мемлекеттің бастауына қарағанда тереңде жатыр. Оған дәлел келтіретін болсақ көне және ортағасырдағы Орталық Азия тарихи кезеңдерінде дәстүрлі қоғамдағы мемлекеттің бірігу сатысы сол қоғамның дәстүрлі заң нормаларымен байланысты. Дәстүрлі қоғам мен дәстүрлі құқықтың бірге байланыс орнату арқылы дамуы маңызды бастапқы кезең болып табылады. Осының нәтижесінде уақыт өте келе қоғам мемлекет атрибуттарына ие болып, мемлекеттік институттардың ықпалы арта түседі түседі. [2, 15 б.].

Түркі қоғамындағы мемлекеттің қалыптасуы нәтижесінде қаған билігінің қалыптасуы барысында жүрді. Сол себепті түркілердің мемлекетін «қағанат» деп атап кеткен. Осыған қарай отырып түркі қоғамындағы құқықтық нормалар қағандық билік органдарының легитимизациялаудың негізі болды деп нық сеніп айта аламыз. Әрине, бұл өте ұзақ процесс, түркілерге дейін қалыптасып қойған мәселе екендігі анық. Мысалы, Геродот зертеулерінде скифтерді « хандық әулет» басқараатын болған деген ескертпелерді кездестірдік. Біздің білуімізше ол «Ашина әулеті» деген пікірлер кездеседі. [3, 21 б.].

Келесі кезекте түркі-моңғол деректеріндегі «төре» ұғымына көңіл аударайық. Осыған орай екі себеп туындап отыр: негізінен бұл термин жоғарыдағы билеушілердің билігінің аспектісін айқындайды және бұл түсініктің қолданатын аясы қауымдық-рулық құрылыс концепциясымен байланыстырады, яғни ақсақалдар қауымымен байланыстырып отыр.

«Төре» термині көбінесе Күлтегін мен Білге қаған руникалық құлпытастарында кездеседі. Бұл термин жазбаларда Бумын қаған мен Иштеми қаған түркілер мен түркі елінің билігін (төр) ұстап отырған делінеді. Бұл жердегі «төр» ұғымы «билік», «билеушінің билігі» мағынасында беріледі. Қаған билігі тікелей төрю (түрк. toru) мағынасымен байланысты. Деректерде бұл сөздің мағынасы кеңінен қолданылады. Көбіне оны «заң», «дәстүр» деп аударады. Бұл терминмен мемлекеттік билікті сипаттаған. Осындай мағыналас түсіндірулер сяньбийлік тілдегі Қытайдағы Тоба Вэй династиясында да кездеседі. Осы елдің лексикасында түркілік элемент басым болды. Үлуг-Хемнан табылған лапидарлық енисейлік жазбаларда түркілік бек өзі туралы мынадай жазба келтіреді: «Арым үшін сені (өмір, халық) заң (toruḡin) бойынша орналастырдым. Түркі жазбаларында toru қағанның қызметін орындау ретінде және оның тікелей құзырет ауқымын сипаттайды.

Көп мағыналы «төр» ұғымы түркі тілдерінде ең жоғарғы деңгейдің идеяларымен байланыстырылады, микро дәрежеде ол жанұя құру, ал макро дәрежеде көшпелі мемлекет құру. Билеуші мифоритуалды дәстүрің басты фигурасы ретінде әлемдегі тепе теңдік пен реттіліктің негізі іспеттес болды. [4, 26 б.].

Өкінішке орай, «төренің» жазбаша құжаты сақталмай қалды. Алайда көптеген тарихи және заң материалдарының үлкен қоры осы құжаттың басты ережелерін

құрастыруға мүмкіндік береді. Осылардың ішінде XV ғасырдың армян қыпшақтардың құжаты, «Төре бітік» ерекше орынға ие. Осы кодексті құрастырушылар оны әзірлеу барысында оның ертеректегі үлгісін қолданғандығы туралы айтады, олар оны «Ескі төре» деп атайды. Мұны құрастырушылар ескі құжаттың танымалдылығының арқасында өзінің құжаттарына легитимділікті беруге тырысқаны да рас. Құжатта «Тәңір» сөзі «құдай» мағынасында ал «төре» термині «заң, құқық» мағынасында қолданылады. Яғни армян қыпшақ кодексі түркілердің идеологиялық негізінде құрастырылған. [5, 14 б.].

Көшпелілер құрған мемлекеттің тірегі ретінде оның дәстүрлі шаруашылығымен құқықтық ескерткіштерін қарастырған жөн. Құқықтық ескерткіштердің түркі-моңғол қоғамында сипаты жағынан ортақтығы және ішкі құрылымы бойынша айырмашылықтары болды. Олардың ортақтығы ретінде әдеттегі құқықтың қайталануын көрсетуге болады. Құқықтық плюрализмді қалыптастыру жағдайында құқықтың негізін біліп танудың, оның өмірдің әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-мәдени аспектілерімен өзара әрекеттесуін білу қажеттілігі туындап отыр. Құқық, қажетті реттеушілікті қалыптастырып, әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да факторларды шеше отырып, қоғамды дағдарыстан сақтап тұратын шеңбер іспеттес. Ол басқа әлеуметтік реттеушілерді ығыстырмай, қоғамның бірыңғай нормативті жүйесінің басты элементтерінің бірі болып, қоғамдық қатынастардың басты реттеуші болып қызмет атқарады. Дәстүрлі құқықты легальді позитивті құқықтың қайнар көзі ретінде қарастыруға болады. Қазіргі уақытта дәстүрлі құқық көптеген елдердің құқықтық жүйесінде маңызды орын алмайды, бірақ оның маңызы өте зор, көбіне әлеуметтік ұстаным мен заңдарға деген қарым қатынасы құқықтық менталитетпен айқындалады, ол өз кезегінде дәстүрлі құқық негізінде қалыптасады. Қазіргі ғылыми ортадағы әдет және әдеттік құқық ұғымына қатысты қалыптасқан ұғымдар: тарих, этнология, әлеуметтану және құқықтану бағыттарындағы зерттеулерде дәйектелген. Әдеттегі құқықты қоғамдық сананы қалыптастырудағы феномен ретінде қарауға болады. Осыған орай көшпелі қоғамдағы әдет және әдеттегі құқық түсінігінің ортақтығы туралы мәселелер туындайды. Әдет – түрлі сыртқы сипатта көрініс тапқан ережелерге, өзінің қайталануы мен тұрақтылығына негізделсе, әдеттегі құқық қағидалар мен жауапкершілік дәрежесін алғышарт ретінде қабылдайды. Әдеттегі құқық- «белгіленген тәртіпке» қатысты орындалатын іс-әрекеттер жиынтығы болды. Әдеттік құқықтың пайда болуында моральдік ережелердің қоғамдағы сұранысқа ие болуымен қатар жүрді. Әдеттегі құқық – ережелер жиынтығы және ол мемлекет тарапынан бекітілген(санкцияланған) дәстүрлі мононормаларды құрайтынын А.И.Першиц атап өтеді. Әрине көп жағдайда жеке билеушілер әдеттегі құқықты туындаған жағдайларға байланысты (de facto түсінігі) мемлекеттік деңгейде бекітіп, мойындалды. Бірақ әдеттегі құқықта юриспруденциялық ережелер толық көрініс таппады. Көшпелілердің әдеттегі құқығының түсінігін төмендегі ұғымдар құрады:

- құқықтың қасиеттілігі;
- адамгершілік өлшем («адал» және «адал емес» іс-әрекеттер);
- идеялық ұстанымдар «әділеттілікке жету», «жеңіп шығу емес жеңілдеп шығу», «ақиқатқа жету»;

- абстракты емес, құқықтық ережелердің нақты сипаттарының болуы (болжау, диспозиция, санкция);

- жазылмаған ережелердің сақталуы;

Көшпелі қоғамдағы әдеттік құқықтың болуын архаикалық қатынастың сипаты ретінде қарау дұрыс емес. Мемлекеттіліктің қалыптасу тарихындағы әдеттегі құқықтың үнемі қоғамды тежеді деген пікірлерге арқау болып отыр. Әрине, бұл жерде көшпелі қоғамның өзіне тән әлеуметтік ұйымының ішкі қатынастарына әдеттік құқықтың тиімділігі ескеріле бермейді. Әдеттегі құқықты дағдылы құқық ретінде қарауға болмайды. Себебі құқық, этикалық және этикеттік монологтар әдеттегі құқықтың қайнар көзі болды. Әдеттегі құқық туралы концепцияны Ю.И.Семенов ұсынады. Оның көрсетуі бойынша қоғамдық еріктілік және шектелеулер, мораль мен жеке құқықты қамтитын ұғым ретінде түсіндіреді. Әдеттегі құқық заңның пайда болуынан кейін өзінің қызметін жалғастыра берді. Оның өміршеңдігі көшпелі қоғамдық санамен байланыстырылады. Әдеттегі құқық және әдет бұл дәстүрлі қоғамдағы екі түрлі унификацияланған және идентификацияланған тәртіп ретінде қарастырылады. [6, 5 б.].

Көшпелілердің әдеттегі құқық түсінгін В.М.Викторин екі деңгейге бөліп қарайды: жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген және көшпелі мемлекеттің тарапынан реттеушілік қызметті жүзеге асыратын әскери әкімшіліктің тірек тұрғысында. Заң саласы мамандары тарапынан әдеттегі құқық ұғымының анықтамасын нақтыланған. Мұнда қоғам ішінде тәртіпке негізделген ережелер жиынтығы ретінде айтылады. Мемлекеттің қалыптасу тарихында әдеттегі құқықтың түрленуі жүреді. Жеке билеушілер өз тарапынан кейбір ережелерді заңдастырса, ендігілері қоғамдық сұраныстың болмауынан тарихи жадыда сақталып отырды. Бірақ ол мүлдем жойылып кетпеді. Оның «өнегелі құқыққа» айналуына ықпал жасады. Көшпелі қоғамның дүниетанымында «өнегелі құқықтың» сақталуының жазылмаған қағидаттарына қатысты туындады. Кейбір мемлекеттерде заңдар жазылып сақталғанына қарамастан прецеденттік құқықта қатар жүргізіледі. Мемлекет тарапынан заң ретінде қарастырылмаса да өзінің қоғам ішінде жазылмаған «өнегелі құқық» ретінде қолданыста болуын атап өткен жөн.

Көшпелі халықтың құқықтық ескерткіш мазмұны түркі-моңғол халықтары арасында сақталғаны және қолданылғанға қатысты зерттеулерде антропологиялық ұстаным қолданылғандығы жайлы ақпарат бар. Бұл ұстаным құқықтық сананың, мәдени орта, дінге және «ақиқатқа» жету барысында түсініктерді анықтауға мүмкіндік жасайды. Институционалдық ұстаным элементтерін қолдану мемлекеттің құрылымдары мен әдеттегі құқық ескерткіштерінің өзара байланысын көрсетеді. [7, 19 б.].

Моңғол халықтарының заңнамалық ескерткіштерінің анализі бізге олардың өзара сабақтастығы мен дәстүрлі құқықтық нормалардың трансформация айқындауға мүмкіндік береді. Шыңғысхан дәуіріндегі Моңғол империясының заңнамалық ескерткіштерінің алғашқысы ретінде Ұлы Жасақты жатқызады. Моңғол дәуірінің құқығын зерттеушілердің арасында келесі мәселеге байланысты дискуссия туындап отыр: Жасақ – бұл дәстүрлі құқық нормаларының жиынтығы немесе жаңа заңдар, Шыңғысхан енгізіп өз өмірі кезінде қағаз бетіне түсті ма әлде біз Жасақтың пайда болуын тікелей Таяу Шығыстағы ұрпақтарына жатқызамыз ба, себебі Қытай

деректерінде оның тексті белгісіз болды онымен қоса бұл заңдар жинағын біз жергілікті кодекстардан биік болған жалпы империалық заңнамалық құжат ретінде қарастыра аламыз ба. Рязановскийдің пікірі бойынша «патриархалды өмір қалыбында және әулеттік құрылыстың беріктігінде Шыңғысханның Жасағы кәдімгі барлық алғашқы коексктер секілді, орныққан дәстүрлі құқықтардың ортақ бекітілген жиынтығы». Бұл оймен Н.Н. Крадин, Т.Д. Скинникова, Б.В. Базаров, С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов келіседі. Т. Барфилдтің пікірі бойынша, құқықтың кодификациясы, оның квинтэссенциясы болған «Ұлы Жасақ» - Шыңғыс хан ұрпақтарымен толықтырылып жүйеленген оның нұсқаулары мен жарлықтарының жинағы. Онымен қоса Жасақты жалпы империялық құқықтық құжатқа жатқызуға болады. Ж.Б. Доржиевтің пікірі бойынша, «Ұлы Жасақ әдеттегі құқықтың кодификациясы емес, моңғол алқабында бұрында білмеген жаңа заң нормаларның жиынтығы» [8, 17 б.].

Шыңғысхан дәуірінен кейінгі моңғол құқығының деректерінің бірі ол «Цаган теуке», оның бірінші нұсқасы зерттеушілердің пікірі бойынша XIII ғасырдың аяғында пайда болған. Қазақ хандары сияқты бұл еңбектің авторлығы Шыңғысханның немересі Құбылайға тиесілі. Бұл ескерткіштің жетілдірілуі зерттеушілердің пікірінше XVI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген моңғолдардың саяси қайраткері Хутуктай Сэцэном-хунтайджимен жүзеге асырылған. Бұл ескерткіштің заңнамалық сипаты оның мәтінімен айқындалады. Оның авторлары көне патшалардың заңдарына және Шыңғысхан мен Құбылайдың жарлықтарына сілтеме жасады. Онымен қоса құжатты кейінгі бөліктерінде Құбылай бұл «кодексті» құрастырушы деп көрсетіледі. [9, 27 б.].

Бұл ескерткіштің мазмұны нақты заңнамалық жарлықтарынан басқа саяси үдерістерді құрап – оның әдеттегі нормалардың беітілуі емес, басынан бастап жаңа мемлекеттік және құқықтық идеологияның құрылуы еді.

XIII ғасырдың екінші жартысында Құбылайдың кезінде, өзін басқа хандардың келісімінсіз құрылтайда өзін хан жариялауынан кейін, Шыңғысханның ұлы империясының құлдырауы басталды. Осыдан кейін жеке аймақтарда өзара қырқыстар бастала бастады. Тек XIV ғасырда ойраттардың бастауымен ортақ моңғол мемлекетін құру талынысы жаңғырды. Бұл уақытқа Ескі Цааджин Бичигтің жинақтары жатады. Я.Гурляданың пікірі бойынша, Цааджин Бичиг Жасақтан дербес дамып, жалпыойраттық жарлық болды. Деректердің толыққанды жеткіліксіздігінен «Ескі Цааджин Бичигтің» маңызы мен мазмұнын ашып айту мүмкін емес. Бұл ескерткіш мұрагерлік құқықтың реттеушілік нормаларын өз бойына жинақтаған. Жасақтың кейбір фрагменттеріне сай, «отағасы қайтыс болған кезде мал мүлік балалары арасын тең бөлініп, бірақ үлкен баланың үлесі көбірек болды. Ал үй кенже баласының үлесіне тиді. Ескі Цааджин бичигте былай делінеді, «бала ер жетіп, өз өзіне жұмыс істей алатын дәрежеге жеткенде, әкесінің қамқорлығынан шығып, мал мүліктің тесі бөлігін талап ету құқығы берілсін, заңды билеушінің құзыріретіне кірсін» [10, 35 б.].

Моңғолдар құқықтық ескерткішінің келесісі ол « Он сегіз далалық заң», XVI ғасырдың аяғында қабылданған. Он сегіз далалық заңның көшірмесі ағаш қабықтарына жазылған. Заңның тексті әралуан, олардың ішінен екі үлкен бөлімі бар, олар: «Алты хошундар заңы» 65 баптан және «Ұлы заң» 92 баптан тұрған. Екі заң арасында үлкен айырмашылықтар бар. Алғашқысы жалпыға арналған болса, ал екіншісі 1620 жылы

Таран өзені бойында халха князьдарының жиналысында қабылданды, «Ұлы заң» осыған дейін қабылданған заңдарды өз бойына құрап Халха ноондарының заңнамалық қызметтерінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл заңдардың негізгі мақсаты Халханың бірлігін сақтап, биліктегі тұрақтылық қамтамасыз ету, сондықтан да бұл жерде көбіне жарлықтар басқарушылықпен жеті хошның өзара қатынас реті қарастырылған.

Жасақ пен Даланың он сегіз заңдарын өзара салыстыру олардағы жалғастырушылық сипатт айқындауға мүмкіндік береді. Екеуі аралас күйде болды, яғни баптар жекелеген тармақтарға жіктелмеген. Екі заң жинағында да айып және құн институт орын алып, өзара ұқсастықтар орын алған. Мысалы барлық ұсақ қылмыстар малмен өтеліп отырды,

«Даланың он сегіз заңы» «Их Цааздың» жазбаша дерегі ретінде қалыптасты. Я. Гурлянд өз кезінде айтып кеткендей, « бұл заңдар моңғол ойрат арасындағы ұзаққа созылған қырқисудан кейін екі жақ бірігу туралы ойға екі жақтың біріккен жиынында қабылданған. Бұл жарлықтың редакциясы шамамен 1635-1640 жылдары құралған.»

«Даланың он сегіз заңы» сияқты «Их Цаазда» сыртқы саяси ахуалдың нашарлау кезінде қабылданған. Сондықтан да заңды құрастырушылар нойондар арасында бейбітшілік пен келісім сұрақтарына көп назар аударған. Себебі осы кезде манчжурлықтардың елге басып кіру қауіпі төніп тұрды.

Осыдан кейін моңғол құқықтық жүйесінің хронологиясында «Халха Джирум» заңдар жинағ тұрды. «Халха Джирум да осыған дейінгі ескерткіштер секілді аса мәнерлі діни әнұран секілді басталып, буддизм мен оның қолдаушысы әрі пірі болған «жоғарғы ламаны» айшықтайды. [11, 33 б.].

Қазақ халқының дәстүрлі қоғамындағы құқықты сипаттай келе оны мемлекет күшімен қамтамасыз етілген және заң шығарушының талабының нәтижесі және заманауи тұрғыдағы ережелер мен нормалардың қосындысы ретінде түіндіру мүмкін емес. Көшпелі құқық әлдеқайда көпсалалы, ол тек жазбаша ресми нормалар жиынтығынан ғана емес, онымен бірге құқықтық құндылықтардың қосындысын, құқықтық образдарды, құқықтық түсініктерді, құқықтық қатынастарды, құқық институттар мен құқықтық процедураларды өзіне қамтыған. Нақ осы сапалар қазақ халқының әдеттегі құқығын бізге ғасырлар бойы қызмет етіп, қазақ халқы мен оның аумағын ұрпақтарына қалдырып отырған бірегей құқықтық феномен ретінде тануға мүмкіндік береді. Қазақ халқының әдеттегі құқығы бүкіл халық қабылдап отырған еркіндікті, өнегелі идеяларды, идеалдар мен принциптер бекітті. Дала құқығы синкреттілікке ие, ол өз бойында өнегелілікті, дін мен моральді қамтып олар саяси, экономикалық, отбасылық және т.б. институттар мен процесстерге сіңісіп кетті.

Құқық тарихында әдеттік құқықтың орны ерекше. Әдет – бұл өркениеттік феномен болып табылады және оның мағынасы қоғамдық ғылымдармен толыққанды зерттеліп бітпеген.

Қазақ дәстүрлі құқығына қарағанда Кавказ халықтарының құқықтық жүйесіне шариаттың ықпалы көбірек болғаны айқын. Бұған дәлел болатыны ол, « барлық азаматтық құқыққа қатысты істер шариғат заңдарының негізінде талқыланып, шешілетін, тек қылмыстық істер ғана әдеттегі құқық негізінде шешіліп отырды. [12, 41 б.].

Егерде әдеттегі құқықтың басты ерекшеліктеріне назар аударатын болсақ, онда ол барлық халықтарда ұқсас болып келеді. Оларға:

1) заңнамалық тұрақтылығы және оның басты нормаларының сабақтастығы;

2) партикуляризм;

3) азаматтық құқық бұзушылық пен қылмыс түсінігі арасындағы кішкене ажыратушылық;

Алайда қазақтың дәстүрлі құқығына мынандай ерекшеліктер тән, демократизм мен гуманизм, яғни бұл дәстүрлі қазақ қоғамында түрме, зындан мен жазаның қатал түрлерінің болмауымен түсіндіріледі.

Әдеттегі құқық - ол, бірінші кезекте, принциптердің құқықтық жүйесі. Көзқарастар мен орныққан пікірлер қазақ қоғамындағы тәртіптің негізі ретінде танылды. Көзқарастар мен құқықтық негіздегі түсініктердің пайда болуы регулятивті күшкі ие принциптердің пайда болуына алып келді. Принциптер құқықтық түсініктермен бірге қызмет етіп, бірін бірі толықтырып, байытып отырды, жаңа құқықтық түсініктердің туындауына жол ашты. [13, 41 б.].

Құқықтық принциптер, көпелілердің идеяларын жалпы үш топқа бөліп қарастыруға болады: басты принцип, аралық принцип және жеке принциптар. Бұл принциптер өзара байланысты болды, құқықтық жүйенің құрылымын айқындап, оның ішкі жинақылығын қамтамасыз етті.

Басты принцип, көшпелілердің құқықтық өмірінің басты талабы: «Малым — жанымның садағасы, жаңым — арымның садағасы» Бұл принцип құқықтық өмірін барлық салаларының негізгі бастауы болды. Аралық, жеке принциптер және құқықтық жүйе нормалары осы басты принцип негізінде қызмет етіп онымен бақыланып отырды. [14, 45 б.].

Аралық принциптерге мыналар жатты: «Кешірімді болу», «Сөзге тоқтау». Аралық принциптердің ерекшелігі олардың екі принцип арасындағы байланыстырушылық қызметі еді. Аралық принциптер өзінің ауқымы аясында қызмет етіп осы норма аясындағы басқа да құқықтық нормалармен байланысып отырды. Мысалға, тұрмыстық өмірде басты принциптердің бірі «Жеті атаға дейін қыз алыспау». Соттық жүйе негізінде «Дау мұраты — бітім» принципі болды. Осыдан кейін тарихи этаптарда өзінің құндылығын Қанға — қан, жанға — жан» принципі арттыра түсті.

Осы принциптердің жиынтығы өз кезегінде адамның жүріс тұрысы мен тұрмысына әер етті. Осының нәтижесінде нормалар мен әдеттегі құқық институттары жинақы құбылыс дәрежесіне көтеріліп, адам ой қабілетіне әсер етуді ғана емес оның эмоциональдық ауқымына әсер ете алды. Олар мысалға, ант беру рәсімі, қанды кек, ала жіп кесу және т.б. [15, 47 б.].

Көптеген халықтардың дәстүрлі қоғамында зерттеулердің көрсетуі бойынша сот тәжірибесі әдеттегі құқықтың екі басты принциптеріне сүйене отырырып солардың көмегімен даулы мәселелер шешіліп отырған Ол таллион принципі мен композиция принципі. Қазақ дәстүрлі құқығында регуляцияның тиімді тәсілі ретінде баты принциптердің бірі ол таллион принципі болып табылады. Бұны тек қазіргі зерттеушілер ғана емес алғашқы құқық зерттеушілер де атап өткен. «Атап өтпеуге болмайтыны, - деді А.И. Левшин, - еурапа халықтары мен біз зерттеп ашқан заңмалардың ұқсастығы өте үлкен. Қатал, алайда қалыптаспаған адам табиғатына

қатысты кек немесе қанға қан заңы барлық дерлік халықтардың бастау кезеңінде болған. Біз оны еврейлерден, гректерден, римдіктерден, арабтардан, германдықтардан, скандинавтықтардан, және біздің ата бабаларымыз славяндардан да байқамыз». Ары қара ғалымдар зерттей келе мынаны атап өтеді, «халықтар дәрекі бола келе, қанға қан кек алу дәстүрі мүлкісіз орындалып отырды.» Алайда қоғамның дамуына қарай және құқықтық жүйенің жеңілдетілуіне қарай таллион принципі қысқартылып, өзінің кінәін заттық тұрғыда өтейтін болды. Кек санғасырлы дәстүр ретінде көптеген куәгерлер мен зерттеушілердің назарында болды. Осылайша, А. Рязанов былай деген, «Тәуке хан заңдарының басты принципі ол қанды кек болды: өлім үшін өліммен қайтару, зақым үшін зақыммен жауап беру ұйғарылып отырды. Бұл өте көне дәстүр болды, қырғыз үшін қанды кек алу жоғары мәртебе еді. Кектен бас тарту ұятты саналды. Кісі өлтірген адам пана іздеп, өзінің әулетінің қамқорлығын іздеді. Ал кек алушы адам өзінің әулетінен көмек сұрады, осылайша әулет аралық кек туындап ол ғасырдан ғасырға жалғасып ол әулетаралық соғыстарға алып келіп отырды.» Бұл пікірмен Үсеинова К.Р. өзінің диссертациясында келіспеушілік білдіреді. «Жеті Жарғыда таллион принципі сақталғанымен, бұл кезеңде ол өзінің бастапқы мағынасынан айырылып, осы кезеңде басты қағида ретінде композиция принципі алға шықты, яғни өзінің жазасын материалдық тұрғыда өтеу. [16, 37 б.].

Атап өтетін болсақ таллион принципі барлық құқықтық жүйенің алғашқы кезеңіне тән болып табылады. Атақты ағылшын ғалымы А.Р. Рэдклифф Браун бұл мәселеге қатысты былай деп жазады: «Жәбірленген топ кек алуға негіз бар, және топ мүшелеріне өлтірілген адам үшін кек алу міндеттеледі. Кек алу акциясы дәстүрмен реттеледі: *lex talionis* (таллион заңы – тең кек алу) келтірілген зиян келтірілетін зиянға парапар болу керек деп талап етті...»[17, 45 б.].

Осы принцип Кавказ халықтарында міндетті түрде орындалуды міндеттеді және оны материалдық өтеумен алмастыру мүмкін емес еді. Ал қазақ халқында керісінше қанды кекті материалдық тұрғыда өтеуге мүмкіндік бар еді, егерде екі жақ келісімін берсе. Негізінде барлық жаза түрлерінің орнына құн төлеу жүйесі қалыптасқан. Атап айтқанда бұл дәстүрлі қазақ қоғамында мүліктік қатынастардың дамығандығын көрсетеді.

Іс жүзінде Қазақ даласында практикалық тұрғыда алғаш рет барлық қылмыстар мен соның ішіне кісі өлтірушілік құн төлеумен алмастырылды. Құн мен айыптың мөлшері, заңда көрсетілгендей материалдық тұрғыда тек қана айыпты адамға ғана емес оның бүкіл әулетіне жүктелді. Қылмыскер шыққан әулет далалық иерархияның ең төменгі сатысына түсіріліп, ал қылмыскердің сөзі жалпы мемлекеттік сұрақтарды талқылауда назарға алынбады. [18, 26 б.].

Композиция принципінің пайда болуы және «қан» орнына құн өтелуі өндірітік қатынастардың және жек меншік институтының ары қарай дамуымен байланысты. Осы тұрғыда М. Ковалевский дәстүр «остановился на той цифре, которая в его глазах представляла собой максимальный размер имущественных средств». Қазақтардың әдеттегі құқығына сай ер адамды өлтіргені үшін құн 200 аттан 1000 атқа дейін белгіленіп отырды. Осындай мөлшердегі құн де басқа да қылмыстарға да қолданылып отырды. [19, 49 б.].

Қорыта келгенде, жалпы жоғарыда айтылғандардың барлығы, яғни салықтармен салық жүйесінің дамуы, еліміздің бюджет жүйесінің тұрақтылығына және орнықтылығына оңды әсерін тигізеді, еліміздегі қылмыстылықтың санының азаюына ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Першиц А.И. Мононорматика и начальное право. Статья первая, вторая // Государство и право. 2000. № 1; 2001. № 9. – 9 б.
- 2 Степной закон. Обычное право казахов, киргизов и туркмен // Сост. А.А. Никишенков; Ред. Ю.И. Семенов. М., 2000. – 15 б.
- 3 Викторин В.М. Обычное право в истории кочевой жизни ногайцев // Обычное право в России: проблемы теории, истории и практики. Ростов н/Д., 1999. – 21 б.
- 4 Материалы по казахскому обычному праву. — АлмаАта: Наука, 1948. — 350 с. Материалы по казахскому обычному праву / Сост. З.Ж. Кенжалиев. - Алматы, 1996. – 26 б.
- 5 Қазақтың ата заңдары. Зиманов Салық. 1-5 том. Өсеров Н. Жеті Жарғы. - Алматы: Жеті Жарғы, 1995. Т.С. Маймақов Ғаппар Қазақстан республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы, «Ғылым» 2000. – 14 б.
- 6 Султанов.Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз –Хана. Алматы, «Дайк-Пресс» 2001. 276 б. Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана, 2004. 249 б.; Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. Алматы, 2015. 2004. Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы, 2014. 520б. Жумаганбетов Т. Проблемы формирования и развития древнетюркской системы государственности и права. V-XII вв. А, 2003. – 5 б.
- 7 Крадин Н.Н. Империя Хунну. - М.: Логос, 2001.- 310 бб.; Скрынникова Т.Д. Монгольское кочевое общество периода империи //Раннее государство, его альтернативы и аналогии: Сборник статей / под редакцией Л.Е.Григина, Д.М.Бондаренко, Н.Н.Крадина, А.В.Коротаева.-Волгоград, 2006. – 19 б.
- 8 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы, 1996- Т.1. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XI11-ХУ111 вв. А, 2004 19-25 бб. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн.1. М-Л, 1952. 259-266 бб. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Алматы «Дайк-Пресс» 2005ж. «Алтын тобчы» Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. 2 том. Алматы, «Дайк-Пресс» 2005. – 17 б.
- 9 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. - М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1959. – 27 б.
- 10 Почекаев Р.Ю. Эволюция торе в системе монгольскоко средневекового права// Монгольская империя и кочевой мир. -Улан -Үдэ: БНЦ СО РАН, 2004. – 35 б.
- 11 Древнетюркский словарь. Л.,1969. – 25 б.
- 12 Кормушин И.В. Тюркские енисейские эпитафии. (тексты и исследования). М., 1967. – 33 б.

- 13 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы. 1998. Т-1. – 41 б.
- 14 Сапарғалиев Г.С. Торе бітиге... – 45 б.
- 15 Сапарғалиев Г.С. Армян Торе битиге.. – 47 б.
- 16 Почекаев Р.Ю. Эволюция торе в системе монгольского средневекового права// Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Үдэ, 2004. – 37 б.
- 17 Golden P.B. Imperial ideology of the Sources of Political Unity Amongst the the Pre-Cinggisid Nomads of Western Eurasia. Wiesbaden. 1982. – 45 б.
- 18 Барфилд Т.Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221г. до н.э.-1757 г. н.э.). Спб, 2009. – 26 б.
- 19 19.Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIIIв.: Проблема исторической преемственности, М., 1993. – 49 б.

Резюме

Статья посвящена вопросам взаимосвязи правовой системы древней тюркской цивилизации и традиционного казахского общества. Также, в статье описываются исторические моменты становления правовой системы и проблемы преемственности с примерами в сравнительной форме.

Summary

The article is devoted to the relationship of the legal system of the ancient Turkic civilization and the traditional Kazakh society. Also, the article describes the historical moments of the formation of the legal system and the problems of continuity with examples in comparative form.

УДК 341.01

Самсыбаева А.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының 2 жыл магистранты

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НОРМАЛАР МЕН ҚАҒИДАТТАРДЫ БЕКІТУ НЫСАНЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мақалада автор халықаралық нормалар мен қағидаттардың ұлттық құқық жүйесінде бекітілу нысанына қатысты кейбір мәселелерді қарастырған.

Кілт сөздер: халықаралық, құқық, қағидаттар, нормалар, нысан, жалпыға танылған.

Құқық қолдану үшін тікелей практикалық маңызы бар халықаралық нормалар мен қағидаттарды бекіту нысаны туралы мәселе жеке назар аударуды талап етеді. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына түсініктеме бере отырып, А.Н. Талалаев жалпы халықаралық құқық нормаларының жүйесіне, мемлекеттермен халықаралық қоғамдастықтың барлық немесе барлық дерлік мемлекеттерінің келісу

жолымен құратын нормалар, яғни әдеттегі, сондай-ақ шарттық жалпыға танылған әмбебап нормалар кіретінін көрсетеді [1, 144 б.].

«Халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларының» бастапқы көздері халықаралық шарттарға немесе өзге де актілерге кодификациялануы мүмкін халықаралық-құқықтық әдет-ғұрыптар болып саналады. БҰҰ Халықаралық сотының Статутында халықаралық-құқықтық әдет-ғұрып құқықтық норма ретінде танылған жалпыға бірдей тәжірибенің дәлелі ретінде анықталады [2, 32 б.].

Халықаралық құқық нормаларының құқықтық әдет-ғұрыпта өз бастаулары бар, алайда сақтау және біркелкі қолдану мақсатында оларды құқықтық постулатта шоғырландыру қажеттілігі халықаралық сипаттағы құжатта тіркеу қажеттілігін туындатқанымен келісу керек. Сонымен қатар, әдебиетте қарама-қарсы пікір бар. Мысалы, С.В. Калашников халықаралық ұйымдардың актілерінде бекітілген нормалар, егер бірнеше рет қайталану нәтижесінде әдеттегі болса ғана, жалпыға танылған мәртебеге ие болады деп санайды [3, 45-49 бб.]. Осы себепті автор халықаралық құқықта жалпы танылған нормалардың қалыпты немесе шарттық болуына қарамастан, негізінде болуын жоққа шығарады. Осы айтылғандарды теріске шығаруға А. Н. Талалаевтың дәлелдерін келтіруге болады, халықаралық көпжақты шартқа енгізілген жағдайда, мемлекеттердің халықаралық құқық нормаларын міндетті ретінде жалпыға бірдей мойындауының презумпциясының болуын негіздейтін құжат болып табылады [4, 73-74 бб.].

Шын мәнінде, халықаралық құқық теориясында әдеттегі нормалардың екі түрі бөлінеді: дәстүрлі түр, яғни жазылмаған ереже; және қандай да бір актіде осындай ретінде танылатын әдеттегі нормаларды қамтитын жаңа түр [5, 105 б.]. Бұл, алайда, әдет-ғұрып басқа құқық көздері үшін «резервуар» ретінде әрекет ете отырып, халықаралық құқықтың дербес көзі ретінде өз маңызын жоғалтатынын білдірмейді [6, 115 б.]. Сонымен қатар, халықаралық құқықта халықаралық норманы дуалистік білдіруге жол беріледі. Әңгіме халықаралық ұйымдарға мүше мемлекеттердің бірі үшін норма шарттық болып табылатын, ал тиісті мәртебесі жоқ және норманы әдеттегі жолмен таныған басқа мемлекеттер үшін халықаралық норма әдет - ғұрып ретінде қолданылады. қолданылады. Мұндай нормаларды әдетте шартты нормалар деп атайды [7, 33-34 бб.]. Ешбір жағдайда халықаралық норма әлемдік қоғамдастық деңгейінде жалпыға бірдей танымалдық сипатын жоғалтпайды.

Сонымен, халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормалары әдеттегі немесе халықаралық шарт нысанында көрсетілуі мүмкін [8, 8 б.]. Егер халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормасы Қазақстан Республикасының халықаралық шарты нысанында көрсетілсе және барлық немесе дерлік мемлекеттер арасында жасалған халықаралық конвенциялар, шарттар бола алмайтынын ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормасы деп екі және одан да көп мемлекеттер үшін императивті белгіленген ережені және осы мемлекеттер заңдық міндетті ретінде танытын халықаралық құқықтың жалпы танылған нормасы деп түсіну керек. Ұсынылған ұстанымға сүйене отырып, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормасы әрқашан императивтік норма деп тұжырымдауға келіп, пікірмен келісу керек. «Халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормалары» терминін зерттеу қорытындысында ҚР Конституциясында осы ұғымның болмауы ғана көптеген

мәселелерді тудырғанын атап өту қажет.

Ең алдымен, судьяларда, олардың жұмыспен аса тым жүктелуі кезінде, әрбір нақты жағдайда халықаралық нормаларды оларда қандай да бір қағидатты императивтік бекіту мәніне егжей-тегжейлі зерттеу жолымен қағидаттың жалпыға бірдей танылуын белгілеуге мүмкіндігі жоқ, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларының нормативтік мазмұнын айқындау кезінде қиындықтар туындауы мүмкін екенін есте сақтаған жөн.

Ғылымда халықаралық құқықтың нақты қандай қағидаттары мен нормалары жалпыға бірдей танылғаны туралы мәселені зерттей отырып, бұл мәселені шешуде қиындықтар жоқ деген тұжырымдауға болатын пікір айтылады. И. И. Лукашук былай деп жазады: «Жалпыға танылған қағидалар мен нормалар өте жақсы белгілі. Олар мемлекеттердің шарттық тәжірибесінде, халықаралық конференциялар мен ұйымдардың қарарларында растауды табады. Негізгі қағидаттардың мазмұны 1970 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық қағидаттары туралы Декларацияда, сондай-ақ 1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің Қорытынды актісінде баяндалған» [9, 43 б.].

Осылайша, жалпыға танылған қағидаттар мен нормалар әртүрлі халықаралық актілерде бекітілуі мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Талалаев А.Н. Комментарий к Венской конвенции о праве международных договоров. М., 1997. С. 144.
- 2 Лыгин Н.Я., Ткачев В.Н. Международно-правовые стандарты и конституционная законность в российской судебной практике: научно-практическое пособие. М., 2012. С.32.
- 3 Калашников С.В. Применение общепризнанных принципов и норм в сфере защиты прав человека в России: вопросы теории и практики / под ред. Д.С. Велиевой. М., 2010. С.45-49.
- 4 Талалаев А.Н. Общепризнанные принципы и нормы международного права (конституционное закрепление термина) // Вестник Московского университета. Серия 11. Право. 1997. № 3. С. 73 - 74.
- 5 Лукашук И.И. Международное право. Общая часть. М., 2005. С. 105.
- 6 Ильинская О.И. Вопросы применения международных обычно-правовых норм // Журнал российского права. 2012. № 11. С. 115.
- 7 Тункин Г.И. Теория международного права / под общ. ред. Л.Н. Шестакова. М., 2000. С. 126; Самхарадзе Д.Г. Источники современного международного права. М., 2006. С. 33 - 34.
- 8 Самхарадзе Д.Г. Взаимодействие источников современного международного права: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. М., 2005. С. 8.
- 9 Лукашук И.И. Конституция России и международное право // Общепризнанные принципы и нормы международного права, международные договоры в практике конституционного правосудия: материалы Всероссийского совещания

(Москва, 24 декабря 2002 года) / под ред. М.А. Митюкова, С.В. Кабышева, В.К. Бобровой и А.В.Сычевой. М., 2004. С. 43.

Резюме

В данной статье автор рассмотрел вопросы формы закрепления международных норм и принципов в национальной правовой системе.

Summary

In this article the author considered some questions of a ratio of universally recognized principles and norms of international law.

УДК:343.9.01:343.23(574)

Сарсебай Р.Н.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.д., профессор
Балашов Т.Т.

ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ҰҒЫМЫ-ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕДЕГІ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

Мақалада автор «Ұйымдасқан қылмыстылық» ұғымының әртүрлі түсіндірілуі бар екендігін жан-жақты талқылаған. Ұйымдасқан қылмыстылықтың халықаралық қылмыстылықпен байланыстырған. Соның ішінде, халықаралық сипаттағы қылмыстарды халықаралық құқық аймағында көптеген халықаралық қатынас мамандары мен құқықтанушылар-мен зерттелуін қарастырған.

Кілт сөздер: ұйымдасқан қылмыстылық, ақпарат жинау, криминалдық жағдай, қылмыс, қарулы топ, қылмыстың объектісі, алдау, ұйымдасқан топ, құқықтар, қару-жарақ ұрлау.

Қазақ елі тарихының тамаша бір тармағы — қазақтың ата жолы, қазіргі құқық деп аталатын ұғымға толық сәйкес келетін әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері және қоғамдық өмірдегі қатынастары. Осы қастерлі қазынамызды баға жетпес байлық ретінде зерек көңілмен зерделейтін әрбір еңбек — халқымыздың рухани мұрасын молайтатын жүйелі жұмыс нәтижесі [1, 10б.].

XVII ғасырдағы бірден-бір заңдар жүйесіне айналған «Жеті жарғы» — сот билігінің айнымас кодексі екені даусыз. Бірақ «Жеті жарғыда» қылмысқа қатысушылық пен жасаған әрекет үшін нормалар қарастырылмаған. XVII ғасырдағы Әз Тәуке ханның Ұлы үш кеменгер — Төле би, Қазбек би, Әйтеке бимен ынтымақтаса отырып жазған «Жеті жарғыдағы» құқықтық өлшемдермен мағыналар, мәндес келуі-халқымыздық өз

ұлттың тән заң Жарғылары әлі сақтай үзілмей келе жатқанын танытады. Тәуке ханның тамыр тартқан бұл заңдар ережесі кешегі Қазан төңкерісіне дейін келіп жеткенін ескерсек, «Жеті жарғы» заңдар ережесінің баптары үш ғасыр ұлт мүддесі үшін өмір сүргеніне әбден көз жете түседі.

Өткен ғасырдың 30-жылдарының аяғынан бастап, қылмысты ұйымдастырушының ұғымы заң ғылымынан орын ала бастады. Кеңестік қылмыстық заңнама бұрын ұйымдастырушының ұғымын тіптең білмеді деуге болмайды. Бірақ, бұл ұғымдар кейбір қылмыстарға ғана қатысты болды. Сонымен қатар, қылмыстық заңнаманың Негізі қабылданбағанша, қылмыстың ұйымдастырушысы ретінде — қылмыстық ұйымды басқарған адамды ма, әлде қатысушылықпен жасалған қылмыстарда ерекше белсенділікпен қатысқан адамды ма, кімді тарту керек екендігі айқын болмады.

Профессор Ф. Н. Камоннің пікірінше, «Қылмысты ұйымдастырушының рөлі қылмыстық қауымдастықты құруда, одан кейін жоспарын өңдеуде, ең соңында қылмыстың жасалуын басқаруда» [2, 99б.].

Берілген анықтамада ұйымдастырушының ұғымы бірнеше адамдардың қылмысқа дайындалу мен жасаудағы қылмыстық әрекеттерінің кең шеңбері қамтылды.

Қылмыстылық - әрбір қоғам өмірінің қарама - қайшылықтары салдарынан пайда болатын құбылыс болып табылады. Қылмыстылық феномені әлеуметтік – экономикалық және саяси тұрғыдан дағдарысқа түскен кедей мемлекеттерге ғана емес, айтарлықтай экономикалық және саяси тұрақтылыққа жеткен мемлекеттерге де тән болып келеді. Әрбір мемлекеттің қылмыстылығының өзіне тән құрылымына, динамикасына, ерекше белгілеріне қарамастан қылмыстылықтың сапалық өзгерістері барлық мемлекеттерге тән қасиет болып табылады. Бұл, бірінші кезекте, қылмыстық қызметтің көлеміне, ұйымдастырылуына, қылмыстық бизнестің заңдастырылуына және т.б. байланысты, жалпы айтатын болсақ, қазіргі өмірдің әлеуметтік құбылысы – ұйымдасқан қылмыстылықтың деңгейінің күрт өсуіне және кең өріс алуына байланысты болып келеді.

Біздің мемлекетте ұйымдасқан қылмыстылық – ғылыми зерттеу объектісі ретінде салыстырмалы түрде жас болып табылатындықтан (алғаш рет бұл мәселені И.В. Карпец 1984 жылы Мәскеуде өткен социалистік мемлекеттер криминологтарының алтыншы ғылыми Конференциясында көтерген болатын), бұл құбылыспен күресу тәжірибесі мол деп айту қате болар еді.

Сондықтан да, басқа мемлекеттердің заңгерлерінің осы мәселе төңірегіндегі зерттеулеріне көңіл бөлген дұрыс болар еді. Бұл біздің ұйымдасқан қылмыстылық ұғымын дұрыс ашуымызға, бұл құбылысқа қолданылатын тиімді шараларды табуымызға көп көмегін тигізетіні анық. Бірақ, көптеген авторлардың пікірінше және біз де оған қосыламыз, ұйымдасқан қылмыстылықтың ұғымын, оның заңи бекітілуін, оған қарсы қолданылатын шараларды механикалық түрде көшіріп алу үлкен жетістіктерге әкеле қоймайтыны анық. Міндетті түрде мемлекетіміздің өзіне тән ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Біздің мемлекетте ұйымдасқан қылмыстылықпен тиімді күресу үшін басқа мемлекеттер заңгер-ғалымдардың жүргізген зерттеулерінің негізгі бағыттарын басшылыққа алу керек. Осы арқылы мемлекетіміздің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, бұл құбылыспен күресудің негізгі бағыттарын, стратегиясын, әдіс-тәсілдерін анықтау қажет.

Ұйымдасқан қылмыстылық ұғымы Италия, Жапония және АҚШ- да кеңінен ашылған. Себебі, бұл құбылыс осы мемлекеттерде кеңірек өріс алған.

Италияда ұйымдасқан қылмыстылық терең әлеуметтік-экономикалық және саяси тамырларға ие құбылыс болып табылады. Зерттеулерге сүйенсек, ондағы ұйымдасқан қылмыстылықтың (мафия) пайда болуы ХІХ ғасырдың басына қарай өмір сүрген кедей, әлеуметтік- экономикалық жағдайы нашар сицилиялық шаруалармен тығыз байланысты. Сицилиялық мафияның нақты пайда болу мерзімі жөнінде ортақ пікір жоқ: кей ғалымдардың пікірінше мафия 1882 жылы болған көтеріліске байланысты пайда болды. Мафия пайда болған кезде қазіргі заманға тән қасиеттерге ие болған жоқ.. Алғашында ол бай жер иеленушілерге қарсы күрестің қарулы топ сипатында болып келген. Кейін келе ол ірі латифундисттер жалдайтын “күзет” ретінде өмір сүрді.

ХХ ғасырдың 20 жылдарына олар заңды сипатта болып келеді де, құрылымның басшылығы “жанұя” (“семья”) болып табылды.

“Жанұя” бүкіл Италияға таралып, әр жерде әр түрлі атала бастайды – Неапольде “каморра”, Калабрияда “дрангетта”, Миланда “мала”.

“Мафия” термині біртіндеп жақсы ұйымдастырылған, әлеуметтік және саяси өмірде беделі бар барлық жасырын қылмыстық топтарға берілетін болды.

Италиядағы қазіргі мафияның жағдайын нақтырақ көрсеткен криминолог, жазушы Ф. Камон былай деп жазды: “Мафия - мемлекетпен тығыз байланысқандығы соншалық, бір ыдыстағы екі бұлақтың суы сияқты. Қазір мафияның қай жерде аяқталып, қай жерде мемлекет басталатындығын ешкім білмейді. Мафия “мемлекет жауы” ретінде өмір сүрмейді, керісінше мемлекет ретінде қызмет етеді: ол мемлекет сияқты банкілік қызметпен, құрылыспен, саудамен, акциялармен, делдалдық қызметпен айналысады. Мафия мен мемлекеттің бір-біріне жақындығы соншалықты, қазір мемлекет мафияны құрту үшін өзінің бір мүшесін кесіп тастау керек” [2, 126 б.].

Ал, енді Италияда ұйымдасқан қылмыстылыққа қандай анықтама бергеніне көңіл аударайық .

И.Рогов, криминолог-ғалым мынадай анықтама береді: “Ұйымдасқан қылмыстылық – бұл бірге қылмыс жасайтын адамдар тобы ғана емес. Ұйымдастырушылық белгілері бес белгінің болуын қажет етеді:

- ақпарат жинау және өз мүшелері арасында тарату;
- құқық қорғау институттарының қызметіне кедергі жасау;
- негізгі әлеуметтік-экономикалық қызметтерді қолдану;
- ішкі құрылымның болуы;
- әрекеттерінің сырттай заңды сипатта болуы”[3, 256б.].

АҚШ- ғы ұйымдасқан қылмыстылық құрылымы, ерекшеліктері жағынан Италия мафиясымен ұқсас болып келеді. Айырмашылығы тек АҚШ- тағы ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болу уақыты мен себептерінде.

ХХ ғасырдың 20 жылдарында Италиядан қоныс аударушылар АҚШ-да мафия құрып, оны “Коза Ностра” (“Біздің іс”) деп атайды.

Американың заң шығарушылық және құқық қолдану тәжірибесінде ұйымдасқан қылмыстылық ұғымы кеңінен ашылып қарастырылады. АҚШ-да 1968 жылы қабылданған “Көшедегі қылмыспен күресу және қауіпсіздікті қадағалау туралы”

заңында ұйымдасқан қылмыстылық ретінде - заңмен тиым салынған қызмет көрсетумен, соның ішінде, қорқытып алушылықпен, жезөкшелікпен, есірткі сатумен, заңсыз қару сатумен және т.б. заңсыз қызметпен айналысатын, жоғары деңгейде ұйымдастырылған ассоциация мүшелерінің заңсыз әрекеттері танылады.

Н.Ф. Кузнецова деген орыс заңгер - ғалымы өздерінің “Ұйымдасқан қылмыстылық” атты шығармасында (Нью Йорк, 1981г.) ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігін төмендегідей көрсетеді: ”... “ұйымдасқан қылмыстылық” терминін рэкетпен есірткі тарату, жезөкшелік және т.б. заңсыз әрекеттердің ұйымдастырылуымен байланысты заңсыз белсенді әрекетке қатысты қарастыру керек” [4, 846.].

АҚШ-ң қылмыстық заңдылығына сәйкес ұйымдасқан қылмыстылық ретінде мафия ғана танылмайды, оған жалпы, пайда табу мақсатымен құрылатын қылмыскерлердің тұрақты тобы жатқызылады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары кішігірім, бірақ тұрақты, қылмыстық бизнеске “лайық” қылмыстық топтардың көбеюі байқалады.

Осыған байланысты, біздің пікірімізше, А.И. Долгова ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігін дұрыс көрсеткендей. Ол ұйымдасқан қылмыстылықтың сегіз негізгі белгілерін анықтады:

- 1.Қылмыспен кәсіп ретінде салыстырмалы ұзақ уақыт айналысу мақсатында қылмыстық топ құру;
- 2.Билік бір немесе бірнеше адамдардың қолында шоғырланады;
- 3.Ұйым мұқтаждарын қанағаттандыру үшін көлемді ақша қорының болуы;
- 4.Топтың белгілі бір қылмыстарды жасауға “мамандануы” және ішкі құрылымында қызметтердің бөлінуі, өзіндік еңбек бөлінісінің болуы;
- 5.Экспансиялық және монополистік тенденцияның болуы;
- 6.Мемлекеттік органдар шенеуліктерімен сыбайлас жемқорлық сипаттағы байланыстың болуы;
- 7.Өз ішінде қатал тәртіптің және жүріс-тұрыс ережелерінің болуы;
- 8.Қылмыстардағы тәуекелді азайту мақсатында нақты жоспарлауды жүзеге асыру [5, 566.].

Ұйымдасқан қылмыстылық нарықтағы бәсекелестерін ығыстыру мақсатында, әдетте, экономикалық механизмдерді көбірек қолданады. Ал саяси билік болса, белгілі бір мақсатқа жетудің құралына айналады.

Жапониядаға ұйымдасқан қылмыстылық (якудза) басқа мемлекеттердегілерге тән барлық негізгі белгілерге ие. Қылмыстық топтар олардың мүшелерінің арасындағы қарым- қатынастарды анықтайтын рөлдерді, қызметтерді және т.б. орнататын иерархиялық тәртіптің болуымен сипатталады. Жапониядағы қылмыстық топтардың шет ел ұйымдасқан қылмыстылығынан айырмашылығы, қызмет ету үшін территориялық дау қоймайды; ұйымдасуында туыстық немесе “жанұялық” байланыстарды басшылыққа алмайды және ішкі құрылымы құпия емес. Жапондық заңгер - ғалымдар ұйымдасқан қылмыстылықтың ұғымына қатысты ортақ пікірге келмеген. Олардың пікірінше, ұйымдасқан қылмыстылық ұғымының мазмұнын бір түсінікпен, анықтамамен ашып көрсетуге мүмкін емес.

Атақты Жапон криминологы С.Якуминава ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігін анықтау мәселесіне көңіл аудара келе, оны анықтау үшін бірлесе қылмыс

жасау сияқты белгілер жеткіліксіз деп көрсетеді. Ұйымдасқан қылмыстылықтың негізгі белгісі ретінде Якуминава “қандай да бір қылмыстық қызмет нәтижесінде қалыптасқан ұйымды” таниды.

Енді Жапонияның ресми органдарының ұйымдасқан қылмыстылыққа берген анықтамаларын қарастырайық .

Жапонияның Әділет министрлігі “Ұйымдасқан қылмыстылық дегеніміз- құқыққа қайшы әрекеттерді жүзеге асыратын немесе жүзеге асыру қаупі бар ұйым немесе топ”, - деп көрсетеді.

Жапон полициясы болса сәл өзгеше анықтама береді: ”Ұйымдасқан қылмыстылық дегеніміз- өзінің ұйым немесе құрылым күшімен ұдайы құқыққа қайшы әрекеттерді жүзеге асыратын кәсіпкерлік топ”

Бұрынғы КСРО мен шет мемлекеттерінің ұйымдасқан қылмыстылығының сыртқы пішіні ұқсас болып келгенімен, әр мемлекеттердің экономикалық, саяси-құқықтық, әлеуметтік жағдайларына байланысты ерекшеленеді. Айырмашылықтарын дұрыс көрсету үшін ТМД елдеріндегі ұйымдасқан қылмыстылықтың негізгі белгілерін жүйелеп, оған дұрыс анықтама беру керек.

Қылмыстылық - әлеуметтік құбылыс ретінде дамудың жалпы заңдылықтарына ие. Олар қоғамдық құрылысқа тәуелсіз болып келеді. Тек әр мемлекеттегі ұйымдасқан қылмыстылық мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және т.б. салаларына байланысты ерекшеленеді. Сондықтан да, “отандық” ұйымдасқан қылмыстылықты зерттеу үшін шет ел ғалымдарының еңбегіне сүйену дұрыс болар еді.

“Ұйымдасқан қылмыстылық” мәселесі жөніндегі маман-ғалымдардың арасында бұл құбылыстың анықтамасы мен белгілеріне қатысты елеулі тиіспеушілік болғанымен, олардың барлығы - ұйымдасқан қылмыстылықтың халықаралық сипаттағы құбылыс болып табылатындығын мойындайды.

Жоғарыда көрсетілген шет ел ғалымдарының зерттеулеріне негізделе отырып ұйымдасқан қылмыстылықтың жалпы белгілерін анықтайық:

- 1.Қылмыстық қызмет тұрақты сипатта болып табылады;
- 2.Қызметтері қылмыстық кәсіпкерлік сипатта болып келеді және жалпы қылмыстық әрекеттерден айырмашылығы белгілі бір қызметтер мен тауарлар ұсынуы тән;
- 3.Қылмыстық кәсіпкерлік көп мөлшерде заңсыз табыс бере алатын әлеуметтік – экономикалық салаларды қамтиды;
- 4.Негізгі мақсаты – ірі мөлшерде табыс алу, бірқатар әлеуметтік салаларға бақылау орнату арқылы, нарықтың белгілі бір көлемін монополизациялау арқылы, мемлекеттік органдармен коррупциялық байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады;
- 5.Заңды бизнеске қылмыстық жолмен алынған қаржыларын заңдастыру, “тазарту” мақсатында араласады;
- 6.Ұйымдасқан қылмыстық топтың тұрақтылығы қатал ішкі тәртіппен қамтамасыз етіледі;
- 7.Ерекше қылмыстық “құрылым” ретінде қызмет етеді және өз ішінде иерархиялық сатылармен сипатталады.

“Ұйымдасқан қылмыстылық” ұғымының анықтамасын дұрыс беру үшін осы мәселені зерттеген ғалымдардың берген негізгі зерттеу бағыттарын қарастырайық. Бұл бағыттарды былайша тізбелеуге болады:

а) ұйымдасқан қылмыстылықты – ұйымдасқан топ, мүшелері жасаған қылмыстардың жиынтығы ретінде тану;

ә) ұйымдасқан қылмыстылықты – құрылымы, бағыты, қылмыстық әрекеттің нысаны және сыртқы байланыстарының сипаты бойынша ерекшеленетін әр тектік және әр түрлі деңгейлік құрылымдардың жиынтығы ретінде тану;

б) ұйымдасқан қылмыстылықтың – заңсыз табыс алу мақсатында пайда болатын әлеуметтік құбылыс, әлеуметтік байланыс пен қарым – қатынастардың жүйесі ретінде қарастыру.

Біздің пікірімізше, ұйымдасқан қылмыстылықтың анықтамасын толық және анық беру үшін осы үш бағытты бірге қарастыру керек.

“Ұйымдасқан қылмыстылық” құбылысының анықтамасын ашардан бұрын, алдымен төмендегі ұғымдардың мазмұнын ашып алайық.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың негізі ретінде бұл біріншіден, «қылмыстылықтағы ұйымдастық» және «ұйымдасқан қылмыстылық» немесе «топтық қылмыстылық» және «ұйымдасқан қылмыстылық»; екіншіден, «ұйымдастырылған қылмыстар» және «қылмыс субъектілері».

Егер де қылмыстылықтағы ұйымдастық және ұйымдасқан қылмыстылық ұғымдарын бір – біріне қарсы қоятын болсақ, біздің пікірімізше, біріншісі екіншісінен кең көлемді екендігі көрінеді. Сонымен қатар, ұйымдасқан қылмыстылық – қылмыстық құрылымның ең жоғарғы деңгейі деп айтуға да болмайды.

А.И.Долгованың пікіріне сәйкес, онда үш деңгейді көруге болады: ұйымдасқан қылмыстық топтар, иерархиялық сатылану, қылмыстық ортаның жоғары деңгейлі ұйымдастырылуы [5, 56б.].

Екінші кезекті ұғымдарды талдасақ, онда олардың бір – бірімен өте тығыз байланысты екендігі көрінеді. Ұйымдасқан қылмыстылықтың негізінде екі өзара байланысты элемент жатыр. Олар: ұйымдастырылған қылмыстар және сол қылмыстардың субъектілері. Белгілі бір қылмыстық мақсатқа жету үшін бір–бірімен қарым–қатынасқа түсетін тұлғалардың ұйымдасқан қылмыстылықтың болуы мүмкін емес.

Ал, енді, Кеңес Одағы ғалымдарының ұйымдасқан қылмыстылыққа қатысты зерттеулеріне тоқталайық. А.И.Долгова ұйымдасқан қылмыстылықты былайша анықтайды: “... ұйымдасқан қылмыстылық – қылмыстық әрекеттердің жиынтығы емес, ол қылмыстық әлем “қызметкерлерінің” күрделі жүйелік – құрылымдық жынтығы”. Басқаша айтсақ, Долгова А.И., ұйымдасқан қылмыстылықты құқыққа қайшы әрекеттер жасайтын құрылымдарының бір түрі ретінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызмет етуімен байланыстырады. Оның пікірінше, ұйымдасқан қылмыстыққа алдын – ала келіспей қылмыс жасайтын немесе бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін құрылған “тұрақсыз” топтар жатқызылмауы тиіс. А.И.Долгованың айтуынша, ұйымдасқан қылмыстық топтар төмендегі белгілерге ие болуы тиіс:

1. Қасақана, алдын ала жоспарланатын қылмыстық әрекеттердің болуы;
2. Тұрақты сипаттағы қылмыстық қызмет жөнінде алдын ала сөз байласу;

3. Қылмыстық топ мүшелерінің қарым – қатынасының жақындауы, олардың әр қайсысының қылмыстық топтағы орнының болуы, қарым – қатынастарында иерархиялық жүйенің орын алуы;

4. Қылмыстық жауаптылықтан құтылуға бағытталған арнайы шаралардың болуы.

Ұйымдасқан қылмыстылықты осылайша сипаттай келе А.И.Долгова оның үш деңгейін көрсетеді: ұйымдасқан қылмыстық топ, қылмыстық бірлестік, қылмыстық топ басшыларының қауымдастығы.

Г.Ф.Хохряков “ұйымдасқан қылмыстылықтың” анықтамасын төмендегідей береді: “Жалпы, ұйымдасқан қылмыстылық ретінде жалпы және пайда күнемдік – шаруашылық қылмыстылықтармен сапалы жаңа негізде біріктіретін құбылысты тануға болады және мұндағы қылмыстарды қылмыскерлердің топтары жасайды” [6, 397б.].

Жоғарыдағы анықтаманы ұсына келе Г.Ф.Хохряков ұйымдасқан қылмыстылықты объективті әлеуметтік құбылыс ретінде таниды және оның келесі ерекше белгілерін көрсетеді:

1. Оның ұйымдастырушылық – басқарушылық құрылымдардың болуы, топтың қатаң иерархиялық бөлінуі, топ мүшелерінің жүріс – тұрысын, жауапкершілігіен анықтайтын ережелердің болуы;

2. Қылмыстық қызметтің тұрақты, жоспарлы және жасырын сипатта болуы;

3. Әлеуметтік бақылаудың күшін әлсіретуге бағытталған шаралардың болуы;

4. Қылмыстық қызметтің әр түрлі салаларын қаржыландыруға бағытталған елеулі қаржы қорының болуы;

5. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың экономика салаларына енуі, “қара нарыққа” тауарлар мен қызметтер ұсыну, есірткі дайындау және оны сатуды ұйымдастыру, жезөкшелікті өршіту және т.б. заңсыз қызметтермен айналысу арқылы қылмыстық қызмет аумағын кеңейту;

6. Ұйымдасқан қылмыстық топ басшыларының қоғамға қарсы идеологияны ұстанып, таратуы.

Басқа ғалымдардан өзгеше анықтаманы А.Н. Ағыбаев береді: “Ұйымдасқан қылмыстылық – бұл заңсыз табыс алу мақсатында пайда болатын әлеуметтік байланыстар мен қарым – қатынастардың жүйесі.” [7, 51 б.].

Ол ұйымдасқан қылмыстылықтың келесі құрылымдық элементтерін бөліп көрсетеді:

1. Заңсыз экономикалық қызмет;

2. Ерекше нормативтік жүйе;

3. Ерекше басқару жүйесі;

4. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі.

Біздің пікірімізше, бұл анықтаманың кемшілігі – жалпы қылмыстық әрекеттердің ескерілмеуі.

Ұйымдасқан қылмыс – жоспарланған, алдын ала ойластырылған, әдейі қасақана жасалатын қылмыс. Мұндай қылмысты жеке адамда, топта жасауы мүмкін. Шешім қабылдау кезеңінде қылмыс жасаудың жоспары ойластырылады. Егер қылмысты бір неше адам жасайтын болса, алдын ала олардың рөлдері бөлінеді: сыбайластардың біреуі қылмыс объектісін іздестіреді, екіншісі – қылмыс құралын, қажетті керек – жарақтарын табады, үшіншісі – қылмыс орнынан тез кетіп алу және ұрлаған заттарын

алып кетуге қажетті көлікпен қамтамасыз етеді, төртіншісі – қауіпсіздік жағын ойластырады, бесіншісі – қылмыстық – жолмен табылған мүлікті сатумен, қылмыстан түскен табысы заңдастырумен айналысады.

Ұйымдасқан қылмыстық әрекет – қандай да бір субъектінің өзара байланысты ұйымдасқан қылмыстық іс – әрекеттің жүйесі.

«Қылмыстық іс -қимыл» терминіне қарағанда «қылмыстық іс - әрекет» термині жеке белгілі бір жағдайда жасалған қылмысты ғана емес, адамның алдын ала әлеуметтік ұстанылымдары, қылмыстық пиғылда жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды іздестіруін, өзін – өзі тәрбиелеу процесінде тек қылмыстық қызмет үшін маңызды қасиеттердің дамуын көрсетеді.

Сонымен қатар, респонденттердің көбі қылмыстық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың жалпы функцияларын жүзеге асырушы тұлғалар өзіне қамтамасыз етушілік функцияларын атқарушы тұлғалардың әрекеттерін кіргізбейтін қолданыстағы қылмыстық заңдағы қылмыстық топ ұйымдастырушысы ұғымының шегінен шығады деген пікір білдіреді.

Жоғарыда айтқандарымызды қорытындылай келе қылмыстық құқықта нақты қылмыстарды ұйымдастыру және жетекшілік ету функцияларын жүзеге асырушы ұйымдастырушының мазмұны мен нақты қылмыстарды ұйымдастыру әрекеттерінен қызметтерінің көлемі мен мазмұны кеңірек қылмыстық әрекеттерді ұйымдастырушының мазмұнын ажырату қажет деп санаймыз. Аталған түрлердің әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері) - Астана. 2002.10-бет.
- 2 Ф.Камон Государство и право. М., 2000. №11.-126с.
- 3 Уголовное право Казахстана: Особенная часть: Учебник для вузов/ Под ред. И.И. Рогова. Алматы.2002. -256с.
- 4 Криминология: Учебное пособие / Под ред. Н.Ф.Кузнецовой. М., 1998. - 84с.
- 5 Долгова А.И. Криминология. М., 1999. -56с.
- 6 Хохряков Г.Ф. Криминология: Учебник/ Отв. Ред. Н.В.Кудрявцев. М. 1999. -397с.
- 7 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: оқулық – Алматы: Жеті Жарғы, 1998ж. -51 б.

Резюме

В статье автор подробно рассмотрел, что существует различное толкование понятия "организованная преступность". Организованная преступность связана с международной преступностью. В частности, преступления международного характера предусматривают изучение многими специалистами и правоведами в области международного права.

Summary

In the article, the author discussed in detail that there is a different interpretation of the concept of "organized crime". Organized crime was linked to international crime. In particular, crimes of an international character involve the study by many experts and legal scholars of international relations in the field of international law.

УДК 343.23:343.98

Сейбеков С.Н.
магистрант Евразийской юридической
академии им.Д.А.Кунаева
научный руководитель
к.ю.н, доцент Абдрахманов С.Т.

**ОРГАНИЗАЦИЯ РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ: ПРАВОВЫЕ,
УПРАВЛЕНЧЕСКИЕ И КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ**

В статье обосновывается важность четкой дифференциации правовых, управленческих и криминалистических аспектов организации расследования преступлений.

Ключевые слова:Криминалистика, организация расследования преступлений, аспекты организации расследования преступлений, уровни организации расследования преступлений.

Системный подход к решению многочисленных и разноплановых задач, возникающих при организации выявления, расследования и предупреждения преступлений, обеспечивается за счет совокупного использования различных отраслей научного знания. При этом целостность и полнота познания вопросов организации данного направления деятельности не будет достигнута без рассмотрения именно уголовно-процессуальных, управленческих и криминалистических аспектов.

В данном контексте организация расследования преступлений представляется нам как комплексная, многоаспектная проблема, требующая четкого разграничения предметов исследования вышеуказанных областей знаний.

Однако до настоящего времени отсутствует единый подход к содержанию организации расследования преступлений, объему этого понятия и соотношению его с такими науками, как уголовный процесс, управление и криминалистика.

Ученые рассуждают о наличии в организации расследования преступлений исключительно уголовно-процессуальных аспектов, допуская при этом смешение организационных начал и осуществления процессуального порядка [1, с. 4–9]. Прежде всего это касается вопросов процедуры возбуждения уголовного дела, проблем, связанных с судебным контролем за предварительным следствием и дознанием. Такое

отождествление разных по природе категорий связано с нечетким представлением о криминалистической сущности организационной деятельности по выявлению, расследованию и предупреждению преступлений. Другие ученые настаивают на отнесении организации расследования преступлений к управленческим наукам [2, с. 83]. При этом все исследователи в своих суждениях не учитывают существование криминалистических аспектов организации расследования преступлений.

В контексте изучения правовых аспектов организации расследования преступлений неизбежно возникает вопрос о том, относятся ли к организационным приемам те, которые предусмотрены в УПК. На наш взгляд, они не теряют характер организационных и приобретают еще одно существенное качество – обязательность выполнения.

Организация расследования преступлений зависит от правовых, в частности, от уголовно-процессуальных условий, в рамках которых осуществляется данная деятельность. Организационные положения должны обеспечиваться уголовно-процессуальными нормами, которые, к сожалению, не создают оптимальных условий для организации расследования преступлений.

Действующий УПК РК весьма ограниченно отражает организационные аспекты деятельности следователя. Этим объясняется то, что абсолютное большинство организационных аспектов деятельности регулируются посредством ведомственных нормативных актов.

Правовые аспекты организации расследования преступлений определяют приоритет правовой нормы по отношению к рекомендациям, содержащимся в подзаконных актах. Рекомендации не могут противоречить уголовно-процессуальному законодательству, так как это будет означать подрыв основного принципа уголовного процесса – соблюдения законности.

В тоже время далеко не все положения уголовно-процессуального законодательства, предусматривающие определенный порядок деятельности, являются организационными. Поэтому организационные основы расследования преступлений как систему научных положений нельзя отождествлять с порядком уголовного судопроизводства, установленным УПК РК, но одновременно их нельзя исключать из перечня положений, касающихся организационной деятельности.

Прежде всего должен быть решен основной вопрос: содержит ли УПК РК положения, отражающие организацию деятельности по выявлению, расследованию и предупреждению преступлений. Отличие рекомендаций, содержащихся в организации расследования преступлений как криминалистическом учении, от разъяснений процессуального порядка состоит прежде всего в том, что первые представляют системно-научные положения, носят необязательный характер, а вторые обязательны и имеют правовой характер. Субординация этих категорий такова, что правовую первооснову представляет уголовно-процессуальная норма, регламентирующая данный порядок. Научные же рекомендации второстепенны, имеют вспомогательный, обеспечительный характер.

В связи с этим правовой порядок не может рассматриваться в качестве организационных основ расследования преступлений. Он представляет лишь основание

этой деятельности, организационные аспекты которой разрабатываются криминалистическим учением об организации расследования преступлений.

Помимо смешения организационных начал и осуществления правового порядка на сегодняшний день не решена проблема разграничения организационно-криминалистических и организационно-управленческих аспектов расследования преступлений. Для разграничения предметов управленческой и криминалистической области научных знаний, в части исследования организации расследования преступлений, выделяют ее уровни, характеризующие, в частности, различные виды организационной деятельности.

Разделение на уровни должно обладать иерархической структурой; отражать межуровневые связи; подчеркивать различие в структурных элементах процесса организации выявления, расследования и предупреждения преступлений, а также – в содержании этого процесса. Уровень предопределяет сходство организации расследования преступлений однопорядкового плана и различие разнопорядковых. Различие состоит как в самих структурных элементах организации, так и в их содержании [4, с. 36].

О необходимости познания уровней организации расследования преступлений рассуждают многие исследователи. Некоторые авторы единогласно выделяют уровни организации расследования преступлений, схожие по количеству и по сути [8, с. 4; 10, с. 115–116; 7, с. 30–31]. Условно позиции ученых относительно деления организации расследования преступлений (далее – ОРП) на два уровня можно обозначить как общий уровень ОРП, характеризующий общую организационную деятельность по выявлению, расследованию и предупреждению преступлений, и конкретный уровень ОРП, обеспечивающий систему организационных мер в рамках конкретного уголовного дела. Однако такое деление не отражает организационнокриминалистической и организационно-управленческой специфики. Предлагаются также и иные подходы к дифференциации уровней организации расследования преступлений, которые, на наш взгляд, также не позволяют четко разграничить вышеуказанные области научных знаний [7, с. 192–196; 8, с. 88].

Наиболее структурированной является позиция Р.С. Белкина, который различал четыре уровня ОРП [9, с. 363–364]. Первый уровень имеет своим объектом расследование как специфическую форму деятельности всех компетентных государственных органов, на которые возложена функция расследования преступлений. На втором уровне организации расследование выступает как основная функция следственного аппарата какого-либо ведомства. Третий уровень – организация конкретного акта расследования. Четвертый уровень – организация проведения отдельного следственного действия в рамках расследования конкретного преступления.

Поддерживая изложенную конструкцию в целом, отметим следующее. Первый и второй уровни отражают организационно-управленческие аспекты расследования преступлений и непосредственно управление как специфическую целенаправленную деятельность, организующую и координирующую совместные усилия участников данного процесса, и поэтому являются предметом исследования управленческих наук. Что касается третьего и четвертого уровней, то организация конкретного акта расследования, проведения отдельного следственного действия, осуществляемых как

одним следователем (дознавателем), так и следственной группой (группой дознавателей), а также – криминалистической комбинации в рамках отдельного следственного действия или их совокупности, криминалистической операции в рамках расследования конкретного преступления и др. должны рассматриваться в качестве элементов предмета исследования криминалистики.

В.Д. Зеленский справедливо отмечает, что «основным, базовым уровнем организации является организация отдельного расследования. Именно посредством отдельного расследования решаются задачи уголовного судопроизводства. Ввиду социальной значимости этот уровень расследования регламентируется уголовно-процессуальным законом. Этот уровень является подсистемой системы правосудия и всего уголовного судопроизводства в целом.

Содержание, закономерности и принципы организации отдельного расследования должны учитываться в организации иных уровней, определяя содержание этих уровней.

Вторым уровнем является организация следственных действий. Этот вид организации находится внутри расследования, но отличается характером структурных элементов. ... Организация первого и второго уровней, по существу, и является в основном организацией расследования. Их изучением занимается криминалистика. ... Третий уровень – организация расследования в органе и административном районе. ... Четвертый уровень организации – организация расследования в масштабе страны» [10, с. 53–55].

Вопрос об аспектах и уровнях организации расследования преступлений был также исследован С.В. Валовым, который обратил внимание на то, что за пределами классификации уровней организации расследования преступлений, предложенной Р.С. Белкиным, остались и другие весьма значимые уровни [11, с. 77–78]. На наш взгляд, выделяемое С.В. Валовым видовое разнообразие деятельности органов предварительного следствия и органов дознания в свою очередь можно сконцентрировать и обосновать в рамках уровней, образующих иерархический ряд криминалистического и управленческого аспектов организации расследования преступлений.

Подтверждая вышеизложенное, следует привести точку зрения А.В. Шмонина, который отмечает, что «сфера интересов криминалистики включает уровни от организации тактического приема до организации расследования определенной общности преступлений, а сфера интересов управления органами расследования преступлений – от организации деятельности органа предварительного расследования до организации деятельности органов предварительного расследования на федеральном уровне» [12, с. 42–43].

Интерпретируя различные точки зрения ученых относительно аспектов и уровней организации расследования преступлений, можно предложить следующую теоретическую модель, позволяющую, на наш взгляд, внести ясность в данный дискуссионный вопрос. Проблема соотношения организационно-правовых, организационно-управленческих и организационно-криминалистических аспектов должна быть разрешена путем выявления и познания закономерностей, носящих организационный характер в рамках предметов уголовного процесса, управленческих

наук, криминалистики. С этой целью необходимо выделять правовой, управленческий и криминалистический аспекты ОРП, имеющие иерархическую «архитектуру» и четкое межуровневое деление. Правовой аспект обеспечивается путем познания закономерностей, характеризующих общественные отношения в рамках нормотворческой и правоприменительной деятельности уполномоченных на то субъектов расследования преступлений. Он – первооснова и представляет правовой порядок, регламентирующий организационную деятельность. Причем данная регламентация не зависит от рассмотрения управленческих либо криминалистических аспектов ОРП.

Правовой аспект имеет следующие уровни: федеральный, ведомственный и межведомственный, региональный, местный.

Управленческий аспект связан с познанием закономерностей, характеризующих деятельность руководителей органов расследования преступлений по упорядочению непосредственно процесса выявления, расследования и предупреждения преступлений, а также деятельности, сопутствующей указанному процессу, и ее упорядочению.

Управленческий аспект организации расследования преступлений обладает рядом специфических особенностей. Эти особенности определяются сущностью и характером как управленческой деятельности, так и управляемой деятельности.

Управленческий аспект обеспечивается, во-первых, на уровне организации расследования преступлений, где объектом является расследование как специфическая форма деятельности всех компетентных государственных органов, на которые возложена функция расследования преступлений; во-вторых, на уровне организации расследования преступлений, где объектом является расследование как специфическая форма деятельности межгосударственных органов, на которые возложена функция расследования преступлений; в-третьих, на уровне организации расследования преступлений, где расследование выступает как основная функция следственного аппарата какого-либо одного ведомства; в-четвертых, на уровне организации деятельности органов расследования преступлений по территориальному (участковому и зональному), отраслевому (линейному) и функциональному принципам; в-пятых, на уровне организации расследования сотрудниками нескольких, находящихся в одном административно-территориальном образовании, но ведомственно разобщенных органов расследования преступлений и др.

Криминалистический аспект непосредственно связан с познанием закономерностей, характеризующих персональную деятельность следователя (дознателя), направленную на упорядочение индивидуальной деятельности, а также закономерностей по совершенствованию организации выявления, расследования и предупреждения преступлений.

Сконструированная теоретическая модель позволяет разрешить проблему разграничения предметов исследования вышеуказанных областей знаний. Правовой, управленческий и криминалистический аспекты организации расследования преступлений имеют достаточно многообразную иерархическую «архитектуру» и четкое межуровневое деление, от правильного построения которых зависит не только определение сфер познания той или иной области научных знаний, но и эффективность

разрабатываемых ими положений и рекомендаций, направленных на оптимизацию выявления, расследования и предупреждения преступлений.

Резюмируя изложенное, подчеркнем, что правовой, управленческий и криминалистический аспекты организации расследования преступлений и их уровни находятся во взаимосвязи, взаимообуславливаются друг другом. Однако при этом важна четкая дифференциация организационно-правовых, организационно-управленческих и организационно-криминалистических аспектов. Это необходимо с целью разграничения предметов исследования, познания различий как в самих структурных элементах организации, так и в их содержании, а также – обеспечения глубокого, всестороннего уяснения сущности организации расследования преступлений.

Список литературы:

- 1 Канафин Д. Новый УПК и проблемы организации раскрытия и расследования преступлений // Вестник. Алматы., 20. Вып. 3 (7).
- 2 Колесников И.И. К вопросу об организации расследования преступлений // Современные тенденции управления расследованием преступлений: сб. науч. трудов. М., 2007. Ч. 2.
- 3 Зеленский В.Д. Организационные функции субъектов расследования преступлений. Краснодар, 2005.
- 4 Лекарь А.Г., Безруких Р.К. Организационно-тактические основы раскрытия преступлений. М., 1977.
- 5 Селиванов Н.А. Советская криминалистика: система понятий. М., 1982.
- 6 Криминалистика (актуальные проблемы): учеб.пособ. / под ред. Е.И. Зуева. М., 1988.
- 7 Скорченко П.Т. К вопросу о понятии и содержании организации расследования преступлений // Криминалистические чтения, посвященные 100-летию со дня рождения Б.И. Шевченко. М., 2004.
- 8 Модогоев А.А. Соотношение организации расследования преступлений, криминалистической тактики и криминалистической методики // Значение трудов профессора И.Ф. Крылова в становлении и развитии криминалистики (к 100-летию со дня рождения): сб. науч. трудов. В 2-х ч. М., 2006. Ч. 1.
- 9 Белкин Р.С. Курс советской криминалистики // Частные криминалистические теории. В 3-х т. М., 1978. Т. 2.
- 10 Зеленский В.Д. Теоретические вопросы организации расследования преступлений. Краснодар, 2011.
- 11 Валов С.В. Организация предварительного расследования преступлений: дискуссия о предметах наук // Организация деятельности органов предварительного следствия и дознания в системе МВД России: управленческие и криминалистические проблемы: сб. матер. всерос. науч.-практ. конф. В 2-х ч. М., 2012. Ч. 1.
- 12 Шмонин А.В. Организация расследования преступлений: криминалистические и управленческие аспекты // Организация деятельности органов предварительного следствия и дознания в системе МВД России: управленческие и

криминалистические проблемы: сб. матер. всерос. науч.-практ. конф. В 2-х ч. М., 2012. Ч. I.

Түйіндеме

Мақалада қылмыстарды тергеуді ұйымдастырудың құқықтық, басқарушылық және криминалистикалық аспектілердің нақты дифференциация маңыздылығы негізделеді.

Summary

The article considers the importance of a clear differentiation of the legal, administrative and criminalistic aspects of the organization of crime investigation process.

УДК 341.45

Серик А.С.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты

ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Мақалада автор шет мемлекеттердің заңнамасы бойынша ұйымдасқан қылмыстың анықтамасын беруге тырысқан.

Кілт сөздер: ұйымдасқан қылмыстылық, шет мемлекеттер, қылмыстар.

АҚШ-тың ұйымдасқан қылмысқа бақылау туралы заңында енгізілген бірқатар терминдер негізінде «тыйым салынған іс-әрекет» ұғымы тұжырымдалады, ол АҚШ үшін аса қауіпті деп танылатын ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекеттің негізгі нысандарын сипаттайды. Заң «тыйым салынған қызметке» қарсы бағытталған.

Швейцарияда заңсыз қаражаттың көмегімен толық немесе ішінара кіріс, басқа да ақша баламаларын немесе өзіне немесе басқа да экономикалық пайда алу үшін ұзақ немесе белгісіз уақытқа бірікті, қылмыстық қудалаудан өзінің құқыққа қарсы қызметін жасырған және өз мақсаттарына қол жеткізу үшін ұйымым немесе қылмыстық топ болып саналады:

а) қорқыту және / немесе қорқыту арқылы болатын зорлық-зомбылық актілерін немесе басқа да қылмыстық әрекеттерді жасайды немесе жасауды жоспарлайды;

б) саясатқа, экономикаға, атап айтқанда саяси органдарға немесе ұйымдарға, қоғамдық әкімшілік органдарға, юстицияға, фирмаларға, кәсіпкерлер одақтарына, кәсіподақтарға немесе жұмысшылар мен қызметшілердің басқа да одақтарына әсер етеді;

в) бір немесе бірнеше ұқсас бірлестіктерге формальды немесе формальды емес түрде жанасады [1, 26].

Осы сәйкестендіруші критерийлерді мынадай түрде топтастыруға болады: қылмыстық іс-әрекеттің ұзақтығы; мақсаты; мақсатқа қол жеткізу құралдары (қорқыту арқылы болатын зорлық-зомбылық актілерін немесе басқа да қылмыстық іс-әрекеттерді жасау; саясатқа, экономикаға, саяси органдарға немесе ұйымдарға, қоғамдық әкімшілік органдарға, әділетке, фирмаларға, кәсіпкерлер одақтарына, кәсіподақтарға немесе жұмысшылар мен қызметшілердің басқа да одақтарына ықпал ету); құрылымдық сапаға.

Әділет министрлігі ФРГ полициясымен бірлесіп, заңды бекітілмеген, бірақ ұйымдасқан қылмысты сәйкестендіру туралы мәселені шешу кезінде барлық полиция органдарына басшылық ету үшін қабылданған жалпы және ұйымдасқан қылмысты саралауға мүмкіндік беретін ұйымдасқан қылмыстың анықтамасын әзірледі.

